KazTransOil

ТЕҢГЕРІМДІ

САҚТАЙ ОТЫРЫП

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2020

МАЗМҰНЫ

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қысқаша бейін және қызмет бағыттары

Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы

Бизнестің құрылымы

Бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру

Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу

Сегмент қызметінің нәтижелері

Инвестициялық қызмет

Процестерді цифрландыру және автоматтандыру

Инновациялық-технологиялық даму

Корпоративтік қауіпсіздік

Ақпараттық қауіпсіздік

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Персоналды басқару

Сыртқы коммуникациялар

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия үнемдеу

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидалары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма және оның қызметі

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығыстарын басқару

Омбудсмен институты

Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

Қосымшалар

1-қосымша. GRI көрсеткіштері кестесі

2-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары

3-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелердің тізбесі

4-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп

5-қосымша. Аудитордың шоғырландырылған қаржы есептілігі

6-қосымша. Қысқартулар тізімі

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ДАНИЯР БЕРЛІБАЕВ

«ҚазТрансОйл» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

Құрметті акционерлер, серіктестер мен әріптестер!

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасындағы ең ірі мұнай құбыры компаниясы бола отырып, ішкі нарыққа және экспортқа мұнай тасымалдау саласында мемлекет мүддесін қорғайды.

2020 жыл мұнай мен газ саласын қоса алғанда бүкіл әлемдік экономиканы сынақтан өткізді. Алғаш рет бүкіл әлем COVID-19 коронавирустық инфекцияның бұрын-соңды болмаған әсеріне тап болды. Пандемиямен күресу үшін әлемнің барлық елдері карантиндік және басқа да шектеу шараларын енгізді. Бұл шаралар мұнай-газ саласына кері әсерін тигізді – мұнай бағасы айтарлықтай төмендеді, ұлттық валюта бағамы әлсіреді, әлемде мұнай өнімдерін тұтыну төмендеді, мұнай өндірісі азайды (оның ішінде ОПЕК + шеңберінде), сәйкесінше мұнай тасымалдау көлемі де төмендеді. Осылайша, дағдарыстың басталуы экономиканың барлық салаларына әсер етті және қалыптасқан жаңа жағдай аясында ұзақ мерзімді жоспарларды қайта қарастыруды талап етті.

Қазіргі таңда «ҚазТрансОйл» АҚ мемлекетіміздегі өндірілетін барлық мұнайдың шамамен 38% -ын тасымалдауды және отандық мұнай өңдеу зауыттарына 90% -дан астамын жеткізуді қамтамасыз етіп отыр.

Компанияның 2020 жылғы кірісі 235,2 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2% -ға аз. Есептік кезеңдегі жалпы пайда 24% -ға өсіп, шамамен 56 млрд теңгені құрады. Есепті кезеңдегі дивидендтер төлемінің мөлшері 2019 жылдың қорытындысы бойынша 45,4 миллиард теңге немесе бір жай акцияға шаққанда 118 теңгені құрады.

Жаһандық өзгерістерге қарамастан, «ҚазТрансОйл» АҚ өзінің табысқа жету саясатында алдына қойған мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізе отырып, тепе-теңдік пен дәйектілікті ұстанады.

2020 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2028 жылға дейінгі даму Стратегиясы бекітілді. Стратегия – Компанияның нарықтық құнын (капитализациясын) арттыруға және магистральдық мұнай құбыры арқылы мұнай тасымалдау саласындағы мемлекеттің стратегиялық мүдделерін сақтауға бағытталған. Даму стратегиясы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұсыныстарына сәйкес және жақын болашаққа арналған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді қайта қарау мен түзетулер енгізе отырып дамытылды.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның негізгі стратегиялық мақсаты – өсу принципінен Компанияның тұрақтылығын қамтамасыз ету принципіне ағымдағы даму деңгейін ұстап тұру арқылы, өндірістік және қаржылық көрсеткіштерді сақтап тұру арқылы, үздіксіз және қиындықсыз мұнай тасымалдауды қамтамасыз ету арқылы біртіндеп көшу.

Есепті жылы Компанияның негізгі басымдықтарының бірі – корпоративтік басқару жүйесін дамытуға, атап айтқанда, Қоғамның басқару органдарының тиімділігін арттыруға көп көңіл бөлінді. 2020–2021 жылдарға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес Компанияның ішкі құжаттары жаңартылды, Кадрлық резервті құру мақсатында А санаты бойынша басқару лауазымдарына қажеттілік бекітілді (басқарушы қызметкерлер мен оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің бірінші басшылары), орнықты даму саласында дәйекті жұмыс атқарылды.

Орнықты даму «ҚазТрансОйл» АҚ атқарып отырған қызметінде басымдық танытады. Оның басты мақсаты – қоршаған ортаны сақтай және қорғай отырып бизнесті дамыту, қолайлы еңбек жағдайларын құру, өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ Компания жұмыс атқаратын жергілікті қоғамдастықтардың дамуына өз үлесін қосу болып табылады. 2020 жылы орнықты даму жүйесінің жұмысы туралы Есептің презентациясын дайындау тәжірибесі енгізілді.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның орнықты дамудағы саясаты қоршаған ортаны қорғаудың барлық аспектілерін сақтап қалуға, атмосфераға ластаушы заттар шығарындылары көлемін азайтуға және өзінің көміртегі ізін бақылап тұруға бағытталған. Компания өз тарапынан шығарындыларының көлемін төмендету бойынша жұмыстарды үнемі атқарып отырады. Сонымен қатар, қоршаған ортаға әсерін азайту мақсатында өндірістік тиімділікті арттыру бойынша жұмыс жүргізіледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасының 11 өңірінде жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп тұрған ірі жұмыс беруші. 2020 жылы жұмысшылар саны 6 720 адамды құрады. Компания адами ресурстарды нығайту және дамыту, қызметкерлерінің кәсібилігі мен тиімділігін арттыру, ұжым мен аймақтағы әлеуметтік қауіпсіздік пен тұрақтылық үшін жағдай жасау міндеттерін алдына басымдылық етіп қояды.

Мен барлық қызметкерлерге, акционерлерге, серіктестерге, сондай-ақ менің тікелей әріптестеріме – «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне – ұсыныстары мен кәсіби ұсынымдары Компанияның тұрақтылығын арттыруға және стратегиялық мақсаттарды іске асыруға сенімді қадам жасауға қосқан үлесі үшін шын жүректен алғысымды білдіргім келеді.

Данияр Берлібаев

«ҚазТрансОйл» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ (БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ) ҮНДЕУІ

ДИМАШ ДОСАНОВ,

«ҚазТрансОйл» АҚ
Басқарма төрағасы

Құрметті оқырмандар!

Жыл сайынғы есеп беру арқасында Сіздерді Компания есепті кезең ішіндегі қызметінің нәтижесімен таныстыруға, қаржы және өндіріс саласындағы маңызды оқиғалармен, сондай-ақ Компанияның даму келешегімен бөлісуге мүмкіндік туады.

«ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылы әлемдік экономиканың даму қарқынның бәсеңдегеніне қарамастан, оң қаржылық нәтижеге қол жеткізді. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның шоғырланған таза пайдасы, 2019 жылмен салыстырғанда 24%-ға өсіп, 56 млрд теңгеге жетті. Оның ұлғайған себебі 2019 жылғы қайта бағалау қорытындысы бойынша «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ-ның активтерінің құнсыздану шығындарының азаюына байланысты. Қаржы көрсеткіштерінің жағымды динамикасы да мұнайды экспорттау мақсатында қайта айдау тарифінің 15%-ға артуының нәтижесі болып, бағам айырмашылығының кіріс өсімін құрады.

Пандемия жағдайында Компания мұнайды ішкі нарыққа да, экспортқа да сенімді тасымалдады. Оған қоса, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның мұнай құбырының магистраль жүйесі арқылы 42 млн 298 мың тонна мұнай тасымалданды, бұл 2019 жылға қарағанда 5%-ға төмен. Бұл ОПЕК+ келісімі аясында Қазақстан Республикасындағы мұнай шығару көлемінің төмендеуіне байланысты.

Компанияның күшті операциялық және қаржылық көрсеткіштерін 2020 жылы Fitch Ratings халықаралық рейтингілік агенттігі атап өтті, ол «тұрақты» болжамы бар «BBB-» деңгейіндегі шетел валютасының ұзақ мерзімді рейтингін растады.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның мұнай тасымалдау қызметінің сапасы да жоғары бағаланды. Компания қызметінің тұтынушылары 100% қамтылып жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсеткендей қанағаттану коэффициенті 100%-ды құраған.

Компания инвестицияны мұнай құбырлары жүйесінің сенімділігін арттыруға салады. 2020 жылы капитал салымының көлемі 14% өсіп, 46,9 млрд теңгені құрады. 2021–2025 жылдарға арналған жалпы сомасы 214,2 млрд теңге инвестициялық бағдарлама аясында Компания өндірістік нысандарды да әрі қарай техникалық қайта жарақтауды қамтамасыз етеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасының көрімсутекті тасымалдау бойынша көп векторлы жүйесін жасау саясатын іске асырады. «Қазақстан – Қытай» магистральді мұнай өнімдері жүйесін салуға басымдық берілген. 2020 жылы осы ірі инвестициялық жобаның аясында «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбыржолы реверсінің бірінші іске қосу кешені аяқталып, нәтижесінде мұнай құбыржолының кері бағытта өткізу қабілеті екі есе артты. Екінші іске қосу кешені аясында «Аман» МӨС-тің механикасы аяқталды. Жобаны 2021 жылы аяқтау арқасында мұнайды кері бағытта 6 млн тоннаға дейін қайта айдау қамтамасыз етіледі.

Компанияның тұрақты дамуы – оның стратегиялық артықшылығы. «ҚазТрансОйл» АҚ экологиялық қатерді басқару мәселесі жөнінде көш бастап тұр. Компания «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобының ішінде алғашқылардың бірі болып, ISO 45001:2018 талаптарына қатысты денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесінің сәйкестік сертификатын иеленді.

2020 жылы Компания ресми түрде Қауіпсіздік жылы деп жариялады. Бұл жыл аяқталса да, «ҚазТрансОйл» АҚ ұжымының жұмыла атқаратын жұмысы қауіпсіз болашақ құруға бағытталады. Мақсатымыз – Компанияның әр жұмысшысы лауазымына қарамастан, HSE саласында көшбасшы болуы керек. Ол үшін барлық жағдай жасалуда: жаңа корпоративтік стандарттар мен технологиялар енгізілуде. Әр жұмысшының денсаулығы мен өмірі баға жетпес байлық.

Әлеуметтік жауапкершілікті сезіне отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ «Біргеміз» қайырымдылық жобасының аясында Қазақстан Республикасының медициналық мекемелеріне Еуропада өндірілген жалпы сомасы 1 млрд теңгені құрайтын 68 ӨЖЖ (өкпені жасанды желдету) аппараттарын алып берді. Компания жұмысшыларының жеке қаражатына Нұр-Сұлтан қаласындағы мамандандырылған балалар үйіне дәрілік заттар мен ойыншықтар сатып алынды, жағдайы төмен отбасыларға көмек көрсетілді.

2021 жылы Компания 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясында көрсетілген өр мақсаттарды және ауқымды бастамаларды іске асыруды көздейтін болады. Құжатты «ҚазТрансОйл» АҚ Директорларының кеңесі 2020 жылы бекіткен, себебі 2025 жылға дейінгі Даму стратегиясының ірі жобаларының жартысынан астамы іске асырылып қойған. Бұл кезде жаңа даму кезеңінің барлық жобасы мұнай тасымалдау сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталатын болады.

Компания есептік жылда дағдарыс жағдайында жұмыс істеу бойынша құнды тәжірибе жинақтады. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшелеріне, акционерлеріне, серіктестеріне, мердігерлеріне, клиенттеріне, Қазақстан Республикасының жергілікті және орталық билік органдары өкілдеріне көрсеткен жемісті ынтымақтастығы үшін алғыс білдіремін. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның барлық жұмысшыларына Компания мүддесіне қатысты атқарған кәсіпқой әрі тәртіпті жұмыстары үшін үлкен рақмет айтқым келеді.

Димаш Досанов,

«ҚазТрансОйл» АҚ
Бас директоры
(Басқарма төрағасы)

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

ЕСЕП ТУРАЛЫ

ЕСЕПТІ ДАЙЫНДАУ ТӘСІЛІ

«ҚазТрансОйл» АҚ өз қызметінде ашықтық қағидатын қатаң сақтайды және көптеген мүдделі тараптар үшін ақпаратты тиімді және толық ашуды қамтамасыз етуге тырысады.

Бұл «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің қаржылық және операциялық нәтижелерін, корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйесін, даму стратегиясын және орнықты даму саласындағы жұмыстың нәтижелерін анық ашатын сегізінші жылдық есеп. Алдыңғы есеп 2020 жылдың мамырында жарияланған болатын.

Компанияда жыл сайынғы есептілік циклі қабылданды. Есеп Компания қызметінің 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғандағы нәтижелерін көрсетеді, сондай-ақ Компанияның 2021 жылға арналған жоспарларының сипаттамасын қамтиды.

Есеп орнықты даму саласындағы есептілік бойынша GRI стандарттарының (GRI стандарттары) «Негізгі» (Core) сәйкестік талаптарының нұсқасына сәйкес дайындалды.

Бұл есепте өткен жылмен салыстырғанда ақпарат беру форматында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Сонымен бірге, Компания есепті дәйекті түрде әзірлеу бойынша жұмысты жалғастыруда. Биылғы жылы GRI стандарттарын жақсырақ сақтау үшін бірқатар қосымша индикаторлар ашылды, атап айтқанда, қызметкерлер саны (жалданған қызметкерлердің санын қоса алғанда) аймақтар бойынша, қызметкерлерді оқыту туралы егжей-тегжейлі мәліметтер және қалдықтарды басқару әдістері туралы мәліметтер.

Компанияның қаржылық есебіне сыртқы аудиторлық рәсімді «Эрнст энд Янг» ЖШС жүргізді. 2020 жылдың аяғында орнықты даму саласындағы қаржылық емес ақпараттың сыртқы растауы жүзеге асырылған жоқ.

ЕСЕПТІҢ МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУ ПРОЦЕСІ

Есептің мазмұны GRI стандарттарына сәйкес ұсынылған принциптарға байланысты анықталды:

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу – осы өзара әрекеттесу нәтижелері есептегі ашылатын маңызды тақырыптарды таңдау үшін пайдаланылды.

Орнықты даму мәнмәтіні – есептегі берілген ақпарат экономикалық, әлеуметтік және экологиялық бағыт шеңберіндегі неғұрлым кең мәнмәтін ескеріле және Компанияның қоғамға әсерін талдай отыра ашылады. Бұл принцип маңызды тақырыптарды таңдауға, сондай-ақ оларды есепте толық ашуға да әсер етті.

Маңыздылық – Компания қажетсіз ақпараттардан аулақ болып, маңызды деректердің қол жетімділігін қамтамасыз ете отырып, мүдделі тараптар үшін ең маңызды деп танылған ақпаратты ғана ашады. Бұл принцип тақырыптарды таңдауда да, оларды ашуға арналған индикаторларды таңдауда да қолданылды.

Толықтылық – маңызды тақырыптар бойынша ақпарат Компанияға қатысты жағымды және жағымсыз мәліметтерді қамти отырып толық көлемде ашылады. Тақырыптардың шектеулері ақпараттың маңызды болып табылатын Компания қызметінің аспектілерін қамтиды. Бұл қағида орнықты даму туралы ақпаратты ашып көрсетуде қолданылды.

Есепті дайындау процесінде сондай-ақ, Халықаралық интеграцияланған есептілік кеңесі (IIRS) әзірлеген Халықаралық интеграцияланған есептілік стандартының қағидаттары, Қазақстан қор биржасының (KASE) талаптары, Компанияның корпоративтік басқару кодексінің және өзге де ішкі құжаттарының талаптары сақталды. Ақпарат корпоративті басқару кодексінің ережелеріне және Компанияның басқа ішкі құжаттарына сәйкес, сондай-ақ қазақстандық заңнаманың нормаларына сәйкес ашылады.

Есепте Компанияның Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Жаһандық шартының қағидаттарына сүйенуі және Компанияның БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі туралы ақпарат жеке ашылған. Бұл ақпаратты жариялау кезінде Компания ақпараттың Қазақстандағы және шетелдегі басқа ұйымдармен салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін ең жақсы халықаралық тәжірибені басшылыққа алды.

Компанияның қаржы-шаруашылық қызметі саласындағы нәтижелерінің сипаттамасы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ХҚЕС) «Менеджмент түсініктемесі» практикалық нұсқамасының ұсынымдарына сәйкес дайындалды.

ЕЛЕУЛІЛІК ҚАҒИДАТЫН ҰСТАНУ

Есепте жарияланатын орнықты даму саласындағы елеулі тақырыптарды таңдау үшін Компания GRI стандарттарымен ұсынылған тақырыптардың тізімін, сондай-ақ мүдделі тараптар үшін маңызды болуы мүмкін және Компания дербес анықтаған қосымша тақырыптар таңдап алынды.

Компанияның қызметін ішкі талдау және оның қоғамға әсерін бағалау, сондай-ақ шетелдік тәжірибе мен бенчмарктерді талдау барысында елеулі тақырыптардың алдын-ала тізімі анықталды. Елеулі тақырыптардың қайта қаралған тізімі ішкі сарапшылармен, мүдделі тараптардың ішкі және сыртқы топтармен өзара әрекеттесуі арқылы алынды. Нәтижесінде төменде көрсетілген Елеулілік матрицасы құрастырылды. Осы матрицаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы 20 тақырып ең маңызды деп саналды және берілген жылдық есепте өз көрінісін тапты.

Елеулі тақырыптарды анықтау тәсілі

Сыртқы көздерді талдау	Мүдделі тараптардың пікірлерін талдау	Елеулі тақырыптар тізбесін құру
Компания және мұнай саласы (мұнай тасымалдау) туралы жария ақпаратты талдау	Компанияның функционалдық қызметкерлерімен сұхбат жүргізу	2020 жылғы Есептің елеулі тақырыптарының түзетілген тізбесін талдау және қалыптастыру
Халықаралық және ресейлік компаниялар – мұнай тасымалдағыштар ашатын елеулі тақырыптардың бенчмаркі	2019 жылғы Есеп оқырмандарынан алынған ақпаратты талдау, сауалнама жүргізу	
Елеулі тақырыптардың алдын ала тізбесі	**Елеулі тақырыптардың түзетілген тізбесі**	**Елеулі тақырыптардың келісілген тізбесі**

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Елеулілік матрицасы



Елеулі тақырыптардың толық тізбесі

Санаты	№	Елеулі тақырыптар	Компания ішінде	Компаниядан тыс
Экономикалық	1	**201** Экономикалық нәтижелілік	✓	✓
	2	**202** Еңбек нарығында қатысуы	✓	✓
	3	**204** Сатып алу практикалары	✓	✓
	4	**205** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	✓	✓
Экологиялық	5	**302** Энергия	✓	✓
	6	**303** Су	✓	✓
	7	**304** Биоәртүрлілік	✓	✓
	8	**305** Шығарындылар	✓	✓
	9	**306** Тасталымдар мен қалдықтар	✓	✓
	10	**307** Табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестігі	✓	✓
Әлеуметтік	11	**401** Жұмыспен қамту	✓	✓
	12	**402** Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы	✓	–
	13	**403** Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік	✓	✓
	14	**404** Оқыту және білім беру	✓	✓
	15	**405** Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер	✓	–
	16	**406** Кемсітуге жол бермеу	✓	–
Қосымша елеулі тақырыптар	17	Өндірістік қуаттарды тиімді пайдалану	✓	✓
	18	Өндірістік процестің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайларға дайындық	✓	✓
	19	Корпоративтік басқару	✓	✓
	20	Цифрландыру және автоматтандыру	✓	✓

Есептің Қорытынды тізіміне енген 16 тақырып GRI стандарттарына сәйкес көрсетілген. Есептіліктің стандартты элементтерінің толық тізбесін және Есептегі ақпаратты ашуға арналған сілтемелерді қамтитын кесте Есепке 1-қосымшада ұсынылған.

Сонымен бірге Есепте ашылуды қажет ететін төрт қосымша тақырып таңдалды:

- **Өндірістік қуаттарды тиімді пайдалану** – бұл Компанияның ұзақ мерзімді дамуын және сыртқы ортаға, атап айтқанда қоршаған ортаға әсер ету дәрежесін қамтамасыз ететін фактор. Көрсеткіш есепті кезеңнің осы саладағы жұмысын көрсетеді.
- **Өндірістік процестің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайларға дайындық** – Компания қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, өндірістік апаттар адамдар мен қоршаған ортаға айтарлықтай жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін. Көрсеткіш аясында Компания қандай өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ететіні туралы айтылады.
- **Корпоративті басқару** – менеджмент жүйесі айтарлықтай дәрежеде Компания қызметінің барлық мәселелері бойынша, оның ішінде орнықты даму саласындағы шешімдер қабылдау тиімділігін анықтайды. Көрсеткіш Компаниядағы басқару жүйесін ашады.
- **Цифрландыру және автоматтандыру** – цифрлық процестердің дамуы Компанияның ұзақ мерзімді перспективада мүдделі тараптар үшін құндылық құру мүмкіндігіне айтарлықтай әсер етеді. Көрсеткіш Компанияның осы саладағы жұмысының негізгі бағыттарын айқындайды.

ЕСЕП ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ

Есеп «ҚазТрансОйл» АҚ-ның және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының (ЕББҰ) қызметі туралы ақпаратты қамтиды. Сонымен қатар операциялық және қаржылық көрсеткіштер шоғырландырылған негізінде көрсетілген және ЕББҰ қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін қамтиды. Есептің өзге бөлімдерінде егер өзгеше көрсетілмесе, ақпарат «ҚазТрансОйл» АҚ бойынша ғана ұсынылған.

Есепте елеулі қызмет өңірі болып Қазақстан Республикасы белгіленген.

Есепті жылы Компания үш-төртжылдық серпінде көрсеткіштерді ашу практикасын ұстанды. Қосымша, ақпаратты неғұрлым толық ұсыну үшін Есепте есепті кезеңге дейін немесе кейін болған оқиғалар айтылған.

Есепте, сондай-ақ 2021 жылға арналған болжамды сипаттағы жоспарларға қатысты ақпарат көрсетілген. Оларды іске асыруға Компанияға байланысты емес сыртқы факторлар әсер ететіндіктен, болашақ есепті кезеңдердегі қол жеткізілген нәтижелер Есепте көрсетілген нысаналы бағдарлармен сәйкес келмеуі мүмкін.

КЕРІ БАЙЛАНЫС

Компания болашақ есептілікті дайындау және оның мүдделі тараптарының ақпараттық ашықтық пен айқындылық тұрғысынан қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында оның толтырылғаны үшін риза болады. Есептің негізгі бөлімдерінің соңында кері байланыс сауалнамасы қамтылды.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Компанияның біріктірілген жылдық есептерін Компанияның www.kaztransoil.kz интернет-ресурсында «Акционерлерге және инвесторларға / Ақпаратты ашу / Жылдық есептер» деген бөлімінде табуға болады.

Есеп және оның мазмұны жөніндегі қосымша ақпаратты, сондай-ақ кері байланыс үшін мына байланыстарды пайдаланып, сұратуға болады:

Корпоративтік басқару департаменті
+7 (7172) 555-122,
bimenova@kaztransoil.kz

Инвесторлармен байланыс қызметі
+7 (7172) 555-049
masalin@kaztransoil.kz

Омбудсмен
+7 (7172) 555-041,
doverie@kaztransoil.kz

Қоғаммен байланыс және ішкі коммуникациялар департаменті
+ 7 (7172) 555-135, 555-134

Компанияның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғ., 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай.

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

2020 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН АУЫСТЫРЫП ТИЕУ КӨЛЕМІ (шоғырландырылған түрде), мың тонна**

43 348

–4%*



«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БОЙЫНША ЖЕКЕ МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ, мың тонна

42 298***

–5%



МҰНАЙДЫҢ ЖҮК АЙНАЛЫМЫ (шоғырландырылған түрде)****, млн тонна-км

43 757

–4%



** Осында және одан әрі Есептің мәтінінде сандық көрсеткіштер бойынша келтірілетін өзгеріс есепті кезеңдегі іс жүзіндегі мәннің алдыңғы жылғы іс жүзіндегі мәніне қатынасы ретінде есептеледі.*

*** Көрсеткіш Компания мен «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ көлемдерін ескере отырып, шоғырландырылған түрде есептеледі.*

**** 2020 жылғы көрсеткіштердің 2019 жылғы көрсеткішке қатысты төмендеуі магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне, оның ішінде Ақтөбелік және Құмкөл облыстарынан келетін мұнай жеткізілімдерінің жалпы төмендеуіне, сондай-ақ ОПЕК + келісімі шеңберінде Қазақстан Республикасындағы мұнай өндірісі көлемінің төмендеуіне байланысты.*

***** Көрсеткіш Компанияның ЕББҮ-ға қатысу үлесін ескере отырып, шоғырландырылған түрде есептеледі.*

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

ПАЙДА, млрд теңге

235,2

–2%



EBITDA*, млрд теңге

111,1

–4%



САТУДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ, млрд теңге

163,0

2%



ЕСЕПТІ ЖЫЛҒЫ ҚОРЫТЫНДЫ ПАЙДА, млрд теңге

56,0

24%



** Көрсеткіш «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы еншілес ұйымдарының даму жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және орындалу мониторингі қағидаларына сәйкес есептелген.*

KazTransOil

ОРНЫҚТЫ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

3 — ӨНДІРІСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ

23 396 — ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, тонна

6 720 — ПЕРСОНАЛДЫҢ ТІЗІМДІК САНЫ, адам

163,9 — ПАРНИКТІ ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, мың тонна CO_2 – экв.

81,69 — ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӨЛЕМДЕР, млн теңге

4,47 — МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУДЫҢ ЭНЕРГИЯНЫ ҚАЖЕТСІНУІ, ш.о.т/млн тонна

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАР СХЕМАСЫ

5 371,6 км

МАГИСТРАЛДЫҚ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫ

ДАМУ ТАРИХЫ

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

1997

Мұнай тасымалдау, мұнай және мұнай өнімдерінің экспорты мен импорты мәселелерінде Қазақстан Республикасының мүдделерін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 сәуірдегі № 461 қаулысымен жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын «ҚазТрансОйл» мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы құрылған болатын.

1998

Желтоқсанда Компания магистральдық мұнай құбырлары арқылы мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерді және магистральдық суағызғы жүйесі арқылы су беру жөніндегі қызметтерді қоса алғанда, Табиғи монополиялар салаларына жатқызылған бірқатар көрсетілетін қызметтерге қатысты табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімі республикалық бөліміне енгізілді.

2001

2001 жылы «ҚазТрансОйл» МТҮК («ҚазТрансОйл» ЖАҚ болып қайта аталған) акцияларының мемлекеттік пакеті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 мамырдағы № 591 қаулысына сәйкес құрылған «Мұнай және Газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталына берілді.

«Batumi Terminals Limited» (Кипр) еншілес компаниясын тарату рәсімдері нәтижесінде «ҚазТрансОйл» АҚ нұрызда Petrotrans Limited акциялары пакетінің 100%-ын меншіктенушіге айналды және тамызда Грузия мемлекетіне тиесілі «Батуми мұнай порты» ЖШҚ жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін басқаруға айрықша құқыққа ие «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ-дағы 100% қатысу үлесіне иелік ете бастады.

Желтоқсанда Компанияның 100% қатысу үлесі бар «Магистральдық Суағызғы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі («Магистральдық Суағызғы» ЖШС) тіркелді.

2002

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығымен біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылған «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» және «Мұнай және Газ көлігі» Ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдарының негізінде «ҚазТрансОйл» ЖАҚ-тың жалғыз акционеріне айналған «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы құрылған болатын.

Тамызда «ТОН-2» магистральдық мұнай құбырының қазақстандық учаскесін күрделі жөндеу аяқталды, бұл осы учаскенің өткізу қабілетін жылына 7-ден 11 млн тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік жасады.

2016 жылғы қазанда Компанияның магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне Қашаған кен орнынан мұнай қабылдау басталды.

Желтоқсанда «663 км» МАС (Н. Шманов атындағы МАС) пайдалануға берілді.

2003

Маусымда «Кеңқияқ – Атырау» магистральдық құбыры пайдалануға берілді.

Мамырда «ҚазТрансОйл» ЖАҚ «ҚазТрансОйл» АҚ болып қайта аталды.

Шілдеде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «МұнайТас» СБҚК» АҚ бірлескен кәсіпорнындағы акцияларының 51%-ы мөлшеріндегі өз үлесін Компанияға берді.

Компания және China National Oil and Gas Exploration and Development Corporation теңе-тең негізде «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС-ны («ҚҚК» ЖШС) құрды.

Мамырда «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер қабылданды, оларға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге экспорттау мақсатында табиғи монополиялар саласынан мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтер алып тасталды.

2004

2006

Шілдеде «ҚҚК» ЖШС «Атасу – Алашанькоу» магистральдық құбырын пайдалануға берді.

Сондай-ақ, шілдеде Компания ұзындығы 25 км және жобалық өткізу қуаты жылына 3,5 млн тонна «Солтүстік Бозашы – Қаражанбас» мұнай құбырын пайдалануға берді.

Қаңтардан бастап Компания Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына (ҚХР) жылына 7 млн тоннаға дейінгі көлемдегі ресейлік мұнайды тасымалдауға кірісті.

Тамызда «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ акциялары пакетінің 0,88%-ы сатылды.

2007

Қаңтарда Компания «Batumi Capital Partners Limited» компаниясы акцияларының 50%-ын сатып алды. Мәміленің нәтижесінде Компания «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ-ның активтерін және «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ-ны басқаруға 49 жылға эксклюзивті құқық алды.

2008

2008 жылғы ақпанда Компания «Batumi Industrial Holdings Limited» компаниясы акцияларының 100%-ын сатып алды.

Желтоқсанда «Batumi Industrial Holdings Limited», «Batumi Capital Partners Limited» және «Batumi Services Limited» компанияларын қайта ұйымдастыру нәтижесінде «Batumi Terminals Limited» (Кипр) компаниясының 100% акцияларының меншік иесіне айналды, сол арқылы Грузиядағы өндірістік активтерді («Батуми теңіз порты» ЖШҚ-ны басқаруға айрықша құқығы бар «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ) басқару жүзеге асырылып келді.

2009

2009 жылғы қыркүйекте «ҚҚК» ЖШС «Кеңқияқ – Құмкөл» магистральдық мұнай құбырын пайдалануға берді.

2011

2011 жылғы маусымда Компания «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-нан жалпы сомасы 1 700 млн теңгеге Компанияның орналастырылатын акцияларына төлеу ретінде «ТОН-2» мұнай құбырының қазақстандық учаскесін сатып алды.

Қыркүйекте Компания сатып алу-сату шартына сәйкес «ҚазМұнайГаз – Сервис» ЖШС-ның пайдасына «ҚазТрансОйл – Сервис» АҚ акцияларының 100%-ын сатты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қазандағы № 1273 қаулысына сәйкес Компания магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор болып белгіленді.

2012 жылғы желтоқсанда KASE-де қайталама нарықта Компанияның жай акцияларымен сауда-саттық басталып, ол Қазақстан Республикасында «Халықтық IPO» бағдарламасы шеңберінде өз акцияларын орналастырған тұңғыш компанияға айналды.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің қаңтардағы кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен «ҚазТрансОйл»АҚ Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды.

«ҚазТрансОйл» АҚ-на тиесілі және Ресей Федерациясының аумағында «Омбы-Павлодар» магистральдық мұнай құбырында орналасқан 141 728 тонна технологиялық мұнайды қайтару бойынша жұмыстар аяқталды.

2019 жылғы 1 желтоқсаннан бастап «ҚазТрансОйл» АҚ-ның «Өзен-Атырау–Самара» магистральдық мұнай құбыры арқылы экспортқа тасымалдау кезінде Қазақстан аумағындағы «Өзен – Атырау – Самара» мұнай құбырының 1 235 км ҚТП мұнай көлемі мен сапа көрсеткіштерін өлшеу жүйесі бойынша қазақстандық мұнайды коммерциялық есепке алу басталды.

Сәуірде «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс және Шығыс филиалдары есептік тіркеуден шығарылды.

Мамырда «ҚҚК-Қ» АҚ мұнай құбыры жүйесі объектілерінде техникалық қызмет көрсету, жөндеу және авариялық әрекет ету бойынша 2018–2023 жылдарға арналған келісімшартқа қол қойылды.

Тамызда «Кеңқияқ» БМАС-ты қайта құру аяқталды.

Қырқүйекте Мәскеу қаласында (Ресей Федерациясы) «ҚазТрансОйл» АҚ өкілдігі құрылды.

2019

2018

2017

2016

2015

2014

2013

2012

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

2020 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

Қаңтар

Тарифтік саясат

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспортқа мұнай айдау бойынша 1 000 км-ге 1 тонна үшін 7 358,76 теңге мөлшерінде қызмет көрсету тарифін бекіту (ҚҚС-сыз) болды. Тариф 2020 жылдың 1 наурызында күшіне енді.

Ақпан

Халықаралық ынтымақтастық

Қазақстандық мұнай компаниялары атынан Усть-Луга портына шамамен 699 мың тонна көлбеу мұнайды жөнелтуге кеткен шығындарды өтеу мәселесі бойынша әрекет ететін «Транснефть» ЖАҚ және «ҚазТрансОйл» АҚ арасындағы келісім шеңберінде 38 қазақстандық жүк жөнелтушілерге өтемақы төлемдері аяқталды.

Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы) Димаш Досанов пен бес жергілікті кәсіподақтың өкілдері «ҚазТрансОйл» АҚ мен Компания қызметкерлері арасында 2020–2022 жылдарға арналған Ұжымдық келісімге қол қойды.

Наурыз

Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшесі Нұртас Шмановтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу

2020 жылғы 1 наурызда «ҚазТрансОйл» АҚ оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін регламенттейтін ережелер қолданысқа енгізілді.

Кредиттік рейтинг

2020 жылғы 31 наурызда S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «ҚазТрансОйл» АҚ рейтингін «BB» деңгейінде растай отырып, «Тұрақты» -дан «Теріс» деңгейіне өзгертті. Бұл өзгеріс оның Бас компаниясы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-на қатысты дәл сондай рейтингтік әрекетке байланысты болды.

Мамыр

Акционерлердің жылдық жиналысы

2019 жылдың қорытындыларына арналған «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы алғаш рет «онлайн» режимінде өткізілді.

«ҚазТрансОйл» АҚ ҒТО филиалының атауын өзгерту

2000 жылғы 3 қыркүйекте құрылған «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының ғылыми-техникалық орталығы» филиалы «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының зерттеулер мен әзірлемелер орталығы» филиалы болып өзгертілді. ЗӘО қызметі ғылыми негізделген инновациялық - технологиялық даму бағдарламасы негізінде Компанияның орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Маусым

«Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбырының кері бағыты жобасын іске асыру

«ҚазТрансОйл» АҚ компаниялар тобы «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбырының кері жобасының алғашқы іске қосу кешенін пайдалануға берді. Атап айтқанда, Н. Шманов атындағы мұнай айдау станциясынан (МАС) «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбырына дейін екі бағыттағы жалғастырушы желісінің құрылысы аяқталды. Сондай-ақ мұнай құбырының желілік бөлігін қайта жаңарту бойынша жұмыстар атқарылды.

Шілде

Тарифтік саясат

Н. Шманов атындағы МАС-тан «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбырына дейін «ҚазТрансОйл» АҚ реттелетін қызметіне, яғни мұнайды ауыстырып тиеуге 1 тонна үшін 119,37 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз) тариф бекітілді, тариф 2020 жылдың 1 тамызынан бастап пайдалануға берілді.

Корпоративтік басқару

Нұр-Сұлтан қаласында орналасуымен «ҚазТрансОйл» («ҚазТрансОйл» АҚ МТБО» филиалы) акционерлік қоғамның Мұнайды тасымалдау басқармасының орталығы» филиалын тіркеуі орындалды.

Тамыз

«Біргеміз» қайырымдылық жобасы

«ҚазТрансОйл» АҚ 68 стационарлық көпфункционалды жасанды өкпенің желдеткіш қондырғыларын сатып алып, демеушілік көмек ретінде Қазақстан Республикасының медициналық мекемелеріне жіберді.

Қыркүйек

Өндірістік бағдарламаны жүзеге асыру

«Өзен – Атырау – Самара» мұнай құбырының жалпы ұзындығы 17 км учаскелері «ҚазТрансОйл» АҚ 2020–2024 жылдарға арналған өндірістік бағдарламасына сәйкес қайта жаңартудан кейін пайдалануға берілді.

Түркістан қаласындағы Конгресс-холл құрылысын қаржыландыру.

2020 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Түркістан қаласындағы Конгресс-холл құрылысын қосымша қаржыландыру ретінде «Объектілер құрылысы жөніндегі компания» корпоративтік қорына 405 809 037 теңге көлемінде демеушілік жасады. «ҚазТрансОйл» АҚ нысанын салуға барлығы 2 605 809 037 теңге бөлінді. Түркістан облысы әкімдігінің қаулысымен Конгресс-холл Түркістан қаласының облыстық коммуналдық меншігіне өтті.

Қараша

Инвестициялық бағдарлама

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021–2025 жылдарға арналған магистральдық құбырлар арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау қызметіне арналған инвестициялық бағдарламасы бекітілді.

Тарифтік саясат

2021–2025 жылдарға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбырлар жүйесі арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметке тарифтік смета мен тариф 1 000 км үшін 1 тонна үшін 4 355,57 теңге ҚҚС-сыз 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап бекітілді.

Кредиттік рейтинг

Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «ҚазТрансОйл» АҚ шетел валютасындағы эмитенттің ұзақ мерзімді дефолт рейтингін «Тұрақты» болжаммен «BBB-» деңгейінде растады.

Желтоқсан

«Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбырының кері бағыты жобасын іске асыру

2020 жылы 29 желтоқсанда «Аман» МАС-ның механикалық аяқталу актісіне қол қойылды.

2020 жылдың 31 желтоқсанында «Құмкөл» МССКӨЖ және «Кеңқияқ» МССКӨЖ нысандары пайдалануға берілді.

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

КОМПАНИЯНЫҢ БИЗНЕС-МОДЕЛІ

KazTransOil

ҚАРЖЫ КАПИТАЛ

652 518 млн теңге — жеке капитал

61 938 млн теңге — жарғылық капитал

ТАБИҒИ КАПИТАЛ

160 562 ш.о.т. — жалпы энергия тұтыну көлемі

8 «Су» қағидаттары

44 055 тонна — қалдықтардың пайда болуының жалпы көлемі

472,16 мың м³ — тартылған судың жалпы мөлшері

23 396 тонна — атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі

ӨНДІРІСТІК КАПИТАЛ

5 371,6 км — магистральдық мұнай құбырларының ұзындығы

1 386 мың м³ — мұнай сақтауға арналған резервуарлар

36 — мұнайды айдау станциялары

АДАМИ КАПИТАЛ

6 720 адам — персоналдың тізімдік саны

43,7 жас — персоналдың орташа жасы

93,3% — өңірлердегі персоналдың үлесі

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ КАПИТАЛ

АТ-жүйесі (SAP, ЭҚЖ, СЭА, SCADA, SQUID және т.б.)

Қызмет көрсетілмейтін байланыс тораптары

Транкингтік байланыс желісі

ӘЛЕУМЕТТІК-БЕДЕЛ КАПИТАЛ

Омбудсмен институты

Жедел желі

Корпоративтік этика кодексі

ҚҰНДЫ ҚҰРУ ПРОЦЕСІ

МҰНАЙДЫ ТАСЫМАЛДАУ

СУДЫ БЕРУ



ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

ТИІМДІЛІКТІҢ АРТТЫРУЫН БАСҚАРУ

НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР:

- Мұнай, су жеткізудің азаюы;
- Апаттар;
- Активтердің қасақана ұрлау не болмаса жою тәуекелі;
- Валюталық тәуекел;
- Стратегиялық серіктестер тәуекелі;
- Жазатайым оқиғалар;
- Экологиялық тәуекелдер.

КОРПОРАТИВТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР:

- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау;
- Тиімділік;
- Орнықты даму;
- Кәсіпқойлық;
- Өзара пайда және команда болып жұмыс істеу.

2020 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

55 954 млрд теңге — 2020 жылғы қорытынды бойынша таза пайда

45,1 млрд теңге — 2019 жылдың қорытындысы бойынша дивидендттер

3,9% — энергетикалық ресурстарды тұтынудың төмендеуі

3 269 тонна, немесе **12,3%** — атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының төмендеуі

1,3 млрд теңге — қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралардың шығындарын іске асыру

3 321 мың тонна — мұнай тасымалдау

1 202 — құбырлардың ақаулары жойылды

2,4% — кадрлардың тұрақтамау коэффициенті

0 — өндірісте өлім-жітімнің саны

345 млн теңге — персоналды оқытуға инвестициялар көлемі

Цифрлық технологияларды дамыту бағдарламасы

100% — магистральдық мұнай құбырлары объектілерін қолданыстағы қамту аймағы

3 млрд теңге — қызметкерлердің әлеуметтік қолдауға бағытталған шығындары

91% — әлеуметтік тұрақтылық рейтингі

36,7 млрд теңге — төленген салықтар мен мемлекеттік бюджетке басқа да міндетті төлемдер

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР

- Акционерлер және әсер ету ұйымдары
- Қаржы ұйымдары
- Мемлекеттік органдар
- Персонал
- Қызметтерді тұтынушылар және серіктестер
- ЕБҚҰ
- Жеткізушілер
- Журтшылық және БАҚ
- Бәсекелестер

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

- Қысқаша бейін және қызмет бағыттары
- Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы
- Бизнестің құрылымы
- Бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру
- Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

ҚЫСҚАША БЕЙІН ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

Қызметтің негізгі бағыттары:

- магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау қызметі;
- басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері арқылы Қазақстандық мұнайды тасымалдауды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында және оның территориясынан тыс жерлердегі құбыр жүйесін пайдалану және құрылысы;
- өндіріс бойынша қызметтерді ұсыну, беру және жылу энергиясының таралуы, электр энергиясын жеткізу.

«ҚазТрансОйл» АҚ – бұл 90% жай акциялары «ҚазМұнай-Газ» ҰК АҚ-на тиесілі, ал 10% жай акциялары минус 1 акция миноритарлық акционерлердің бақылауындағы жария компания.

Компания активтерінің көп бөлігі Қазақстанда орналасқан. «ҚазТрансОйл» АҚ құрамына Қазақстандағы, Грузиядағы және Біріккен Араб Әмірліктеріндегі 3 еншілес компания, сондай-ақ Қазақстанда орналасқан бірлесіп-бақыланатын 2 ұйым кіреді.

КОМПАНИЯНЫҢ 2028 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Миссиясы

«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлері үшін барынша жоғары пайданы қамтамасыз ету және магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы мұнай тасымалдау саласындағы мемлекеттің стратегиялық мүдделерін сақтау.

Пайымы

«ҚазТрансОйл» АҚ – орнықты даму, өндірістік қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және өндірістік активтерді басқару саласындағы үздік тәжірибеге сәйкес келетін қазіргі заманғы, әртараптандырылған құбыр жүйесі арқылы мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтердің кең спектрін ұсынатын бәсекеге қабілетті және серпінді дамып келе жатқан компания.

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

- Қысқаша бейін және қызмет бағыттары
- Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы
- Бизнестің құрылымы
- Бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру
- Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Корпоративті құндылықтар:

Қауіпсіздік.
Компания өндіріс орындарының ақаусыз жұмысын қамтамасыз етуге тырысады.

Сапа.
Компания өз ісін дұрыс және сапалы жүргізілуін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Еңбекқорлық және кәсіби шеберлік.
Компания өз қызметкерлерінде қажырлы еңбекті, Компания қызметінің ерекшеліктерін білуді, берілген міндеттерді уақытылы және сапалы орындауды бағалайды және кәсіби құзыреттіліктер мен дағдылардың үнемі жетілуін қамтамасыз етеді.

Ашықтық.
Компания басшылықтың ашықтығын қамтамасыз етуге, корпоративті басқару стандарттарын ұстануға өзінің міндеттілігін растауға тырысады.

Тиімділік.
Компания мемлекет, акционерлер, қызметкерлер және қоғам алдындағы өзінің жауапкершілігін сезінеді, осыған байланысты қызметтің пайдалылығы мен тиімділігі, жоғары нәтижелерге қол жеткізу Компания үшін шүбәсіз құндылық болып табылады. Бизнес-процестерді жетілдіру, шығындарды оңтайландыру, жабдықты жаңартуға бағыттау және өндірісті дамытуға инвестициялау Компанияның орнықты және тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді.

Корпоративтік құндылықтар «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің барлық салаларында көрініс табады және қызметкерлердің өзара қарым-қатынастарын ұйымдастыруда, бизнес-процестерді құруда, стратегиялық жоспарлауда және шешімдер қабылдауда айтарлықтай рөл атқарады.

Стратегиялық мақсатты іске асыру «ҚазТрансОйл» АҚ Миссиясы мен Пайымына қол жеткізуге бағытталған.

Компанияның Стратегиялық мақсаттарын іске асыруға әсер ететін негізгі факторлар

Компанияның Стратегиялық мақсаттарын іске асыруға әсер ететін негізгі факторлар	Тигізетін әсері
«ҚазТрансОйл» АҚ мұнай өндіру және мұнай құбырларын жүктеу өсімі	Табыстың өсуі
Мұнай компанияларының мұнай жеткізу келісімшарттарын рәсімдеуі	Жүк айналымын қамтамасыз ету
Мұнай бағасының өсуі және ұлттық валютаның тұрақты бағамы	Рентабельділік
Өндірістік қорларды жаңарту	Ақаусыз жұмыс

Стратегиялық тәуекелдер

Негізгі стратегиялық тәуекелдер

№	Тәуекелдің атауы	Тәуекелдерді азайту шаралары
1	Мұнай өндіру және негізгі жүк жөнелтушілерден жеткізу көлемінің төмендеуі. Мұнай құбырларының жүктемесі төмен деңгейі	• Қытай бағытында ресейлік мұнайдың транзитін сақтау және одан әрі арттыру мәселесін зерттеу; • бизнес-жоспарларды қайта қарау; • ағымдағы және күрделі шығындарды оңтайландыру.
2	Ұлттық валюта бағамының әлсіреуі	• бизнес-жоспарларды қайта қарау; • импорттық құрамдас бөлігі бар ағымдағы және күрделі шығындарды азайту.
3	Сызықтық бөлікте негізгі жабдықтың және жазатайым оқиғалардың қаупі	• активтерді диагностикадан өткізу; • мұнай құбырлары объектілеріне техникалық қызмет көрсету; • жабдықты, мұнай құбырларының желілік бөлігін жөндеу және ауыстыру жоспарларын орындау; • күзгі-қысқы кезеңге дайындық бойынша ұйымдастырушылық-техникалық шараларды өткізу; • нысандардағы апаттардың, инциденттердің алдын алу шараларын жүргізу; • жетілдірілген және энергия үнемдейтін жабдықты пайдалану.

«ҚазТрансОйл» АҚ 2028 жылға дейінгі дамуының стратегиялық бағыттары

2020 жылдың қараша айында Директорлар кеңесі «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2028 жылға дейінгі даму Стратегиясын (даму Стратегиясы) бекітті, бұл жағымды өндірістік және қаржылық көрсеткіштерді және қауіпсіз, сапалы, уақтылы және үздіксіз мұнай тасымалдауды қамтамасыз етуге бағытталған. Даму стратегиясы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұсыныстарына сәйкес әзірленген.



Мазмұны

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

- Қысқаша бейін және қызмет бағыттары
- Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы
- Бизнестің құрылымы
- Бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру
- Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ-ды дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттары

Төмендегі кестеде есепті жылы қолданыстағы Компанияның Даму стратегиясына негізделген стратегиялық міндеттерді іске асырудың нәтижелері көрсетілген.

МҰНАЙДЫ ТАСЫМАЛДАУ

2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар және бастамалар

Мұнай жүк айналымының жоспарлық көрсеткіштеріне қол жеткізу (2025 жылға қарай >50 млрд тонна-км)

2020 жылға арналған жоспар

42 303 мың тонна көлемінде мұнай тасымалдауды (Компания бойынша жеке) және 45 493 млн тонна-км (Компания бойынша жеке – 36 780 млн тонна-км) мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымын қамтамасыз ету

2020 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

- Компания бойынша бөлек мұнайды тасымалдау көлемі – 42 298 мың тонна;
- Мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымының көлемі Компания бойынша жеке – 35 899 млн тонна-км.

2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар және бастамалар

«Транснефть» ЖАҚ-пен бірлесіп жұмыс жасау арқылы «Атырау – Самара» бағытының тартымдылығын арттыру арқылы мұнай құбырына тасымалдауға қазақстандық мұнайдың қосымша көлемін тарту

2020 жылға арналған жоспар

Атырау – Самара – Новороссийск бағыты бойынша қазақстандық мұнайды жылына 1,0 млн тоннаға дейінгі мөлшерде Siberian Light қоспасын қоса жібере отырып, бөлек айдауды жалғастыру

2020 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

✔ *Орындалды*

2020 жылы Атырау – Самара – Новороссийск бағыты бойынша 1 210 мың тонна «аз күкіртті» Siberian Light қоспасы қосылған қазақстандық мұнай жөнелтілді.

2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар және бастамалар

Транзиттік әлеуетті дамыту

2020 жылға арналған жоспар

Ресей мұнайының Қытай бағытындағы жылына 10 млн тоннаға дейін транзитін қамтамасыз ету

2020 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

✔ *Орындалды*

2020 жылы ресейлік өндірушілерден Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ҚХР-ға мұнай тасымалдау (Атасуға ауыстырып тиеу) 9 989 мың тоннаны құрады.

2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар және бастамалар

Тұтынушылармен жұмыс тиімділігін арттыру

2020 жылға арналған жоспар

Мұнай тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасына тұтынушылардың қанағаттану деңгейіне жету 95% -дан кем емес

2020 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

✔ *Орындалды*

2020 жылы тұтынушылардың қызмет көрсету сапасына қанағаттануы 100%-ды құрады.

2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар және бастамалар

«ҚазТрансОйл» АҚ саланы дамыту динамикасын және инвестициялық қажеттіліктерін ескере отырып, икемді және тиімді тарифтік саясатты қамтамасыз ету

2020 жылға арналған жоспар

Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын сақтау, «ҚазТрансОйл» АҚ икемді және тиімді тарифтік саясатын қамтамасыз ету үшін тиісті ұсыныстар енгізу

2020 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

✔ *Орындалды*

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021–2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау бойынша реттелетін қызметке тарифтік смета мен тариф 1000 км-ге 1 тонна үшін 4 355,57 теңге мөлшерінде бекітілді (ҚҚС-сыз).

2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар және бастамалар

Қолданыстағы мұнай құбырлары жүйесін дамыту, қолданыстағы мұнай құбырларына ие компаниялардың қатысу үлестерін / акцияларын сатып алу / басқару және жаңа мұнай құбырларын салу

2020 жылға арналған жоспар

«Қазақстан – Қытай» мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегі» инвестициялық жобасы бойынша 2020 жылға арналған іс-шараларды жүзеге асыру. Өнімділікті жылына 20 миллион тоннаға дейін арттыру»

2020 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

✔ *Орындалды*

- «Мұнай және құбыр поршенді қондырғыларының саны мен сапасын өлшеу жүйелеріне қызмет көрсетудің типтік уақыт нормалары»;
- «Магистральдық мұнай құбырлары. Құбырды катушкалардың байланысын ескере отырып қосу»;
- «Магистральдық мұнай құбырлары. Мұнай айдау кезінде химиялық реагенттерді қолдану».

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетіне берген өтінішіне сәйкес, 2020 жылға арналған Ұлттық стандарттау жоспарына Қазақстан Республикасының «магистральдық мұнай құбырларында жұмыс атқару кезінде қолданылатын арнайы киім және басқа жеке қорғаныс құралдары. Негізгі техникалық талаптар» (ұлттық стандарт) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің ұлттық стандартын әзірлеу кірді. Бір жыл ішінде ұлттық стандарт жасалып, 2020 жылдың қараша айында Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің бұйрығымен бекітілді.

2021 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

- алдын-ала минералды өңдеу жүргізе отырып, құбырлардың сыртқы беті мен резервуарлардың сыртқы / ішкі беті үшін коррозияға қарсы заманауи инновациялық жабындарды енгізу;
- адамның ең аз қатысуымен түбіндегі және шөгінділерді өңдеумен резервуарлардың түбіндегі шөгінділерден тазартудың инновациялық технологияларын енгізу (автоматтандырылған және / немесе роботтандырылған кешендер);
- Компанияның мұнай құбырлары бағыттары бойынша әртүрлі мұнай түрлерін бірлесіп тасымалдау кезінде мұнай қоспалары ағынының тұтқырлық-температуралық параметрлерін зерттеу және болжау;
- 110 кВ және 35 кВ қосалқы станцияларды электр және газ қосқыштарын қолдана отырып жаңғырту.



Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
Экономикалық және салалық шолу
Сегмент қызметінің нәтижелері
Инвестициялық қызмет
Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
Инновациялық-технологиялық даму
Корпоративтік қауіпсіздік
Ақпараттық қауіпсіздік
ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

КОРПОРАТИВТІК ҚАУІПСІЗДІК

«ҚазТрансОйл» АҚ басқаратын магистральдық мұнай құбырлары жүйесі Қазақстанның МӨЗ-дерін шикізатпен және мұнайдың көптеген экспорттық бағыттарын қамтамасыз ете отырып, стратегиялық маңызға ие. Бұл жағдайлар корпоративтік қауіпсіздікке және активтерді қорғауға байланысты мәселелерге жоғары талаптар қояды. Компанияда корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында магистральдық құбырды тұрақты күзету және мұнайдың ағып кетуін анықтау жүйелеріне және мұнай құбырын қорғау жүйелеріне тәулік бойы мониторинг жүргізу ұйымдастырылған.

Корпоративтік қауіпсіздік мәселелерін басқаруды корпоративтік қауіпсіздік департаменті жүзеге асырады. Құбырдың күзет аймағына құқыққа қарсы әрекеттер мен басып кіруді анықтау орталық аппарат деңгейінде, сондай-ақ «ҚазТрансОйл»АҚ-ның ұтқыр күзет топтары мен аварийлық қызметтерін қоса алғанда, барлық ОҚБ-ның өзара іс-әрекет процесінде жүзеге асырылады.

Компания активтерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің қатысушылары



«ҚазТрансОйл» АҚ объектілеріне қол сұғушылықтың алдын алу және қарсы тұру үшін Компания, аумақтық ішкі істер органдары және «KMG-Security» ЖШС күзет ұйымы арасында ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы меморандумдар жасалды, оларға сәйкес тараптар тиісті ақпаратпен жедел алмасады, объектілердегі қылмыстарға қарсы күрес стратегиясын бірлесіп әзірлейді, мұнай құбырларына қатысты мәселелер бойынша заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар қалыптастырады.

Құбырларды қорғау жүйесін жетілдіру «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің активтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы басты басымдығы болып табылады. Компания «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын ескере отырып әзірленген Компанияның объектілерін инженерлік-техникалық күзет құралдарымен (ИТКҚ) 2024 жылға дейінгі жарақтандыру жоспарына сәйкес ИТКҚ енгізу жөніндегі іс-шараларды белсенді іске асырады. Осы Жоспарға сәйкес Компанияның өндірістік және технологиялық объектілерінде күзет-периметрлік сигнал беру және бейнебақылау жүйесін енгізу жүзеге асырылуда.

2020 жылғы корпоративтік қауіпсіздік саласындағы өзгерістер

Заңсыз әрекеттер санын азайту мақсатында, 2020 жылы Компания құқық қорғау органдарымен және ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесіп, Компания объектілеріне қылмыстық қол сұғушылық фактілері бойынша анықталған фактілерді қолдау бойынша жұмысты жалғастыра отырып, оларды сотқа дейін жеткізіп, қылмыскерлерге тағайындалған үкімдердің одан әрі орындалуы жұмыстарын жалғастырды.

Мысалы, 2020 жылдың ақпан айында Маңғыстау облыстық соты «Өзен – Жетібай – Ақтау» магистральды мұнай құбырынан мұнай ұрлау әрекетіне қатысқан, «Қаламқас – Қаражанбас – Ақтау» магистральды мұнай құбырынан мұнай ұрлауды жоспарлауда және «Таушық – Жыңғылды» суағызғысы құбырдан құбыр өнімдерін ұрлау әрекетіне ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелеріне қатысты үкім шығарды. Қылмыстық топты ұйымдастырушылар кінәлі деп танылып, 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Компания үнемі қауіпсіздік пен алдын-алу шараларын, сондай-ақ өндірістік қауіп-қатерлерді іске асырумен байланысты жағдайларды имитациялау үшін өндірістік объектілердің қызметкерлерін тарта отырып оқыту шараларын өткізеді.

2020 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырларына рұқсатсыз кесулер жасалмады.

2020 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

Компания өз активтерінің қауіпсіздігін арттыруға бағытталған іс-шараларды одан әрі жүзеге асыруға, оның ішінде:

- инженерлік-техникалық қауіпсіздік жүйесі (ИТҚЖ) объектілерін жабдықтау жоспарын, сондай-ақ оны іске асыру көлемі мен мерзімдерін жаңарту (Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарына сәйкес және Компанияның объектілерінің қауіпсіздігін арттыру мақсатында);
- ИТҚЖ объектілерін олардың санаттары мен Компанияның бекітілген жоспарлары мен стандарттарына сәйкес жабдықтау бойынша іс-шараларды жүзеге асыруды жалғастыру;
- «Қазақстан – Қытай Құбыры» ЖШС, «МұнайТас» ЖШС және «Магистральды Суағызғысы» ЖШС-мен осы компаниялардың объектілеріндегі қауіпсіздік мәселелері бойынша өзара әрекеттесу;
- террористік қауіп-қатерлерге, мұнай ұрлауға және тауарлық-материалдық құндылықтарды ұрлауға қарсы іс-қимыл бойынша құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл және қылмыстық істер мен сот процестерін тергеумен байланысты іс-шаралар, бірлескен жаттығулар өткізу.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Цифрлық технологияларды дамыту Компаниядан ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне көбірек назар аударуды талап етеді. Тиісті тәуекелдерді басқару мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ-да Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (АҚБЖ) енгізілген және жұмыс істейді. Жүйе Қазақстан Республикасы заңнамасының және ISO / IEC 27001:2013 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған. АҚБЖ жетілдірудің ішкі корпоративтік жоспары жүзеге асырылуда.

Қауіп-қатерлерді бақылау және жабдықты уақтылы жаңарту үшін «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративті желінің, операциялық және ақпараттық жүйелерінің әлсіздігіне мерзімді бақылау жүргізу мен операциялық жүйелерді жаңарту тәртібі, «ҚазТрансОйл» АҚ желілік және серверлік жабдықтарына арналған бағдарламалық жасақтаманы жаңарту тәртібін әзірледі. Компания барлық қолданыстағы және енгізілген ақпараттық жүйелердегі ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуын үнемі қадағалап отырады.

Компанияда ақпараттық қауіпсіздікті бұзу жағдайлары есепке алынады. Қақтығыстардың сынилығының үш деңгейі бар: жоғары, орташа және төмен.

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу
Сегмент қызметінің нәтижелері
Инвестициялық қызмет
Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
Инновациялық-технологиялық даму
Корпоративтік қауіпсіздік
Ақпараттық қауіпсіздік

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Оқыс оқиғалардың сынилық деңгейлерінің жіктелуі

Жоғары деңгейдегі сынилық	Осы оқыс оқиға бизнесті жүргізудің үздіксіздігіне елеулі әсер етті, персоналға және/немесе ақпараттық активтерге елеулі залал келтірілді
Орташа деңгейдегі сынилық	Осы оқыс оқиға бизнесті жүргізу үздіксіздігіне елеулі әсер етуі мүмкін (бірақ әсер еткен жоқ) немесе бизнесті жүргізу үздіксіздігіне елеусіз әсер етті, персоналға және/немесе ақпараттық активтерге елеусіз залал келтірілді
Төмен деңгейдегі сынилық	Осы оқыс оқиға бизнесті жүргізу үздіксіздігіне әсер етпеген, персоналға және/немесе ақпараттық активтерге залал келтірілген жоқ

Оқыс оқиғаға ден қою процесі сынилық деңгейіне байланысты ерекшеленеді. Егер оқыс оқиға жоғары немесе орта деңгейдегі санатқа түссе, онда ол тіркеліп, ден қою схемасына сәйкес одан әрі жіберіледі. Егер оқыс оқиға сынилықтың төмен деңгейіне жататын болса, онда ол тіркеледі, бірақ тексерілмейді.

Сынилығы жоғары және орташа деңгейдегі оқыс оқиғаға ден қою схемасы

«ҚазТрансОйл» АҚБЖ жетілдіру бойынша жыл сайынғы жоспарға сәйкес ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін басқару шеңберінде іс-шаралардың кең тізбесін іске асырады, оның ішінде:

- ақпараттық қауіпсіздікке байланысты тәуекелдерді тоқсан сайын бағалауды жүргізу және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;
- АҚБЖ-ның халықаралық талаптарға сәйкестігіне қадағалау аудитін жүргізу;
- ОҚБ корпоративтік регламенттер мен тәсілдерге сәйкестігіне ішкі аудит өткізу;
- әлемдік үздік тәжірибелер мен технологиялар негізінде вирусты қауіп-қатерден қорғауды қамтамасыз ету;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлері арасында ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін дамыту.

2020 жылы оқыс оқиғалардың сынилығы жоғары және орташа деңгейдегі жағдайлар – бизнес жүргізудің үздіксіздігіне айтарлықтай әсер еткен немесе әсер етуі мүмкін жағдайлар тіркелген жоқ.

2020 жылғы ақпараттық қауіпсіздік саласындағы өзгерістер

Белгіленген қауіп-қатерлерге байланысты болуы мүмкін оқиғалардың алдын алу мақсатында жыл бойына Компанияда желілік жабдықтар мен операциялық жүйелер деңгейінде қосымша қауіпсіздік параметрлері енгізілді, корпоративтік пошта арқылы ақпарат жіберу арқылы қызметкерлердің киберқауіптерге қатысты хабардарлығын арттыру бойынша жұмыстар жүргізілді, сонымен қатар Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелерінде корпоративтік канал арқылы тізбектелген және ағымдағы киберқауіптер туралы бейнематериалдар таратылды.

2020 жылдың шілдесінде Компания «ТЮФ АУСТРИЯ Стандарттар және Сәйкестік» ЖШҚ халықаралық сертификаттау органының жетекші аудиторының ISO / IEC 27001:2013 стандартын растау үшін ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің сертификаттық аудитінен сәтті өтті.

Сондай-ақ, ISO / IEC 27001: 2013 халықаралық стандартының талаптарына және корпоративтік құжаттардың ережелеріне сәйкестігі бойынша Компанияның АҚБЖ ОҚБ ішкі аудиті жүргізілді.

Компания ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша қызметкерлердің хабардарлығын арттыру және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын реттейтін ішкі құжаттардағы өзгерістер туралы ақпарат беру үшін нұсқаулықтар өткізеді. 2020 жылы Компанияның 71 қызметкеріне және мердігерлердің өкілдеріне, өндірістік практикадан өтіп жатқан студенттерге және Компанияның ақпараттық жүйелерін пайдалануға рұқсаты бар басқа тұлғаларға арналған кіріспе нұсқаулығы өткізілді.

2021 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

2021 жылға ТПБАЖ, телекоммуникациялар және АТ бөлігінде ақпараттық қауіпсіздік өнімдеріне бірқатар тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар жоспарланған. Бұдан басқа, Компания 2021 жылға арналған АҚБЖ жетілдіру жөніндегі жұмыс жоспарына сәйкес жаңа технологияларды белсенді енгізуді жалғастыруды көздеп отыр, оның ішінде:

- ISO/IEC 27001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестікке корпоративтік АҚБЖ қайта қадағалау аудитін жүргізу;
- ақпаратты қауіпсіздік басқару жүйесі тәуекелдерін бағалау;
- Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде АҚБЖ жыл сайынғы ішкі аудиттерін өткізу;
- 2021 жылға ТПБАЖ, телекоммуникациялар және АТ бөлігінде ақпараттық қауіпсіздік өнімдеріне бірқатар тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар жоспарланған;
- ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін басқару саласындағы негізгі құжаттаманы жаңарту;
- «Киберқауіпсіздік» жоспарын іске асыру бойынша іс-шаралар шеңберінде ақпараттық қауіпсіздікті жедел бақылау орталығына қосылу іс-шараларын қорытындылау.



Мазмұны

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Персоналды басқару
- Сыртқы коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР

ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

«ҚазТрансОйл» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне және үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес Компанияның тиімді корпоративті басқарудың негізгі бағыттарының бірі орнықты даму мәселелерін біріктіру болып табылады.

Орнықты даму мәселелерін басқару Компания басқармасының барлық ұйымдық деңгейлерінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі мен Компанияның басшылығы Компания қызметінің экологиялық, әлеуметтік және экономикалық аспектілерін басқаруға белсенді атсалысады және орнықты даму мәселелерін үнемі қарастырады.

Компанияның орталық аппараты деңгейіндегі орнықты дамудың жекелеген мәселелерін басқаруды бейінді департаменттер жүзеге асырады, ал ОҚБ деңгейінде қызметкерлермен жұмыс істеу, еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау сияқты орнықты дамудың нақты салаларына жетекшілік ететін қызметтер мен бөлімдер бар. Қызметтер мен бөлімдердің жұмысы Компанияның орталық аппаратымен тікелей өзара іс-қимыл шеңберінде келісіледі және ұйлестіріледі.

Компания құрылымын қайта құру аяқталғаннан кейін орнықты дамудың кейбір мәселелерін басқаруды орталық аппарат деңгейіндегі мамандандырылған бөлімдер жүзеге асырады:

- Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және төтенше жағдайлар департаменті;
- Технологиялық режимдер және энергоменеджменті департаменті;
- Адам ресурстарын басқару департаменті;
- Келісімшарттар және жергілікті қамтуды дамыту департаменті;
- Бизнес-процестер және тәуекелдерді басқару департаменті;
- Бизнесті жоспарлау және экономикалық талдау департаменті;
- Корпоративтік басқару департаменті.

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Персоналды басқару
- Сыртқы коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

KazTransOil

ОРНЫҚТЫ ДАМУ МОДЕЛІ

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР

- Акционерлер және әсер ету ұйымдары
- Қаржы ұйымдары
- Мемлекеттік органдар
- Персонал
- Клиенттер және серіктестер
- ЕБҚҰ
- Жеткізушілер
- Жұртшылық және БАҚ
- Бәсекелестер

ОРНЫҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ
Бизнес қызметінің тиімділігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
Қоршаған ортаға теріс әсерді азайту
Табиғи ресурстарды тиімді және ұтымды пайдалану

ӘЛЕУМЕТТІК
Қызметкерлерді кәсіби дамыту және әлеуметтік қолдау
Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

БҰҰ БАСТАМАЛАРЫН ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ҰСТАНУ

1 ЛИКВИДАЦИЯ НИЩЕТЫ
3 ХОРОШЕЕ ЗДОРОВЬЕ И БЛАГОПОЛУЧИЕ
4 КАЧЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ
6 ЧИСТАЯ ВОДА И САНИТАРИЯ
7 НЕДОРОГОСТОЯЩАЯ И ЧИСТАЯ ЭНЕРГИЯ
8 ДОСТОЙНАЯ РАБОТА И ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ
9 ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ, ИННОВАЦИИ И ИНФРАСТРУКТУРА
12 ОТВЕТСТВЕННОЕ ПОТРЕБЛЕНИЕ И ПРОИЗВОДСТВО
13 БОРЬБА С ИЗМЕНЕНИЕМ КЛИМАТА
15 СОХРАНЕНИЕ ЭКОСИСТЕМ СУШИ
16 МИР, ПРАВОСУДИЕ И ЭФФЕКТИВНЫЕ ИНСТИТУТЫ
17 ПАРТНЕРСТВО В ИНТЕРЕСАХ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРГЕ БЕЙІЛДІЛУ

GRI · ISO · AccountAbility

НЕГІЗГІ КОРПОРАТИВТІК ҚҰЖАТТАРҒА БЕКІТІЛУ

- Әлеуметтік жауапкершілік кодексі
- Кадр саясаты
- Энергетикалық саясаты
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы жаңартылған «Алтын қағидалар» кодексі
- Еңбекті қорғау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саясаты және т. б.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР / 2020 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

- **6 584 ш.о.т.** – отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайту
- **4,47 ш.о.т./млн тонна-км** – мұнай тасымалдаудың энергия сыйымдылығы
- **4 557 ш.о.т.** – табиғи газдың шығынын азайту
- **ISO 50001: 2018** сәйкес энергияны басқару жүйесіне көшу

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУДЫ АЗАЙТУ

- **5** – өндірістік апаттар саны
- **6 564** қызметкер өндірістік қауіпсіздік талаптарына сай оқытылды
- **2,3 млрд теңге** – қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға инвестиция көлемі
- **0,46** – LTIR
- **1 211** «Қорғау» карталары
- **4 046** тексерістер
- **ISO 45001:2018** стандартына сәйкес денсаулық пен қауіпсіздікті басқару жүйесіне көшу

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ТЕРІС ӘСЕРДІ АЗАЙТУ

- **1,3 млрд теңге** – қоршаған ортаны қорғау шараларына шығындар
- **12,3%** – атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының төмендеуі
- **11,9%** – су алудың төмендеуі
- **4 гектар** бұзылған жерлерге рекультивация жүргізілді
- **44 055 тонна** – қалдықтардың жалпы өндірісі
- **0** – мұнай тасымалдау кезінде қоршаған ортаға зиян келтіретін төтенше жағдайлар

ПЕРСОНАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

- **324 млн теңге** – персоналды даярлауға салынған инвестиция көлемі
- Персоналды даярлау және дамыту бағдарламаларына қатысты **1 073 іс-шара**
- Оқу орталығының базасында **6 112 қызметкер** оқудан, қайта даярлаудан өтті
- **33 қызметкер** ротация процедурасынан өтті

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару
Персоналды басқару
Сыртқы коммуникациялар
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
Қоршаған ортаны қорғау
Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Орнықты дамуды басқарудың ұйымдық құрылымы



2019 жылдың 4-ші тоқсанында Ішкі аудит қызметі өткізген корпоративтік басқару диагностикасының нәтижелері бойынша 2020 жылғы 16 наурызда «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары мақұлданды. Көрсетілген іс-шаралар жоспарына сәйкес орнықты дамудың келесі функциялары бекітілген:

- Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитеті – орнықты даму қағидаттарын енгізу;
- Бас директордың орынбасары, Басқарма мүшесі (өндірісті дамыту және операторлық қызметтер) – орнықты даму жүйесін үйлестіру және дамыту;
- корпоративтік басқару бөлімі – орнықты даму жүйесін енгізу мен оның жұмысына қатысты мәселелерді үйлестіру;
- орнықты дамудың жекелеген мәселелеріне жауап беретін құрылымдық бөлімшелер – өз құзыреті шегінде орнықты даму жүйесінің дамуы мен жұмыс атқаруы.

«ҚазТрансОйл» АҚ орнықты даму жүйесін енгізу және дамыту аясында жүзеге асыратын қызмет түрлері:

- Директорлар кеңесінің қарауына орнықты даму жүйесінің жұмыс істеуі туралы есеп беру (әр 6 айда);
- Компанияның ішкі құжаттарын орнықты даму саласындағы халықаралық стандарттар мен үздік халықаралық тәжірибе талаптарына сәйкестендіру – Орнықты даму саласындағы менеджмент жүйесінің нұсқаулықтары, Кадр саясаты, Іскерлік этика кодексі, Экологиялық саясат, Әлеуметтік жауапкершілік кодексі және т. б. «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі корпоративті құжаттарын әзірлеу кезінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ әзірлеген құжаттарды басшылыққа алу қажет;
- Мүдделі тараптардың жиынтық картасын жаңарту (еншілес ұйымдармен бірге);
- Компанияның жаңа Кадрлық резервін қалыптастыру;
- Директорлар кеңесі, Басқарма мүшелері және мүдделі құрылымдық бөлімшелер үшін орнықты даму бойынша тренингтер өткізу (бюджетке қаражат бөлінген жағдайда);
- ISO 50001: 2011 стандарт талаптарына сәйкес келетін «ҚазТрансОйл» АҚ энергия менеджменті жүйесінен ISO 50001: 2018 стандарт талаптарына сәйкес келетін энергия менеджменті жүйесіне көшу;
- OHSAS 18001:2007 стандарт талаптарына сәйкес келетін еңбекті қорғау және қауіпсіздік менеджменті жүйесінен ISO 45001: 2018 талаптарына жауап беретін еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және денсаулықты қорғау менеджменті жүйесіне көшу.

ББЖ-ны халықаралық стандарттардың, Қазақстан Республикасының заңнамасының және «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі құжаттарының талаптарына толық сәйкестікте ұстаумен қатар, 2021 жылға арналған және орта мерзімді кезеңге арналған ББЖ-ны жетілдіру жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттары ретінде тәуелсіз мекемемен сәйкестікті растау бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ ББЖ-ның ISO 9001: 2015, ISO 14001: 2015, ISO 45001: 2018 және ISO 50001: 2018 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестендіру мақсатында сертификаттық аудит жүргізу және алу / халықаралық сертификаттарды жаңа үш жылдық мерзімге ұзарту.

Орнықты даму саласындағы стратегия

Орнықты даму қағидаттарын ұстану «ҚазТрансОйл» АҚ ұзақ мерзімді дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Өзінің экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсерінің маңыздылығын түсіне отырып, Компания қоршаған ортаға әсерін басқарудың озық тәжірибелерін ұстануға ұмтылады.

Орнықты даму саласындағы «ҚазТрансОйл» АҚ басымдықтары:

- тиімділік пен бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайту;
- табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалану;
- қызметкерлердің біліктілігін арттыру және әлеуметтік қолдау;
- өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- өндірістік активтерді басқару.

Орнықты даму жүйесін жетілдіру – «ҚазТрансОйл» АҚ 2028 жылға дейінгі даму Стратегиясының және ұзақ мерзімді орнықты дамудың негізгі бағыттары мен мақсаттарының бірі. Компания корпоративті басқару жүйесін жетілдірудің маңыздылығын түсінеді, бұл орнықты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге, операциялық қызметке және шешім қабылдау процестеріне біріктіруді қамтамасыз етеді. Бұл ұзақ мерзімді орнықты дамуға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының тепе-теңдігін қамтамасыз етеді.

Компанияның 2025 жылға дейінгі стратегиясында белгіленген орнықты даму саласындағы стратегиялық бастамалары және оларды іске асыру нәтижелері (2020 жылы осы бастамалар бойынша жұмыс атқарылды)

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Персоналды басқару
- Сыртқы коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдірудің маңыздылығын түсінеді, бұл орнықты даму қағидаттарын тұтқалы бизнес-процестерге, операциялық қызметке және шешім қабылдау процестеріне интеграциялауды қамтамасыз етеді. Бұл Компанияның ұзақ мерзімді орнықты дамуы үшін экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының тепе-теңдігін қамтамасыз етуге ықпалын тигізеді.

Қызметкерлердің денсаулығы мен өмірі Компанияның негізгі басымдықтарының бірі болып табылады, сондықтан қызметкерлерді COVID-19 коронавирустық инфекциясынан және қызметкерлердің денсаулығына әсер ететін басқа да қауіптерден әлеуметтік және басқа да қорғау бойынша жұмыс жалғасады. «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерге әлеуметтік кепілдіктер береді.

Стратегиядағы «Корпоративтік басқару және орнықты даму жүйесін жетілдіру» мақсаты еңбек қауіпсіздігі, денсаулықты сақтау және қоршаған ортаны қорғау, энергияны үнемдеу жүйесі мен энергия тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мүдделі тараптармен қарым-қатынасты жақсарту, корпоративті мәдениет және этиканы жақсарту саласындағы көрсеткіштерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Компанияның 2028 жылға дейінгі стратегиясында белгіленген орнықты даму саласындағы стратегиялық бастамалары және оларды іске асыру нәтижелері (2021 жылы осы бастамалар бойынша жұмыс атқарылу жоспарлануда)



Стратегиялық орнықты даму мақсатын 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясында көрсетілген келесі стратегиялық бастамалар шеңберінде 2021 жылы іске асыру жоспарланған.

1. **Тиімді корпоративтік басқару.** Компания корпоративті басқаруды Компания құнының, оның бәсекеге қабілеттілігі мен инвестициялық тартымдылығының өсуінің негізгі факторы ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару жүйесін үнемі жетілдіру және акционерлердің мүдделері мен құқықтарын сақтау – «ҚазТрансОйл» АҚ үшін басымдылық болып табылады.

2. **Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету**. Компания өндірістік қызметпен байланысты тәуекелдерді барынша азайтуға тырысады. Осы бастама аясында «ҚазТрансОйл» АҚ алдына келесі міндеттерді қояды:
   - өндіріс орындарының ақаусыз жұмысын қамтамасыз ету;
   - технологиялық қайта жабдықтау және жабдықтың тұтастығын қамтамасыз ету;
   - нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүргізу;
   - ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру;
   - ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік техникалық саясатты әзірлеу және жүзеге асыру.

3. **Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау.** Компания қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды және қолдайды, қызметкерлердің денсаулығына қамқорлық жасайды, сонымен қатар қоршаған ортаға жағымсыз әсердің алдын алады.

4. **Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі деңгейін арттыру.** Компания мұнай құбырларының оңтайлы жұмыс режимдерін жоспарлау, негізгі сорғы қондырғыларының жұмысының тиімділігін арттыру, энергия үнемдеу және энергия ресурстарының меншікті шығынын азайтуға бағытталған іс-шаралар жоспарын орындау арқылы мұнай тасымалдаудың энергия тиімділігін арттыруды жалғастырады.

5. **Адами капиталды дамыту және адам құқықтарын қорғау.** Компания қызметкерлерді оның негізгі стратегиялық капиталы деп таниды. Осыған байланысты «ҚазТрансОйл» АҚ өз алдына адами ресурстарды қолдау және дамыту, қызметкерлінің кәсібилігі мен тиімділігін арттыру, ұжым мен аймақтағы әлеуметтік қорғау мен ұжымдағы тұрақтылық үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету міндетін қояды.

6. **Тұтастық қағидаттарын және Іскерлік этика кодексін сақтау.** Компания өз қызметінде адал, әділ, ашық, адал және жауапкершілікті іскерлік жүргізу қағидаттарын басшылыққа алады. Компаниядағы іскери жүріс-тұрыстың құндылықтары, қағидаттары мен нормалары «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Іскерлік этика кодексінде бекітілген.

7. **Ашықтық пен ашық байланыс принциптері.** Басшылықтың ашықтығын, Компанияның корпоративті басқару стандарттарын ұстануға міндеттілігін растау, сондай-ақ өз жұмысында басқа адамдардың пікірлері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ашық қарым-қатынас орнатуды қамтамасыз ету.

8. **Жеткізу тізбегін тиімді басқару.** Жеткізілім тізбегін тиімді басқару және сатып алу шығындарының төмендеуі кірістіліктің жоғарылауына және Компанияның қаржылық тұрақтылығына әкелуі мүмкін.

Осы бастаманы іске асыру үшін «ҚазТрансОйл» АҚ келесі іс-шараларды өткізуді жоспарлап отыр:
- жоспарлау талаптарынан бастап түпкілікті тұтынушыға жеткізуге дейінгі тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың бірыңғай процестерін әзірлеу және енгізу арқылы сатып алуды бақылауды жетілдіру;
- сатып алудың ашықтығын арттыру және әлеуетті жеткізушілер арасында әділ бәсекелестікті қолдау;
- қойма қорларды басқару және логистиканы оңтайландыру;
- тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі жергілікті қамтуды дамытуға ықпал ету.

БҰҰ-ның жаһандық орнықты даму мақсаттары (ОДМ)

2015 жылы Нью-Йорктегі БҰҰ-ның штаб-пәтерінде мемлекет және үкімет басшылары кедейлікті жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы күреске, сондай-ақ климаттың өзгеруіне байланысты мәселелерді шешуге бағытталған 2030 жылға дейінгі кезеңде орнықты даму саласындағы әлемдік қоғамдастықтың күн тәртібін айқындайтын маңызды мәселелерді шешуге бағытталған орнықты даму саласында 17 мақсат (ОДМ) қабылдады.

Әлемдік қауымдастық қабылдаған ОДМ ұлттық деңгейде де, салалар мен жекелеген компаниялар деңгейінде де орнықты даму мәселелерінің өзектілігін өдәуір арттырды.

«ҚазТрансОйл» АҚ БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен бекітілген ОДМ бастамаларын атқарып отырған жұмысында ұстанады және бизнесті жауапты жүргізу, корпоративтік басқарудың озық тәжірибесін қолдану, қоршаған ортаға әсер етуді барынша азайту және персоналды тиімді басқару, өндірістік объектілерде қауіпсіз еңбек жағдайларын және апатсыз жұмысты қамтамасыз ету арқылы жеке ОДМ-ға қол жеткізуге өз үлесін қосуға тырысады.

«ҚазТрансОйл» АҚ 9 орнықты даму мақсаттарын Компанияның ең маңызды үлес қоса алатын және өзекті болып анықталды.

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Персоналды басқару
- Сыртқы коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың Орнықты даму мақсаттарына (ОДМ) қол жеткізуге бағытталған қызметі

3 ОДМ Жақсы денсаулық пен әл-ауқат	**Барлық жастағы адамдар үшін салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және олардың әл-ауқатын арттыру.** «ҚазТрансОйл» АҚ өзінің қызметкерлері алдында, Компанияның қатысу аймақтарындағы тұрғындар алдында және бүкіл қоғам алдында өзінің әлеуметтік жауапкершілігін түсінеді. Компанияда еңбекті қорғау бойынша кең ауқымды шаралар жүзеге асырылады. Атап айтқанда, 2020 жылы ISO 45001: 2018 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес келетін денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігі басқару жүйесіне көшу аяқталды, ол тиісті сертификат алғанымен расталды. Сонымен бірге, өткен жылы басты назар коронавирустық инфекцияның жаһандық пандемиясына қарсы күреске аударылды. «ҚазТрансОйл» АҚ алғашқы болып COVID-19-қа қарсы күресте көмек көрсету туралы шешім қабылдады. 2020 жылы Дағдарыстарды басқару тобы (ДБТ) іске қосылды. ДБТ-нің 30 отырысы өткізілді, онда Компания қызметкерлері арасында коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлері қаулыларының талаптарын орындау бойынша жедел шешімдер қабылданды. Жалпы сомасы 1 миллиард теңге тұратын Еуропада өндірілген 68 өкпені жасанды желдету аппараттары (ӨЖЖ) сатып алынды, олар Қазақстанның 17 облысына жеткізілді. Мемлекеттік медициналық мекемелері ӨЖЖ аппараттарын қызметтер жиынтығымен алды: қондырғылар; пайдалануды бойынша нұсқаулық; өндіруші өкілдерінің кепілдендірілген жылдық қызметі. Сонымен қатар, өндірістік нысандарда және Компанияның орталық аппаратында белсенді жұмыс жүргізілуде: жылу камералары орнатылды; туннельдерді дезинфекциялайтын объектілерге кіре берісте (Атырау мен Шымкент мұнай айдау басқармалары, ОА); зарарсыздандырғыштар, маскалар; жұмыс орындарындағы санитарлық-профилактикалық шаралардың қатаң сақталуы туралы хабарлау; «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлері арасында иммундық қан плазмасын өз еркімен тапсыру бойынша үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, коронавирустық инфекциядан және / немесе пневмониядан қайтыс болған қызметкерлердің денелерін жеткізуге байланысты (бір әкімшілік-аумақтық бірліктен екіншісіне) 600 мың теңгеге дейін шығындарды өтеу туралы шешім қабылданды, сонымен қатар коронавирустық инфекциямен және / немесе пневмониямен ауырған «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлеріне 50 мың теңге мөлшерінде біржолғы төлем төленді.	*«Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік» бөлімі*
4 ОДМ Сапалы білім беру	**Ауқымды және әділетті сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлығына өмір бойы білім алу мүмкіндіктерін ұсыну.** Персоналды дамыту – бұл компанияның стратегиялық бастамаларының бірі болып табылады. Елдегі карантиндік шараларға қарамастан, 2020 жылы кадрларды даярлау және дамыту бағдарламалары бойынша 1 073 іс-шара өткізілді. Кадрларды даярлауға салынған инвестиция көлемі 324 млн теңгені құрады. Ақтау қаласындағы «ҚазТрансОйл» АҚ-да өндірістік оқыту мен дамыту бағдарламаларын жүзеге асыруға негіздемелер және жағдайлар жасайтын «ҚазТрансОйл» АҚ ЗӘО» филиалының Оқу орталығы жұмыс істейді. Компаниядағы кадрларды қайта даярлау қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатуға ғана емес, сонымен қатар басқа жұмысқа ауысқан жағдайда, қызметкерлердің санын немесе штатын оңтайландырған жағдайда, одан әрі жұмысқа орналасу ықтималдығын арттыру үшін қызметкерлер үшін байланысты мамандықтарды алуға бағытталған. 2020 жылы Басқарма мүшелерін оқыту қажеттіліктерін айқындай отырып, олардың даму жоспарын әзірлеу және бекіту үшін «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшелерін және тұтастай Басқарманы бағалау қажеттілігі айқындалды. Осыған байланысты 2020 жылдың 10 желтоқсанында «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС-мен «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлердің қызметінің тиімділігін арттыруға әлемдік танылған әдісі – Hogan Assessments жүйесі бойынша бағалау, кейіннен оқыту / бағалау нәтижелері бойынша біліктілігін арттыру негізінде келісімге қол қойылды. Осы бағалау нәтижелері бойынша Басқарманың әрбір мүшесі үшін жеке даму жоспарын, сабақтастық жоспарын және оқыту қажеттіліктерін қалыптастыру жоспарлануда. Бағалаудың бірінші кезеңі 2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталды. Процестің келесі кезеңдерін аяқтау 2021 жылы жоспарланған.	*«Персаналды оқыту» бөлімі*
6 ОДМ Таза су және өндірістік тазалық	**Су ресурстары мен өндірістік тазалықтың қол жетімділігі мен ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету.** Компания су ресурстарын тиімді басқаруға талпынады. Осы жұмыс шеңберінде «ҚазТрансОйл» АҚ барлық құрылымдық бөлімшелерінде міндетті түрде қолдануға арналған су ресурстарын басқарудың негізгі принциптерін анықтады. «ҚазТрансОйл» АҚ су ресурстарын басқару процесін үнемі жетілдіруге және мүдделі тараптардың су ресурстарын басқару процесіне қатысуын қамтамасыз етуге ұмтылады. Компаниядағы су ресурстарын басқару судың адам өмірі мен денсаулығы үшін, қоғам мен өндіріс қызметі үшін ең жоғары құндылығын мойындау, елдің су ресурстарына ұқыпты және ұтымды қатынастың маңыздылығы сияқты принциптерге негізделген, сонымен қатар тұщы суды үнемдеу мәселелерін басқару шешімдерін қабылдау кезінде және операцияларды басқару кезінде пайдалану тиімділігін бағалау және есепке алу.	*«Су ресурстары» бөлімі*
7 ОДМ Қымбат емес және таза энергия	**Қол жетімді, сенімді, орнықты және заманауи энергия көздеріне әмбебап қол жетімділікті қамтамасыз ету.** Пайдаланылатын энергетикалық ресурстарды оңтайландыру «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады, оның шеңберінде Компания өндірістік процестердің энергия тиімділігін арттыруға ерекше назар аударады. Осы саладағы міндеттерді іске асырудың стратегиялық маңыздылығы 2020 жылы жаңартылған «ҚазТрансОйл» АҚ Энергетикалық саясатында бекітілген. 2020 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ ISO 50001:2018 стандартына көшті, бұл ұйымның мәнмәтінін және мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен үміттерін ескере отырып, Компанияға энергияны тұтынуды жүйелі түрде азайтуға, шығарындылар мен зиянды заттардың атмосфераға таралуын кемітуге және айтарлықтай қаржылық артықшылықтарға ие болуына мүмкіндік беретін принципиалды жаңа практикалық құрал. «ҚазТрансОйл» АҚ энергия тұтыну құрылымына әр түрлі энергия ресурстары кіреді, олардың ішіндегі ең маңыздысы табиғи газ және электр энергиясы, бірге мұнай тасымалдау үшін пайдаланылатын барлық энергия түрлерінің жалпы тұтыну көлемінің 91,6% құрайды. 2020 жылы 2019 жылдың нәтижелерімен салыстырғанда табиғи газды тұтыну деңгейінің 3,9% -ға төмендеуінің және электр энергиясының 5,8% -ға төмендеуі есебінен мұнай айдау кезінде энергияны тұтыну деңгейін 3,9% төмендетуге мүмкіндік болды. Энергия тұтынудың төмендеуі 2019 жылмен салыстырғанда мұнай жүк айналымының 4,6% төмендеуі аясында мұнай құбырларының оңтайлы жұмыс режимдерін қолдануға байланысты болды.	*«Энергия тиімділігі» бөлімі*
8 ОДМ Лайықты еңбек және экономикалық өсім	**Ілгерілемелі, ауқымды және орнықты экономикалық өсімге, толық және нәтижелі жұмыспен қамтылуға және барлығына лайықты жұмыс жасауға жәрдемдесу.** «ҚазТрансОйл» АҚ – бұл Қазақстан Республикасының 11 аймағында жұмыс істейтін ірі жұмыс беруші. Қызметкерлер саны 2020 жылы 6 720 адамды құрады. Компания өзінің алдына адами ресурстарды нығайту және дамыту, қызметкерлерінің кәсібилігі мен тиімділігін арттыру, ұжым мен аймақтағы әлеуметтік қауіпсіздік пен тұрақтылық үшін жағдай жасау міндеттерін қояды. «ҚазТрансОйл» АҚ үнемі еңбек жағдайларын, еңбекақы төлеу мен ынталандыру жүйесін жетілдіріп отырады, сонымен қатар кадрларды даярлауды дамытуға және өз қызметкерлерін әлеуметтік қолдау деңгейінің жоғарылауына ықпал етеді.	*«Адами ресурстар» бөлімі*

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Персоналды басқару
- Сыртқы коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

9 ОДМ Индустриалан-дыру, инновации және инфрақұры-лым	**Ауқымды және орнықты индустрияландыру мен инновацияны алға тарта отырып, төзімді инфрақұрылым құру.** «ҚазТрансОйл» АҚ инвестициялық бағдарламасы мұнай магистральдық құбырларының сенімді және ақаусыз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған. Компания үшін ғана емес, тұтастай Қазақстан Республикасы үшін де ірі және стратегиялық маңызды инвестициялық жобалардың бірі – «Қазақстан – Қытай» мұнай магистральдық құбыр жүйесінің құрылысы. «ҚазТрансОйл» АҚ-да бизнес-процестерді цифрландыру жұмыстары жүргізілуде. ҒЗТКЖ-ға белсенді түрде инвестициялайды. 2020 жылға әзірленген және бекітілген ҒЗТКЖ-ға сәйкес желілік диагностика деректері негізінде магистральдық мұнай құбыры учаскесінің қалдық ресурсының есептеулері жүргізілді, оларды анықтау үшін құбыр металдары сынамаларының күйін зерттеу жұмыстары жүргізілді беріктік қасиеттері, мұнай құбырларының қалдық ресурсын анықтау үшін әртүрлі құлдырау механизмдерінің шектік күйі критерийлерін есептеу және «металдың шаршауын» ескере отырып қалдық мерзімін есептеу.	*Бөлімдер: «Инвестициялық қызмет»; «Бизнес-процестерді цифрландыру және автоматтандыру»; «Инновациялық-технологиялық даму»*
13 ОДМ Климаттың өзгеруімен күрес	**Климаттың өзгеруімен және оның әсерімен күресу үшін шұғыл шаралар қабылдау.** Кәсіпорынның қоршаған ортаны қорғау қызметін жүзеге асырудың маңызды факторы атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын бақылау болып табылады. Компания шығарындыларды азайту бағытында үнемі жұмыс атқарады. Сонымен қатар, «ҚазТрансОйл» АҚ қоршаған ортаға әсерін азайту мақсатында өндірістік тиімділікті арттыру бойынша жұмыс жүргізуде.	*«Атмосфералық ауаға әсер ету» бөлімі*
16 ОДМ Бейбітшілік, әділеттілік және тиімді институттар	**Орнықты даму үшін бейбіт және ауқымды қоғамдарды алға жылжыту, барлығына сот төрелігіне қол жетімділікті қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және инклюзивті институттарды құру.** Компания өз қызметінде адал, әділ, мөлдір, сапалы және жауапкершілікті бизнес жүргізу қағидаттарын басшылыққа алады. Компаниядағы іскери жүріс-тұрыстың құндылықтары, қағидаттары мен нормалары «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Іскерлік этика кодексінде бекітілген. Компания кез келген формада сыбайлас жемқорлыққа жол бермейді. Барлық мүдделі тараптармен ынтымақтастықта Компания сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде Компанияның іс-әрекеттері туралы олардың хабардарлығын арттыру үшін сындарлы диалогты дамытуға тырысады. Қоғамда ішкі байланыс жүйесі дамыған, оның көмегімен Компания басшылығы кез келген қызметкерден және басқа мүдделі тұлғалардан сыбайлас жемқорлыққа, сондай-ақ басқа да заң бұзушылықтар мен бұзушылықтарға күдікті туралы жедел ақпарат ала алады.	*«Корпоративтік этика» бөлімі*
17 ОДМ Орнықты даму мүдделігіндегі ынтымақтастық	**Орнықты даму мүддесіндегі Жаһандық серіктестік шеңберінде орнату құралдарын нығайту және жандандыру.** Компания кәсіптік тәжірибе алмасуға және салалық деңгейдегі мәселелерді шешуге, соның ішінде орнықты даму саласындағы мәселелерді шешуге көмектесетін әр түрлі кәсіби және салалық бастамаларға белсенді қатысады. «ҚазТрансОйл» АҚ өзінің орнықты дамуын басқару жүйесін дамыту бойынша белсенді жұмыс атқарады. Оның ішінде болашақта кең ауқымды ынтымақтастықты қажет ететін экономикалық, әлеуметтік және экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған шешімдерді іздеу және бастау мақсатында. Мүдделі тараптардың топтарын анықтау, бағалау және жүйелеу мақсатында Компания мүдделі тараптардың жеке топтарының маңыздылығын көрсететін «ҚазТранОйл» АҚ мүдделі тараптарының картасын бекітті. Мүдделі тараптардың картасын құру кезінде Компания мүдделі тараптардың Компанияға әсерін бағалайды және олардың өзара әрекеттесуінің нақты параметрлері негізінде олардың Қоғамға қызығушылық дәрежесін бағалайды. 2020 жылы Мүдделі тараптардың картасы жаңартылды.	*«Орнықты даму-ды басқару» бөлімі*

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

Мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл – «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің ажырамас бөлігі. Компания ашықтық пен сенім қағидаттарының негізінде өздерінің мүдделі тараптарымен қарым-қатынас жасайды, бұл олардың мүдделерін түсінуге және сақтауға және үміттерін ақтауға мүмкіндік береді.

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің ауқымын ескере отырып, Компания мүдделі тараптарға елеулі ықпал ету қабілетін сезінеді, бұл олармен өзара іс-қимыл мәселелеріндегі жауапкершіліктің жоғары деңгейін айқындайды.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі қағидаттары «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексінде тұжырымдалған. Бұл қағидаттар адалдықты, әділдікті, ұждандылықты, ашықтық пен жауапкершілікті қамтиды. Сонымен қатар, мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен үміттерін анықтау – бұл Компанияда енгізілген барлық басқару жүйесі стандарттарының (ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001, ISO 50001) талабы.

Қоғамдағы мүдделі топтарды анықтау, бағалау және жүйелеу мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімімен (отырыстың 2020 жылғы 22 маусымдағы № 15 хаттамасы), «ҚазТранОйл» АҚ мүдделі тараптарының картасын қалыптастыру туралы ереже бекітілді. Мүдделі тараптардың картасын құру кезінде Компания мүдделі тараптардың Компанияға әсерін бағалайды және олардың өзара әрекеттесуінің нақты параметрлері негізінде олардың Қоғамға қызығушылық дәрежесін бағалайды. 2020 жылы Мүдделі тараптардың картасы жаңартылды.

Компанияда құрылған мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл процесі мүдделі тараптардың түрлі топтарының мүдделерін уақытылы анықтауға және бағалауға мүмкіндік береді.

Стейкхолдерлер картасы



Мазмұны

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Персоналды басқару
- Сыртқы коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл процесі

Мүдделі тараптардың талаптары мен болжалдарын анықтау мүдделі тараптармен әртүрлі диалогтар өткізу кезінде, оның ішінде:

- сұрақ-жауап алу және әртүрлі сауалнама жүргізу;
- ашық кеңестерде, жұмыс топтарында және дөңгелек үстелдерде мәселелерді талқылау;
- қоғамдық тыңдаулар өткізу;
- ашық есік күндерін, сондай-ақ мүдделі тараптардың талаптары мен күтулерін анықтауға мүмкіндік беретін өзге де іс-шаралар өткізу.

Мүдделі тараптардың талаптары мен болжалдарын анықтау нәтижесінде компания мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл жасау үшін қажетті іс-шаралардың тұтас көрінісін алады.

СЫРТҚЫ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР

Миноритарлық акционерлер (соның ішінде акционерлердің мүдделерін білдіретін ұйымдар немесе жеке тұлғалар)

Талабы

- Акционерлердің құқықтарын қамтамасыз ету;
- Акционерлер құнының өсуі және бизнестің тұрақтылығы;
- Қолданыстағы заңдардың сақталуы.

Күтуі

- Пайда өсімі және дивидендтерді уақытылы төлеу;
- Ақпараттық ашықтық және айқындылық;
- Халықаралық озық тәжірибеге сәйкес тиімді корпоративті басқару.

2020 жылы іске асырылған іс-шаралар

- 2020 жылдың ақпанында KASE «ҚазТрансОйл» АҚ-ны «Ашықтыққа ұмтылғаны үшін» дипломмен марапаттады;
- 2020 жылғы 18 наурызда «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2019 жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есебі туралы аудиторлық есебі жарияланды;
- 2020 жылғы 27 мамырда «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өтті;
- 2020 жылдың маусымында Компания 2019 жылға жай акциялар бойынша дивидендтер төледі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2019 жылға арналған жылдық есебін жариялау;
- Акционерлердің барлық келіп түскен сауалдамаларына жауаптар берілді.

Мемлекеттік органдар мен ықпал ету ұйымдары

Талабы

- Қолданыстағы заңдардың сақталуы;
- Салықтар мен міндетті төлемдерді төлеу;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту.

Күтуі

- Ақпараттық ашықтық және айқындылық;
- Қатысу аймақтарындағы экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық.

2020 жылы іске асырылған іс-шаралар

- Мемлекеттік бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мен төленген салықтар 36,7 млрд теңге көлемінде;
- 2020 жылдың 30 қазанында ТМРК-да «ҚазТрансОйл» АҚ-ның мұнай жүйесі арқылы мұнайдың 2021–2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ішкі нарығына магистральдық құбырлар арқылы айдалуы бойынша реттелетін қызметке тарифтер мен тарифтік сметаларды бекіту туралы өтінішін қарау бойынша қоғамдық тыңдау өтті.

Қаржы институттары және рейтингтік агенттіктер

Талабы

- Қолданыстағы заңдардың сақталуы;
- Ақпараттық ашықтық.

Күтуі

- Қызметтің оң операциялық және қаржылық нәтижелері;
- Корпоративті басқару практикасы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ тұрақтылығы және қаржылық орнықтылығы;
- Іскерлік этика нормаларын сақтау.

2020 жылы іске асырылған іс-шаралар

- Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы шешімімен «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексі бекітілді;
- Екінші деңгейлі банктермен келіссөздер жүргізу;
- Екінші деңгейлі банктерде шоттар ашу;
- Рейтингтік агенттіктермен конференц-байланыс жүргізу;
- 2020 жылғы наурызда S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «ҚазТрансОйл» АҚ рейтингінің болжамын «Тұрақты»-дан «Теріс» деңгейіне өзгертті;
- 2020 жылдың қарашасында Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «ҚазТрансОйл» АҚ шетел валютасындағы эмитенттің ұзақ мерзімді дефолт рейтингін «BBB-» деңгейінде растады, «Тұрақты болжаммен».

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Персоналды басқару

Сыртқы коммуникациялар

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия үнемдеу

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Қызмет тұтынушылары мен серіктестері

Талабы

- Қолданыстағы заңдардың сақталуы;
- Шарттық міндеттемелерді орындау;
- Сатып алудың ашық конкурстық рәсімдері;
- «ҚазТрансОйл» АҚ тұрақтылығы және қаржылық орнықтылығы;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- Іскерлік этика нормаларын сақтау;
- Тарифтік саясаттағы кез-келген өзгерісті толық және уақтылы ашып көрсету.

Күтуі

- Ұсынылатын қызметтердің уақтылылығы мен жоғары сапасы;
- Бизнестің тұрақтылығы;
- Ақпаратты ашу және ашықтық.

2020 жылы іске асырылған іс-шаралар

- 2020 жылдың ақпанында Компания «Транснефть» ПАҚ-на қазақстандық мұнай компанияларына көлбеу мұнай үшін өтемақы төлеу аяқталғанын хабарлады;
- 2020 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау үшін мұнай айдау қызметіне тариф бекітілді. 2020 жылдың 1 наурызынан бастап күшіне енді;
- Мұнай құбырлары иелерімен операторлық қызмет көрсету бойынша ай сайынғы кездесулер;
- Қызметтерді тұтынушылардың қанағаттанушылығына зерттеу жүргізілді: мұнай тасымалдау бойынша – 100%, операторлық қызмет бойынша – 95%;
2020 жылғы мамырда «ҚазТрансОйл» АҚ-ның магистральдық мұнай құбырлары нысандарында жұмыстар жүргізу кезінде бейнетіркеу жүргізу тәртібі бекітілді, бұл жұмыстарды жүргізу кезінде өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуын тіркеуге және жүргізілген талдаудан кейін жазатайым оқиғаларды, апаттар мен өрттерді болдырмау жөніндегі тиісті іс-шараларды әзірлеуге көмектеседі.

Басқару құрылымы және негізгі құралдар

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелерін басқару екі деңгейде жүзеге асырылады. Орталық аппаратта жұмысты өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және ТЖ департаменті, ЖҚБ деңгейінде – өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлімдері ұйлестіреді.

Компания өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелерін басқару шеңберінде іс-шаралар мен бастамалардың кең тізбесін жүзеге асырады, соның ішінде:

- Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын орындау, халықаралық және ұлттық стандарттарды ұстану;
- мінез-құлық бақылауларын жүргізу және «Қорғау» картасын қолдану;
- қажетті арнайы киіммен, аяқ киіммен және жеке қорғану құралдарымен (ЖҚҚ) қамтамасыз ету;
- еңбек қауіпсіздігі тәуекелдерін бағалау, өндірістік жарақаттану жағдайларының профилактикасы және алдын алу;

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Персоналды басқару

Сыртқы коммуникациялар

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия үнемдеу

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- қауіпті өндірістік нысанның өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясына сәйкес сенімділік және қауіпсіздік саласындағы іс-шаралар кешенін орындау;
- ЖҚБ -да өндірістік кеңестердің жұмыс істеуі;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша қызметкерлермен ай сайынғы жиналыстар өткізу;
- «Қауіпсіздік техникасы бойынша минуттар» өткізу;
- қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері, өрт-техникалық минимум және өнеркәсіптік қауіпсіздік көлемінде өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша оқыту.

Өндірістік қауіптер мен қатерлерді бағалау

«ҚазТрансОйл» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы тәуекелдерді басқару ережелеріне сәйкес Компания қызметкерлер мен басқа да мүдделі тұлғалар үшін қауіпті жағдайларды анықтау бойынша жұмыстар жүргізеді, сонымен қатар, онымен байланысты тәуекелдерді бағалайды. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қаупін анықтау және бағалау Компанияның орталық кеңсесінде және ЖҚБ -да жүзеге асырылады.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы тәуекелдерді бағалау кезеңдері

1. Қауіптер тізбесін жасау/өзектендіру
2. Қауіптің туындауы нәтижесінде болуы мүмкін тәуекелдердің тізбесін айқындау
3. Әрбір тәуекелдің сандық шамасын анықтау
4. Жоғары тәуекелдерді анықтау

Тәуекелді бағалау кем дегенде 2 жылда бір рет жүзеге асырылады. Еңбекті қорғау қызметінің қызметкерлері қызығушылық білдіретін бөлімдермен бірге бағалау үдерісіне қатысады. Анықталған тәуекелдер апат немесе авария кезінде, сондай-ақ, өндірістік қызметте елеулі өзгерістер болған кезде қайта бағалануға жатады. Тәуекелді бағалау нәтижелері бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы жоғары тәуекелдерді төмендету бойынша шаралар әзірленуде.

Компания сондай-ақ өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үдерісіне қатысатын қызметкерлерге оларды басқару процедураларының сапасы мен дәлдігін арттыру мақсатында тәуекелдерді бағалау бойынша оқытуды үнемі өткізеді. 2020 жылы «Қауіпсіздік жылына» орайластырылған іс-шараны жүзеге асыру мақсатында ISO 31000:2018 халықаралық стандартының талаптарын ескере отырып Компанияның 216 қызметкері өндірістік объектілер менеджерлері мен өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлер арасынан тәуекелдерді басқару жүйесінде оқудан өтті.

Ықтимал тәуекелдер мен технологиялық процестердің жұмыс істеу қабілеттілігіндегі проблемаларды анықтау мақсатында. Т. Қасымов атындағы МАС-да HAZOP әдісін қолдана отырып, өндірістік тәуекелдерді бағалауды тиісті есептеумен жасады.

Басқару жүйесін дамыту

2020 жылы Компания «ҚазТрансОйл» АҚ-да 2020 жылға арналған қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін кешенді дамыту бойынша қабылданған Жол картасына сәйкес түрлі іс-шараларды іске асыра отырып, еңбек қауіпсіздігін, еңбекті қорғауды және денсаулықты қорғауды қамтамасыз ету жүйесін дамытуды жалғастырды. Сондай-ақ, Компания қызметкерлері арасында COVID-19 таралуын болдырмау бойынша шаралар қабылданды.

Есепті жылы әзірленді және бекітілді:
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның «Қорғау» картасын қолдану Регламентіне өзгерістер;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-да COVID-19 коронавирусы инфекциясының таралуын болдырмау және оған ден қою тәртібі;
- «Магистральдық мұнай құбырлары. Автокөлік, трактор және арнайы техника. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар кешенін ұйымдастыру және басқару» СТ 6636-1901-АҚ-039-2.002-2020 ұйым стандарты.

2020 жылы Компанияның өндірістік орындарында 3 516 жұмыс қауіпсіздігін мінез-құлықтық бақылауын және 2 917 қозғалыс қауіпсіздігін мінез-құлықтық бақылауын жүргізілді. Бақылаулар көрсеткендей, жұмыстың 95%-ы қауіпсіз орындалады. Қауіпсіз ұйымдастыру мен жұмысты орындаудың барлық анықталған фактілері бойынша қызметкерлермен болған сәйкессіздіктерді көрсете отырып әңгімелер жүргізіліп, тиісті шаралар әзірленді.

2020 жылы Компания жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) сатып алуға қатысты саясатын едәуір өзгертті. Атап айтқанда, ЖҚҚ-ға тұтынушылардың жоғары талаптары бар жаңа техникалық сипаттама жасалды. ЖҚҚ жеткізушісін анықтаған кезде оның жұмыс уақытында ЖҚҚ деректерін сақтау мүмкіндіктері ескерілді. Аккредиттелген зертханада жеткізілген ЖҚҚ-ны тексеру және сынау рәсімдері бөлек қарастырылды.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылау шеңберінде 4 046 тексеру жүргізілді, 4 026 сәйкессіздік анықталды, олар уақытында жойылды.

«Қорғау» картасы

Компания «Қорғау» картасын қолдану бастамасын жүзеге асыруды жалғастыруда. Компанияның кез келген қызметкері немесе келушілері сәйкессіздіктерді немесе қауіпсіздікке қауіп төндіретін жағдайларды анықтаған кезде, сәйкессіздіктер жойылғанға дейін жұмысты тоқтата алады, сонымен қатар, картаны толтыру арқылы қауіпсіздік жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізе алады. Есепті жылы 1 211 «Қорғау» картасы толтырылды, оның ішінде 625 карточка орындалды. Карточкалық бланкілер өндіріс орындары мен кеңсе үй-жайларында және Компанияның ғаламтор желісінде орналастырылған.

2020 жылға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-да қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін кешенді дамытудың Жол картасын іске асыру шеңберінде «Қорғау» картасын пайдалану ережелері жаңартылды. Ережеге өзгертулер енгізілді:
- қызметкерлерді ынталандыру жиілігі;
- қызметкерлерге ақшалай сыйақы мөлшерін көбейту;
- жұмыс қауіпсіз емес жағдайда анықталған жағдайда бақылаушыға жұмысты тоқтата тұру құқығын беру.

Қызметкерлерді ай сайын және жыл сайын «Қорғау» картасын пайдалануға ынталандыру мақсатында қызметкерлерге «Үздік» Қорғау картасы» сертификаттары мен белгіленген ақшалай сыйақылар беру қолданылған.

2020 жыл ішінде бақылау типі бойынша «Қорғау» картасының саны, дана

Бақылау типі	Саны
Қауіпсіз емес іс-әркеттер	252
Қауіпті фактор	493
Ұсыныстар	466
Барлығы:	**1 211**

Дағдарыстық жағдайларды басқару командасы

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының COVID-19 коронавирустық инфекция пандемиясының жариялануына, сондай-ақ, бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша төтенше жағдай енгізілуіне байланысты «ҚазТрансОйл» АҚ дағдарыстарды басқару тобы (ДБТ) 2020 жылдың наурыз айында іске қосылды. 2020 жылы ДБТ-тың жалпы саны 30 отырысы өткізілді, оларда Компания нысандарындағы жұмыс кестесін өзгерту, санитарлық-профилактикалық іс-шараларды сақтау талаптарын іске асыру үшін материалдық ресурстар бөлу туралы, сонымен қатар, басқа да мәселелер Компания қызметкерлері арасында коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің шешімдерінің талаптарын орындау кезінде жедел шешімдер қабылданды.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті инвестициялау

2020 жылы бұл салаға жалпы инвестиция 2,3 млрд теңгені құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 17% -ға артық. Атап айтқанда, «Еңбекті қорғау», «Денсаулық сақтау» және «Өнеркәсіптік қауіпсіздік» салаларына инвестициялар ұлғайтылды.

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару
Персоналды басқару
Сыртқы коммуникациялар
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
Қоршаған ортаны қорғау
Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті инвестициялау көлемі, млн теңге

Атауы	2018	2019	2020	Өзгеріс, %
Еңбекті қорғау	163,9	188,2	**253**	25
Денсаулықты қорғау	673,9	573,3	**897**	36
Өнеркәсіптік қауіпсіздік	137,7	120,4	**249**	51
Өрт қауіпсіздігі	914,6	999,0	**887**	–12
Барлығы:	**1 890,1**	**880,9**	**2 286**	**17**

Өндірістік жарақаттану

Қауіпсіздік техникасы мен еңбек жағдайын жақсартудағы кең ауқымды шараларға қарамастан, 2020 жылы Компания өндірісінде 3 жазатайым оқиғаны бастан өткерді, яғни 5 қызметкер жарақат алды. Барлық жазатайым оқиғалар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Компанияның ішкі рәсімдеріне сәйкес тексерілді.

Апаттар электр тоғының соғуы салдарынан, тиеу-түсіру жұмыстары кезінде және жол-көлік оқиғасы салдарынан Компанияның 5 қызметкері зардап шеккен.

Жүргізілген тергеу жұмыстарының нәтижесінде, бұл жағдайларда жарақат алудың шешуші факторлары болып жұмыстың қанағаттанарлықсыз ұйымдастырылуы, қызметкерлердің жеке немқұрайлылығы, жұмысқа кіріспес бұрын қауіп-қатердің бағамдамау, жол қозғалысы ережелерінің бұзылуы анықталған.

Әрбір апат Компания басшылығымен талқыланды, апаттарға себеп болған жағдайларға талдау жасалды.

Оқиғалар туралы шолулар ЖҚБ-ға жіберілді, олар әр қызметкерге ақпарат тақталарында ақпаратты орналастыру, «Қауіпсіздік техникасы бойынша минут» өткізу, осы ақпаратты әңгімелесу, қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша кездесулер кезінде пайдалану арқылы жеткізілді. Мұндай жағдайлардың қайта орын алмауы үшін тәуекелдер де қайта қаралып, тиісті шаралар әзірленді.

Компания қызметкерлері арасындағы өндірістіктегі жазатайым жағдайлар саны

Көрсеткіштер	2018	2019	2020	Өзгеріс, %
Өндірістегі жазатайым жағдайлардың жалпы саны	2	3	**3**	–
Жарақат алған адамдардың жалпы саны, соның ішінде	2	3	**5**	67%
Аса ауыр емес жарақат саны	2	0	**3**	үш жағдайға
Ауыр жарақат саны	0	3	**2**	–33%
Өндірістік жарақат салдарынан болған өлім саны	0	0	**0**	–
1 000 адамға шаққандағы жазатайым оқиғалардың жиілігі	0,29	0,44	**0,44**	–
Уақытша жұмысқа жарамдығын жоғалтумен (LTIR) өндірістегі жазатайым жағдайлардың жиілік коэффициенті	0,17	0,26	**0,46**	77%

2020 жылы 3 апат болды, онда 5 адам зардап шекті: оның ішінде 2-уі ауыр өндірістік жарақат алды, ал 3 жұмысшыда – ауыр дәрежесіне жатпайтын жарақаттар. 77% өсім 3 адам жарақат алған апатқа байланысты. 77% өсім орын алған жазатайым жағдаймен шартталған, онда 3 адам зардап шеккен.

Мердігер ұйымдардағы жұмысшылар арасындағы жазтайым жағдай

Мердігер ұйым жұмыскерлеріне де Компания қызметкерлеріне қойылатын бірдей өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қатаң талаптар қойылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Алтын ережелер» кодексі Компанияның өндірістік объектілері аумағында орналасқан мердігер ұйымдардың өкілдеріне де қатысты.

Компанияда «Мердігер ұйымдарға қойылатын талаптар» АҚ СТ нормативтік құжатын қабылдады, онда Компанияның мердігер ұйымдарға қолданылатын қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың барлық талаптары бөлек көрсетілген.

Мердігер ұйымдардағы қауіпсіздік пен еңбекті қорғау деңгейін жақсартудың маңызды құралы – келісім шарттағы міндетті бөлім, онда мердігер ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша нақты міндеттері көрсетілген. Белгіленген міндеттемелерді бұзған жағдайда шара қолдануға және айыппұл салуға құқық береді.

Компания мердігер ұйымдардың басшылығымен еңбек қауіпсіздігі, жеке қорғаныс құралдарын пайдалану және сапасын жақсарту, жол ережелерін сақтау мәселелерін талқылауға арналған кездесулерді үнемі ұйымдастырады.

2020 жылы мердігер ұйымда жұмыскер жарақат алған 1 жағдайын тіркеді. Бұл іс белгіленген тәртіпте тергеліп, Компанияның барлық қызметкерлеріне жеткізілді. Компания объектілерінде мұндай оқиғаның болдырмауы жөнінен алдын алу шаралары қабылданды.

Денсаулықты қорғау

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлердің денсаулығын сақтау мен қолдауға аса назар аударады. Компания жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың, оның ішінде кәсіптік аурулар мен жарақаттардың алдын-алу бойынша жұмыстар жүргізуде.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Компания қызметкерлеріне келесі медициналық қызметтер көрсетіледі:

- санитарлық авиация және жедел жәрдем түріндегі жедел медициналық көмек;
- күндізгі медициналық орталықта дәрігерге дейінгі көмек;
- вахталық жұмыс режимі бар медициналық орталықтағы білікті медициналық көмек;
- Қызметкерлерді міндетті медициналық тексеруден өткізу, оның ішінде күнделікті және жыл сайынғы мерзімді тексеру.

Санитарлық-эпидемиологиялық және емдеу-профилактикалық іс-шараларының шығындары, млн теңге



Өндіріс орындарында шұғыл медициналық көмекті уақтылы көрсету үшін қажетті дәрі-дәрмектер, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық жабдықтармен қамтамасыз етілген күндізгі және тәулік бойы жұмыс істейтін медициналық орталықтар қызмет атқарады.

2020 жылы Компания қызметкерлері арасында COVID-19 короновирустық инфекциясы таралуын болдырмауға ерекше назар аударылды. Есепті кезеңдегі басқа жұмыстармен қатар:

- пандемияның Компания қызметіне әсер ету тәуекелдерін бағалау жүргізілді;
- қызметкерлер арасында профилактикалық шараларға деген көзқарастары жөнінен сауалнама жүргізілді;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-да COVID-19 алдын алу» оқу материалы әзірленген, сонымен қатар ол қызметкерлердің назарына жеткізіліп, тестілеу арқылы игерілген материал бойынша білімді тексеру жүргізілді. Компанияның 96% қызметкерлері оқуымен қамтылған;
- көлік және кеңсе ғимараттарында үнемі санитарлық-профилактикалық талаптарды сақтау қажеттілігі туралы дауыстық хабарлама шығады;

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Персоналды басқару

Сыртқы коммуникациялар

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия үнемдеу

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- ішкі коммуникациялық жүйелерде келесі тақырыптар бойынша плакаттар әзірленіп, үнемі көрсетіліп тұрады: «ҚазТрансОйл» АҚ-да COVID-19 ауруының белгілерін анықтаған кездегі қызметкердің іс-әрекеті», «Бетперде кию ережелері» және т. б.;
- Компания қызметкерлерін ЖРВИ/ тұмауға қарсы екпе жасау шараларын өткізді;
- өндіріс орындары жүйелі түрде салауатты өмір салты тақырыбында парақшалармен, брошюралармен және плакаттармен қамтамасыз етіледі.

2020 жылы ОҚБ мен Компанияның орталық аппаратына қызметкерлерді ауысымға дейінгі медициналық тексеруден өткізуге арналған электронды жабдықтар орнатылған. Аталмыш жүйені енгізу өткір немесе созылмалы ауруды бар, алкогольдік, есірткі немесе уытқұмарлықтың белгілері бар қызметкерлерді өндірістік нысанға кіргізбеуге мүмкіндік туғызды, осылайша жұмыс кезінде денсаулығының кенеттен нашарлау қаупі азайды, адам факторы алынып тасталды және медициналық тексеруден өту уақыты үш есеге қысқартады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Компаниядағы өндірістік және өрт қауіпсіздігін басқару жүйесі қауіпті өндірістік объектілердегі апаттар мен оқыс оқиғалардың алдын-алу, оқыс жағдайларды оқшаулау және олардың салдарын жою бойынша қабылданған ұйымдастырушылық-техникалық шаралармен жан-жақты байланысты.

2020 жылы Компанияның магистральдық мұнай құбырларын және басқа өндірістік объектілерін пайдалану кезінде техногендік апаттар мен өрттер тіркелмеген.

Қауіпсіздіктің жоғары деңгейіне өндірістік және өрт қауіпсіздігін басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған келесі іс-шаралар кешенінің арқасында қол жеткізілді:

- бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ-да қауіпті энергия көздерін оқшаулау тәртібіне сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ жабдықтарына техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстары кезінде қауіпті энергия көздерін оқшаулау бойынша бірыңғай талаптардың орындалуын қамтамасыз ету үшін бақылау жүргізілді;
- кәсіпқой әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметімен компанияның қауіпті өндірістік нысандарын қамтамасыз ету үшін келісім-шарт жасалды;
- стационарлық көбікті өрт сөндіру қондырғыларының жұмыс қабілеттілігі мен өрт сдабылының техникалық жай-күйіне үнемі тексерулер жүргізілді, сонымен қатар, өндірістік объектілердегі өрт-техникалық жабдықтарға тексеру жүргізілді;
- өрт туындауы мүмкін болған жағдайда іс-әрекеттің тәжірбиелік және теориялық дағдыларын алу үшін 933 өрт-техникалық сабақтар, өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша 18 852 өрт қауіпсіздігінің алдын алу бойынша кіріспе нұсқаулық өткізілді, ерікті өрт сөндіру бөлімшелерінің 102 мүшелері оқудан өтті, өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша 260 нұсқау қайта қаралды;
- Компания нысандарында 25 дала техникасы бар 20 өрт посты құрылды. Компанияның өндірістік нысандарын өрттен қорғау бойынша қызметтер ұсынған мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің өрт посттарын тексеру жүргізілді. Келісім шарттық міндеттемелердің сыны бұзушылықтары анықталған жоқ.

Еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша оқыту

«ҚазТрансОйл» АҚ-да өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік талаптарда көзделген барлық оқу бағдарламалары бар.

2020 жылы жүргізілген оқулар

Курстар түрі	Оқыған қызметкерлер
қауіпсіздік және еңбекті қорғау туралы	414
өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес	6 584
өрт-техникалық минимумға сәйкес	4 992
медициналық білімі жоқ адамдарды дайындау үшін	1 100
«Қорғалған жүргізушілік» тақырыбына	1 127 жүргізуші (оның ішінде 150 жұмыс орындағы жүргізушілер);
«Қыс мерзіміндегі қорғалған жүргізушілік» тақырыбында	162 кәсіби емес жүргізушілер үшін;
«ISO «31000: 2018» сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесінің менеджері» тақырыбында	216
«Көшбасшылық қасиеттерді дамыту» тақырыбында	9

RoSPA (Ұлыбритания) «Британдық корольдік апаттың алдын-алу қоғамында» сертификатталған «Қауіпсіз жүргізуші» ЖШҚ ұйымының мамандары «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 10 қызметкеріне «Тренерлерді бағдарлама бойынша дайындау», «Қорғаныс жүргізу», «Жолдың қиын жағдайында жүргізу», «Ауыр және мамандандырылған техниканың қауіпсіз маневрі» тақырыбында қашықтықтан оқыту жүргізді.

Сонымен қатар, 11 жұмысшы «Қауіпсіз басқару» бағдарламасы бойынша оқудан өтіп, IOSH (Institution of Occupational Safety and Health) халықаралық сертификатына ие болды.

Бекітілген кестеге сәйкес ай сайынғы еңбек қауіпсіздігі, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзекті тақырыптарда еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау бойынша мәжілістер өткізілді.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да 2020 жылға арналған қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін кешенді дамытудың Жол картасына сәйкес, «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылдың 27 қарашасында «Қауіпсіз болашақ» ұранмен III жыл сайынғы HSE (Health, Safety & Environment) Форумын өткізді. Форумның мақсаты – жұмыс кезіндегі қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін көтеру, сонымен қатар «нөлдік жарақаттарға» қол жеткізу. COVID-19 таралуына байланысты күрделі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, форум онлайн режимінде өтті.

Форумның мақсатты аудиториясы «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлері, Компанияның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының басшылары, «ҚазТрансОйл» АҚ мердігер ұйымдары болды. Форумға спикер ретінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығының (ISSA), Total, Royal Dutch Shell Plc, «Газпромнефть-ГЕО» және М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің өкілдері шақырылды.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да «Қауіпсіздік күндері» іс-шаралар бағдарламасына сәйкес, 2020 жылдың 16 мен 26 қарашасы аралығында қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша қарапайым және қызықты тапсырмалар топтамасын күнделікті жіберумен «Қауіпсіз Болашақ» онлайн-марафоны өткізілді. Барлық тапсырмалар qauipsizbolashaq.kz арнайы әзірленген веб-сайтында жарияланды. Іс-шараларды ақпараттық қолдау «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі байланыс каналдары арқылы ұйымдастырылған. Сондай-ақ, «Менің қауіпсіз жұмыс орным» (фотоконкурс) және «HSE бойынша ең шығармашылық челлендж» (видео байқау) номинациялары бойынша конкурстық жұмыстар ұйымдастырылды. «ҚазТрансОйл» АҚ-да тіркелген жұмыстардың жалпы саны 476 фото және 141 видео құрады. Белсенді қатысқан барлық қызметкерлерге естелік сыйлықтар табысталды.

2021 жылға және орта мерзімді перспективаға жоспарлар

Осы бағытта қысқа және орта мерзімді перспективада келесі шараларды қолдану жоспарланып отыр:

- ISO 45001:2018 және ISO 14001:2015 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес денсаулық, еңбек және қоршаған ортаны қорғау (ДЕҚОҚ) менеджмент жүйесі басшылығын әзірлеу;
- ISO 45001:2018 және ISO 14001:2015 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес Компанияның ДЕҚОҚ саласындағы саясатын әзірлеу;
- «ҚазТрансОйл» АҚ «Алтын ережелер» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы Кодексін жаңарту;
- «Қауіпсіз болашақ» қауіпсіздік мәдениетін арттыру бағдарламасын әзірлеу;
- Қызметкерлердің ДЕҚОҚ мәселелеріне қатысуын бағалау процедурасын әзірлеу және енгізу;
- ДЕҚОҚ аймағында қызметкерлердің күтулеріне Компанияның іс-әрекетіне сәйкес сауалнама рәсімін әзірлеу және енгізу;
- тарихи мұнай ластануын жою бойынша жұмыстарды жалғастыру, атап айтқанда, Атырау мұнай құбыры басқармасы объектілеріндегі бұзылған жерлерді қалпына келтіру;
- Құлсары мұнай құбыры басқармасы объектілеріндегі бұзылған жерлерді қалпына келтіру (тарихи ластану) жобасын әзірлеу.

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Персоналды басқару
- Сыртқы коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Құрылым және басқару құралдары

Қоршаған ортаны қорғауды басқару (ҚОҚ) екі деңгейде жүзеге асырылады. Орталық аппаратта жұмысты өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және ТЖ департаменті, ЖҚБ деңгейінде – тиісті ведомстволар үйлестіреді.

«Экологиялық менеджмент жүйесі. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық» ISO 14001: 2015 талаптарына сәйкестігіне сертификатталған ҚОҚ басқару жүйесі ИСМ бір бөлігі болып табылады және Компанияның өндірістік қызметінің барлық салаларын қамтиды. Компания экологиялық менеджмент шеңберінде көптеген іс-шаралар мен бастамаларды жүзеге асырады, оның ішінде:

- ҚОҚ саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сәйкесінше халықаралық және ұлттық стандарттарды сақтау;
- экологиялық менеджмент жүйесі талаптарын сақтау;
- экологиялық аспектілерді идентификациялау және бағалау, экологиялық аспектілерді басқару жөніндегі шараларды жүзеге асыруға инвестицияларды бағыттау;
- мердігер ұйымдар (зертханаларды) тарта отырып, өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде өндірістің экологиялық тиімділігін бағалау;
- апаттық ластанған жағдайда міндетті экологиялық сақтандыру туралы жылдық келісім шарттар жасасу;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қоршаған ортаға әсерін бағалау;
- Компания қызметкерлері арасында экологиялық мәдениетті дамыту және насихаттау.

Инвестиция және табиғатты қорғау төлемдері

Компанияның қоршаған ортаны қорғау шығындары екі негізгі баптан тұрады:

- атмосфераға ластаушы заттардың қалдықтары, ластаушы заттардың ағынды суларға төгілуі, өндіріс қалдықтарын көму және тұтыну үшін төлемдер;
- Қазақстандағы қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған бастамашылық негізінде жүзеге асырылатын қоршаған ортаны қорғау шараларының шығындары.

2020 жылы қоршаған ортаны қорғау шараларын іске асыруға 1 316 млн теңге инвестицияланды, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 42,2%-ға аз. Шығындардың төмендеуі «Өзен – Атырау – Самара» магистральды мұнай құбырының 984-985 шақырымындағы бұзылған жерлерді қалпына келтіру жұмыстарымен (тарихи ластану) байланысты.

Компанияның эмиссиялары үшін төлемдер 2020 жылы 81,69 млн теңгені құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 17,6%-ға төмен және атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының төмендеуімен байланысты.

2020 жылы экологиялық талаптар мен қоршаған орта сапасының стандарттарын бұзу жағдайлары тіркелді, нәтижесінде Компанияға мемлекеттік органдардың салған әкімшілік айыппұлдарының жалпы сомасы 542,9 мың теңгені құрады.

2020 жылдың 26 ақпанында Павлодар мұнай құбыры басқармасының «Павлодар – Шымкент» мұнай құбырының 227 шақырымында жерасты құбырындағы ақаудың нәтижесінде жер бетіне мұнай ағып кетті. Мұнаймен ластанған барлық топырақ дереу жиналып, жойылған, бұл қоршаған ортаға зиян келтіру туралы талап қоюдан сақтады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға және әкімшілік айыппұл төлегені туралы түбіртекке сәйкес, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 337 бабының 2 тармағы Жерді улау, ластану немесе өзге де зақымдау сәйкес 100 АЕК немесе 265,1 мың теңге көлемінде әкімшілік өндіріп алу салынды. Әкімшілік айыппұлы дер кезінде төленді.

Қоршаған ортаны қорғау үшін шығындар. Табиғатты қорғау іс-шаралары үшін ағымдағы шығындар, млн теңге



Экологиялық төлемдер, млн теңге



«Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша экология департаменті» РММ-не жоспардан тыс тексеру барысында Т. Қасымов атындағы МӨС 5-тармақ 2020 жылы, жобалау-іздестіру жұмыстары және РВС-20,000 м³ (№ 10) резервуарына алюминий понтонын орнату, 2021 жылы – пайдалануға беру қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатта көрсетілген қоршаған ортаны пайдалану шарттары бұзу анықталған.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға және әкімшілік айыппұл төлегені туралы түбіртекке сәйкес, әкімшілік жаза Қазақстан Республикасының Кодексінің 326 бабының 1 тармағына Экологиялық рұқсаттамада көрсетілген табиғатты пайдалану әкімшілік құқық бұзушылық туралы – оны орындамау сәйкес 100 АЕК немесе 277,8 мың теңге мөлшерінде әкімшілік өндіріп алу салынды. Әкімшілік айыппұл дер кезінде төленді.

2020 жылы мұнай тасымалдау кезінде қоршаған ортаға зиян келтіретін апаттар болған жоқ.

Атмосфералық ауаға әсері

Компанияның атмосфералық ауаға әсер етуінің негізгі көздері – мұнайды жылыту пештері, қазандық қондырғылары және мұнайды сақтауға арналған резервуарлар.

Атмосфералық ауаға жағымсыз әсерді болдырмау және азайту мақсатында Компания мұнайды жылыту пештеріндегі, ыстық су қазандарындағы жану процесін оңтайландыру және атмосфераға ластаушы заттардың шығарылуын мониторинглеу бойынша шаралар қабылдайды.

Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі, тонна

Көрсеткіш	2018	2019	2020	Өзгеріс, %
Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі, оның ішінде:	**29 951**	**26 665**	**23 396**	**–12,3**
Nox	919	928	**642**	–30,8
Sox	104	89	**93**	4,5
COx	283	285	**273**	–4,2
атмосфераға шығарындылардың басқа санаттары	28 645	25 363	**22 388**	–11,7

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару
Персоналды басқару
Сыртқы коммуникациялар
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
Қоршаған ортаны қорғау
Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі, оның ішінде:



2020 жылы атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының жалпы көлемі белгіленген нормативтерден аспады. Ластаушы заттар шығарындыларының өткен жылмен салыстырғанда 12,3%-ға төмендеуі шығарылатын мұнай көлемінің азаюымен байланысты.

Кәсіпорынның қоршаған ортаны қорғау қызметін жүзеге асырудың маңызды факторы атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын бақылау болып табылады.

Атмосфераға ластаушы заттардың шектік мүмкіндік шығарындылары (ШМШ) жобасы ластаушы заттар шығарындыларының көздерінде ШМШ нормативтерінің сақталуын бақылауды қарастырады. ШМШ нормативтерінің аттестацияланған зертханасы бар мамандандырылған ұйым бақылайды.

Бақыланатын бастаулардың саны кәсіпорынның жалпы шығарындыларына қосқан үлесімен анықталады. Шекті шығарындылар әр бастау үшін белгіленген стандартты мәндерден аспауы керек (ШМШ; г/с). ШМШ жобаларындағы көрсетілген, шығарылымдарды бақылау жиілігін кестеге сәйкес жүргізу ұсынылады.

Буланған газ эмиссиясы

Компанияда буланған газдар шығарындыларының көзі болып қазандықтар, мұнай жылыту пештері, буланған газдар шығарындыларының жылжымалы және стационарлық бастаулары, дизельді электр станциялары, дәнекерлеу қондырғылары және басқа жабдықтар табылады.

Буланған газдар шығарындыларының көлемін есептеу және буланған газдарды түгендеу туралы есепті дайындау отын шығыны, есепті жылдағы тасымалданған мұнай көлемі бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері ұсынған мәліметтер негізінде жүзеге асырылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің көздерінен буланған газдар шығарындыларының көлемін есептеу

Көрсеткіш	2018	2019	2020 (болжам)	Өзгеріс, %
Булы газдар шығарындыларының тікелей көлемі, мың тонна CO_2-экв., қосымша алғанда:	**164,7**	**163,9**	**158,1**	**–3,5**
(CO_2) көмірқышқыл газы, мың тонна	163,7	163,0	**157,2**	–3,6
(CH_4) метан, мың тонна CO_2- экв.	0,08	0,09	**0,08**	–11,1
(N_2O) азоттың шалатотығы, мың тонна CO_2-экв.	0,87	0,84	**0,83**	–1,2

Булы газдар шығарындыларының тікелей көлемі, мың тонна CO_2-экв., қосымша алғанда:



Су ресурстары

«ҚазТрансОйл» АҚ суды жасалған шарттарға, сондай-ақ, арнайы су пайдалануға арналған рұқсаттарға сәйкес жинайды және су объектілеріне айтарлықтай әсер етпейді.

«ҚазТрансОйл» АҚ су ресурстарын басқарудың негізгі міндеттері болып табылады:

- барлық құрылымдық бөлімшелерде міндетті түрде қолдануға арналған су ресурстарын басқарудың негізгі принциптерін анықтау;
- су шаруашылығы үдерісін үнемі жетілдіріп отыруды қамтамасыз ету;
- су ресурстарын басқару процесіне мүдделі тараптардың қатысуын қамтамасыз ету.

Көздер бойынша алынған судың жалпы көлемі, мың м³

Көрсеткіш	2018 **	2019**	2020	Өзгеріс, %
Суалғыш көлемі, соның ішінде:	**15 055**	**536**	**472,16**	**–11,9**
Су беттері	14 727	14	**44,16**	–
Жер асты сулары (артезиандық ұңғыма)	240	221	**195,34**	–11,6
Муниципалды және өзге де сумен жабдықтау жүйелері (бөтен ұйымдардан сатып алу)	88	301	**232,72**	–22,7

** 2018 жылы суды тұтыну көлемі «ҚазТрансОйл» АҚ Магистралды су беру басқармасының 2018 жылдың қаңтарынан маусымына дейінгі жұмысын ескере отырып беріледі.*

*** 2018 жылдың шілдесінен бастап бұл қызмет түрін «Магистральды Суағызғысы» ЖШС жүзеге асырады.*

Есепті кезеңдегі суды тұтыну көлемі 472,16 мың м³ құрады, бұл 2019 жылғы су тұтыну көлемінен 11,9%-ға аз. 2020 жылы суды тұтынудың төмендеуі іссапарға жіберілген қызметкерлер санының аздығымен, объектілерде мердігерлердің жұмысшылармен, сондай-ақ, пандемияға байланысты Компанияның қашықтықтан жұмыс істеумен байланысты.

Ағынды суларды ағызу көлемі 2020 жылы 231,61 мың м³ құрады және су тұтынудың төмен көлеміне байланысты 15,6% -ға төмендеді және Компанияның рұқсат етілген шегінен аспады.

Ағынды суларды жою қондырғысы арқылы төгу, мың м³

Көрсеткіш	2018	2019	2020	Өзгеріс, %
Жалпы төгу көлемі, соның ішінде:	**591,5**	**274,5**	**231,61**	**–15,6**
Булану тоғандары (жинақтаушы), сүзгілеу алаңында	201,3	183,0	**157,17**	–14,1
Бөтен ұйымдар суында	94,7	91,1	**76,68**	–15,8
Өзен, көл, сазды қоса алғанда, су беттері	295,5	0,4	**0,4**	–

Жалпы төгу көлемі, соның ішінде:



Компанияның қоршаған ортаға әсерін бақылау үшін жер асты, жер үсті және ағынды сулардың мониторингі суларды зертханалық зерттеумен, сондай-ақ, ағынды сулардың тазару дәрежесін бақылаумен жүзеге асырылады.

Қалдықтарды басқару

Қалдықтарды басқару және қауіпсіз өңдеу – Компанияның қоршаған ортаны жоспарлау мен басқарудың негізгі бағыттарының бірі.

Табиғи ортаның құрамдас бөліктерінің ластануын болдырмау мақсатында қалдықтарды жинақтау және жою Қазақстан Республикасында қолданыстағы ережелеріне, халықаралық стандарттардың талаптарына, сондай-ақ, «ҚазТрансОйл-дың» АҚ-ның ішкі стандарттарына қатаң сәйкес жүргізіледі.

Қалдықтарды басқару саласындағы міндеттер:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық стандарттардың, сондай-ақ, «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі стандарттарының талаптарын сақтау;
- қалдықтарды арнайы бөлінген және жабдықталған жерлерде немесе жабық контейнерлерде бөлек жинау;

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару
Персоналды басқару
Сыртқы коммуникациялар
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
Қоршаған ортаны қорғау
Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- мамандандырылған ұйымдармен тұтыну және өндіріс қалдықтарын шығару және жою /қайта өңдеу/ кәдеге жарату туралы келісім шарттарды уақытында жасау;
- өндіріс орындарында қалдықтарды уақытша орналастырусыз, қалдықтарды шығарумен келісім жасасу арқылы уақытша сақтау көлемін азайту.

Компанияның өндірістік қызметі барысында қалдықтар, оның ішінде шикізат қалдықтары, материалдар, бұйымдар мен өнімдер пайда болады. Шығарылатын қалдықтардың жалпы көлеміндегі қалдықтардың негізгі үлесін мұнай сіңген топырақтар, мұнай шламдары және қатты тұрмыстық қалдықтар құрайды.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес Компания қалдықтарды қауіпсіз басқару және жою бойынша белгіленген экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды орындайды. Қалдықтарды басқару бағдарламалары Компанияның ЖҚБ-да бар.

Компания «ҚазТрансОйл» АҚ-да қалдықтарды басқару ережелерін қолданады, оның мақсаты – қоғамның өндірістік қызметі барысында пайда болған қалдықтарды басқару процесінде жауапкершілікті бөлу және талаптарды белгілеу. Осы Ережелер қалдықтарды жинау, сұрыптау және қалдықтарды одан әрі көмуге, кәдеге жаратуға және қайта өңдеуге беруге дейін аяқтаудан бастап, басқарудың бүкіл циклын реттейді.

«ҚазТрансОйл» АҚ нысандарында қалдықтардың пайда болуына әкелетін өндірістік процестерді келесідей жіктеуге болады:

- көмірсутекті шикізатты тасымалдаумен және сақтаумен байланысты өндірістік процестер;
- станокты құрылғыны іске қосу;
- дәнекерлеру жұмыстарын жүргізу;
- жөндеу-құрылыс және профилактикалық жұмыстар;
- қызметкерлердің өмірі.

Қалдықтардың пайда болуының жалпы көлемі, тонна

Көрсеткіш	2018	2019	2020	Өзгеріс, %
Қалдықтардың пайда болу көлемі, оның ішінде:	**42 219**	**53 524**	**44 055**	**–17,7**
мұнай төгілген топырақ	36 870	42 477	**32 992**	–22,3
мұнай шлам	1 443	5 890	**5 455**	–7,4
тұрмыстық қатты қалдықтар	2 240	2 875	**2 437**	–15,2
басқа қалдықтар	1 666	2 282	**3 171**	39

Қалдықтардың пайда болу көлемі, оның ішінде:



2020 жылы қалдықтардың пайда болуының жалпы көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 17,7%-ға аз. Қалдықтар көлемінің азаюы Компанияның Атырау мұнай құбырларын басқару «Орал» сызықтық өнеркәсіптік-диспетчерлік стансаның (СӨДС) бұзылған жерлерін (тарихи ластануы) қалпына келтіру жұмыстары кезінде пайда болған мұнаймен ластанған топырақтың аз көлемімен байланысты: 2019 жылы топырақ мөлшері 38 406 тоннаны құрады, есепті кезеңге 32 880 тонна (-5 526 тонна).

Сонымен қатар, 2019 жылы Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының объектілерінде мұнайдың бөлінуіне байланысты 2 оқиға болды, нәтижесінде 3 971 тонна мұнаймен ластанған топырақ түзілді.

COVID-19 таралуына байланысты көптеген ЖҚБ жұмысшылары қашықтан жұмыс істеуге ауыстырылды, нәтижесінде тұрмыстық қатты қалдықтардың пайда болуы 438 тоннаға қысқарды.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің бабына сәйкес қалдықтардың қауіптілігінің 3 деңгейі белгіленген:

- Жасыл – G индексі;
- Кәріптас – A индексі ;
- Қызыл – R индексі.

2020 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да 44 055 тонна қалдықтар пайда болды, оның 38 928 тоннасы кәріптас тізімінде, 5 127 тоннасы жасыл тізімде.

32 880 тонна кәріптас тізіміндегі қалдықтардың негізгі көлемі – Атырау МБ «Орал» ЛПДС-ның бұзылған жерлерін (тарихи ластануы) қалпына келтіру кезінде пайда болған мұнаймен ластанған топырақ.

Қалдықтарды басқару әдістері

Көрсеткіш	Кәріптас тізіміндегі қалдық	Жасыл тізіміндегі қалдық	Коммуналдық қалдықтар	БАРЛЫҒЫ
2020 жылдың басында кәсіпорында бары	35,4	555,5	0	**590,9**
Есеп беру жылы қалыптасты	38 928,4	2 690,05	2 436,6	**44 055,1**
Мамандандырылған мердігер ұйымға берілді	38 802,5	2 584,8	2 436,6	**43 823,9**
2020 жылдың соңында кәсіпорында бары	125,9	105,2	0	**231,10**

Жер ресурстары

Компания өзінің өндірістік қызметі орындарында жер ресурстарын бастапқы күйінде сақтауға жауап береді және үшінші тараптардың тәуелсіз аккредиттелген ұйымдарын тарта отырып, мелиорация, топырақтың ластануына мониторинг жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

«ҚазТрансОйл» АҚ 1950-1960 жылдары ластанған жерлерді қалпына келтіруге міндеттеме алды. Бұзылған жерлерді қалпына келтірудің бекітілген жобасы бойынша тарихи ластанған жерлерді қалпына келтіру жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Жұмыс 2017 жылы басталды.

2020 жылы, атап айтқанда, «Өзен – Атырау – Самара» магистральды мұнай құбыры бойындағы тарихи ластанған жерлерді «Орал» желілік өндірістік диспетчерлік станциясының объектілеріндегі бұзылған жерлерді қалпына келтіру» жобасына сәйкес қалпына келтіру бойынша жұмыстар жалғастырылды. Есепті жылы бұзылған 4 гектар жер қалпына келтірілді.

Биоалуантүрлілікке әсері

Бүгінгі күні «ҚазТрансОйл» АҚ-да магистральдық құбырлардың көпшілігімен бірге жүретін, олардың катодтық қорғанысын қамтамасыз ететін орташа қуаты 6-10 кВ электр жеткізу әуе желілерінің (ӘӘЖ) айтарлықтай ұзындығы бар.

Белгілі бір жағдайларда ӘӘЖ және оларда қолданылатын траверстер мен оқшаулағыштар ірі және орта құстардың, соның ішінде Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгендердің өліміне алып келеді. Құс өлімі негізінен электр тоғының әсерінен, яғни электр желісінің электр тоғымен қозғалатын элементтерімен байланысқа түскенде орын алады. Ал 6-10 кВ әуе желісінде өлуге жататын құстардың негізгі түрлері дала бүркіті, үкі, сонымен қатар, аз мөлшерде бүркіт, балабан-сұңқар және басқалары.

2020 жылы «Өмірзақ – СПН –112 км» (30 км) және «Жетібай – СПН – 112 км» құбырлары, 65-112 км (57 км) учаскелерінде 6 кВ ӘӘЖ күрделі жөндеу жүргізілді, ӘӘЖ түрлендіру және өзін-өзі қамтамасыз ететін оқшауланған сымдарды қолдану, бұл осы типтегі ӘӘЛ қонған кезде құстардың өлу ықтималдығын айтарлықтай төмендетеді.

Компания өзінің өндірістік базаларында биоәртүрлілікті сақтау мәселелеріне назар аударуды жалғастыруды жоспарлап отыр.

2021 жылға және орта мерзімді перспективаға жоспарлар

Компания экологиялық аспектілерді анықтау, бағалау және басқару бойынша өзінің тұрақты қызметін жалғастырады, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын жоғары деңгейде сақтауды қамтамасыз етуге тырысады. 2021 жылға келесі іс-шаралар жоспарланған:

- тарихи топырақтың ластануын жою бойынша жұмыстарды жалғастыру, атап айтқанда, Атырау мұнай құбыры басқармасы объектілеріндегі бұзылған жерлерді қалпына келтіру;
- Құлсары мұнай құбыры басқармасы объектілерінде бұзылған жерлерді қалпына келтіру (тарихи ластану) жобасын әзірлеу.

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару
Персоналды басқару
Сыртқы коммуникациялар
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
Қоршаған ортаны қорғау
Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ

Энергия тиімділігі саласындағы мәселелерді басқару тәсілі

Пайдаланылатын энергетикалық ресурстарды оңтайландыру «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады, оның шеңберінде Компания өндірістік процестердің энергия тиімділігін арттыруға ерекше назар аударады. Осы саладағы міндеттерді іске асырудың стратегиялық маңыздылығы 2020 жылы жаңартылған «ҚазТрансОйл» АҚ энергетикалық саясатында бекітілген.

Энергия ресустарын басқару аясындағы міндеттер:
- энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы Компанияға қойылатын талаптарды сөзсіз орындауға;
- энергия көрсеткіштерін үнемі жақсарту және энергия менеджменті жүйесінің жарамдылығын, жеткіліктілігі мен тиімділігін арттыру;
- энергетикалық мақсаттар мен энергетикалық мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті ақпарат пен ресурстардың болуын қамтамасыз ету;
- энергия ресурстарын үнемдеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, «ҚазТрансОйл» АҚ энергия үнемдеу қызметін жетілдіру, оларды іске асыру үшін Компания қызметкерлерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершіліктерін нақты белгілеу;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің энергия ресурстарын тиімді пайдалануға және үнемдеуге деген қызығушылығын арттыру арқылы энергия үнемдеуді ынталандыру жүйесін әзірлеу;
- энергия тиімділігін арттыруға әсер ететін энергияны үнемдейтін жабдықты, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру;
- энергия ресурстарын ұтымды тұтыну нәтижесінде қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайту;
- барлық қызметкерлер үшін энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы ақпараттың болуын қамтамасыз ету;
- энергетикалық сипаттамаларды жақсартуды ескере отырып, жобалық іс-шараларды жүзеге асыру;
- энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы қызметкерлердің біліктілік деңгейін арттыру.

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы) жыл сайын ЖҚБ және тұтастай алғанда Компания үшін энергия тиімділігі көрсеткіштерінің мақсатты мәндерін бекітеді, мысалы:
- энергияның барлық түрлерінің меншікті шығынын төмендету (мұнай айналымы үшін);
- меншікті қуат шығынын азайту (мұнай жүк айналымы үшін);
- «ыстық» мұнай құбырлары арқылы мұнай жүктерінің айналымы үшін нақты газ шығынын азайту;
- энергия ресурстарының жалпы шығынын азайту.

Басқару құрылымы мен құралдары

Энергия тиімділігімен айналысатын жауапты бөлім – бұл «ҚазТрансОйл» АҚ технологиялық режимдері және энергияны басқару департаменті, ол мақсатты индикаторларды әзірлейді және ай сайын олардың орындалуын қадағалайды, қойылған міндеттерге қол жеткізуге уақытылы және тиімді бақылауды қамтамасыз етеді.

Энергетикалық мақсаттарға жету үшін Компания ISO 50001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес сертификатталған энергия менеджметң жүйесі қызмет етеді. Оның қолданылу саласы мен шекаралары барлық деңгейлерде көрсетілген: ЖҚБ энергия тұтыну объектілерінен бастап Компания деңгейіне дейін.

Бүгінгі таңда энергетикалық менеджменттің жүйелік тәсілі үздік әлемдік тәжірибені ескеретін ISO 50001 стандартының ұсынымдарын ескере отырып құрылыс процестерін қамтиды. 2020 жылы энергия менеджменті жүйесін дамытудағы маңызды оқиға – Компанияның ISO 50001: 2011 стандарттарына сәйкес келетін энергия менеджменті жүйесінен ISO 50001: 2018 стандарттарына сәйкес келетін энергия менеджменті жүйесіне көшуі. ISO 50001: 2018 стандарты – бұл ұйымның жағдайын және мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен үміттерін ескере отырып, Компанияға энергияны тұтынуды жүйелі түрде азайтуға, зиянды заттардың атмосфераға шығарындыларын азайтуға және қаржылық жеңілдіктер мүмкіндік беретін принципиалды жаңа тәжірибелік құрал.

2019 жылы жүргізілген энергетикалық аудиттің нәтижелері бойынша 2020–2025 жылдарға арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді, онда энергия тиімділігін арттыру жөніндегі келесі негізгі шаралар анықталды:
- магистральдық сорғы қондырғыларын тиімділігі жоғары қондырғылармен ауыстыру;
- мұнай жылыту пештерін қалпына келтіру;
- теңгерімдік шекарасында газ шығынын есептеу пункттерін салу;
- Т. Қасымов атындағы МӨС импульстік электр станциясында модульдік қазандығының құрылысы.

Есепті кезеңде орталық аппарат пен ЖҚБ қызметкерлеріне «ISO 50001: 2018 жаңа стандарт нұсқасына көшу курсы» тақырыбында сырттай оқыту өткізілді.

Энергия ресурстарын тұтыну

2020 жылдың аяғында Компания энергия тиімділігі саласындағы барлық мақсаттарға қол жеткізді, бұл магистральдық мұнай құбырлары жұмысының технологиялық режимдерін оңтайлы жоспарлаудың, сондай-ақ, энергияны үнемдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асырудың арқасында мүмкін болды. 2020 жылға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ энергия тиімділігін арттыру.

Атап айтқанда, есепті кезеңде энергияны тұтынуды оңтайландыру бойынша келесі негізгі шаралар қабылданды:
- «Жетібай» ЖҚБ магистральді сорғы станциясын қайта құру бойынша жобалау-іздестіру жұмыстары;
- Н.Н. Шманов атындағы МӨС газды өлшеу пунктін орнату;
- Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының «Өзен» БМАС магистралді сорғы станциясының құрылысы.

«ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік процестері энергияны көп қажет етеді, осыған байланысты Компанияның өзекті міндеті энергияны тұтынуды азайту бойынша шешімдер табу және енгізу болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ энергия тұтыну құрылымына әр түрлі энергия ресурстары кіреді, олардың ішіндегі ең маңыздысы табиғи газ және электр энергиясы, олар мұнай тасымалдау үшін пайдаланылатын барлық энергия түрлерінің жалпы тұтыну көлемінің 91,6% құрайды.

2020 жылы 2019 жылдың нәтижелерімен салыстырғанда табиғи газды тұтынудың 3,9% және электр энергиясын 5,8% төмендету есебінен мұнайды айдап қотару кезінде энергияны тұтыну деңгейін 3,9% төмендетуге мүмкіндік болды. Энергия тұтынудың төмендеуі 2019 жылмен салыстырғанда мұнай айналымының 4,6%-ға төмендеуі аясында мұнай құбырларының оңтайлы жұмыс режимдерін қолданумен байланысты болды.

Бастапқысы жаңартылмайтын энергия көздерін пайдаланудың динамикасы мен құрылымы («ҚазТрансОйл» АҚ үшін бөлек)

Энергия көзі	2018		2019		2020		Өзг., %
	ш.о.т	үлесі, %	ш.о.т.	үлесі, %	ш.о.т.	үлесі, %	
Табиғи газ	125 735	70,5	118 267	70,7	**113 710**	**70,8**	–3,9
Электр қуаты	36 301	20,3	35 496	21,2	**33 438**	**20,8**	–5,8
Жағар май	7 231	4,1	6 606	3,9	**6 014**	**3,7**	–8,7
Шикі мұнай	5 262	2,9	4 292	2,6	**4 585**	**2,8**	+6,8
Жылу энергиясы	3 041	1,7	1 819	1,2	**2 286**	**1,4**	+25,6
Моторлы бензин	834	0,5	666	0,4	**528**	**0,3**	–20,8

** ш.о.т. – шартты отынның тоннасы.*

Бастапқысы жаңартылмайтын энергия көздерін пайдаланудың динамикасы мен құрылымы, ш.о.т.



Пайдалану шығындарын азайту мақсатында Компания сонымен қатар, мұнай айдап қотару энергия сыйымдылығының динамикасын бақылайды.

2020 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ үшін мұнай жүктерінің айналымы 2019 жылдың көлемімен салыстырғанда 4,6% -ға төмендеді, ал жалпы энергия тұтынудың төмендеу қарқыны аз болды және 3,9% құрады, өткен жылмен салыстырғанда бұл энергия сыйымдылығының 0,03%-ке өсуінің нәтижесі болды. Жалпы энергия тұтынуға 2020 жылдан бастап қосалқы абоненттерден мұнай құбырларын басқаруына жылу шығындарын есептеу есебінен Маңғыстау мұнай құбырларын басқару жылу тұтынудың өсуі айтарлықтай әсер етті.

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
Орнықты дамуды басқару
Персоналды басқару
Сыртқы коммуникациялар
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
Қоршаған ортаны қорғау
Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Энергия сыйымдылығы көрсеткішінің динамикасы («ҚазТрансОйл» АҚ үшін бөлек)

Көрсеткіш	2018	2019	2020	Өзг., %
Энергия ресурстарының жиынтық тұтыну көлемі, ш.о.т.	178 404	167 146	**160 562**	–3,9
Мұнай жүк айналымы («ҚазТрансОйл» АҚ үшін бөлек), млн тонна-км	38 040	37 657	**35 899**	–4,6
Мұнай тасымалдаудың энергия сыйымдылығы, ш.о.т./ млн тонна-км	4,69	4,44	**4,47**	+0,03

** «ҚазТрансОйл» АҚ энергия сыйымдылығын есептеу әдістемесіне сәйкес негізгі көрсеткіш мұнай жүк айналымы болып табылады. Есептеу кезінде Компания тұтынатын энергия ресурстарының барлық түрлері ескерілген.*

2021 жылға және орта мерзімді перспективаға жоспарлар

- ISO 50001: 2018 стандартына сәйкес келетін Компанияның энергия менеджменті жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету;
- 2020–2025 жылдарға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында қабылданған іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;
- энергетикалық менеджмент жүйесінің құжаттарын 2021 жылдың бірінші тоқсанында жаңарту;
- энергия тиімділігі көрсеткішінің өсуіне жол бермеу, мұнай жүк айналымына энергияны тұтынуды 2018–2020 жылдар деңгейінде ұстау. Соңғы 10 жылда электр энергиясын тұтынуды 13,6% төмендетуге және мұнайды жылытуға арналған газды 34%-ға азайтуға қол жеткізілді;
- болашақта көміртегі салығын енгізуді ескеріп және жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың экологиялық құндылығы мен тиімділігін түсіне отырып. Келешекте компания Шымкент ММӨС күн батареялары негізінде электр станциясын салуды жоспарлап отыр.

САТЫП АЛУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМЫТУ

Сатып алу жүйесін басқаруға қолданылатын тәсіл

«ҚазТрансОйл» АҚ сатып алу жүйесі ашықтық, бәсекелестік және негіздемелік қағидаттарына сүйенеді.

Компания еңбек және қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде минималды қажетті талаптарды ұстанатын жеткізушілерге артықшылық береді. Мұндай талаптар әлеуетті жеткізушілердің алдын-ала біліктілігін регламенттейтін құжаттарда нақты жазылған.

«ҚазТрансОйл» АҚ сатып алу жүйесінің принциптері:
- сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы;
- сатып алуға пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;
- сапалы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;
- әлеуетті жеткізушілер арасындағы әділ бәсекелестік;
- сатып алу үдерісіне делдалдардың қатысуын барынша азайту.

Келісім шарт және жергілікті қамтуды дамыту департаменті Компанияның барлық бөлімшелерінің сатып алу үдерістерін бақылауды жүзеге асырады. Бұрын қайта құру сатып алу функциясын орталықтандыруға мүмкіндік берді.

Сатып алу рәсімдері «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС электронды алаңында жүзеге асырылады және келесі кезеңдерді қамтиды:

Сатып алу жоспарын дайындау және бекіту → **Тауар, жұмыс және қызмет ұсынушыларды таңдау** → **Сатып алу жөніндегі келісім шартқа отыру және орындау**

Сатып алуларды автоматтандыру және электрондық келісім шарттар жүйесін енгізу, сатып алу процесінің әр кезеңінде өткізілетін уақытты едәуір қысқартады.

2020 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жеткізушілермен жасасқан келісім шарттарының мөлшері 78 349 млн теңгені құрады, оның:
- 78 256 млн теңге сомасына – орталық аппарат;
- 92,7 млн теңге сомасына – «ҚазТрансОйл» АҚ ЗӘО» филиалы.

Конкурстық сатып алу процедуралары нәтижесінде 2020 жылдың аяғында жалпы үнемдеу 3 896 млн теңгені құрады.

2020 жылға санат бойынша жеткізушілер саны

Ұлттық экономиканы және жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыра отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ қазақстандық өндірушілерден сатып алынатын тауарлардың үлесін ұлғайтуға және сақтауға ұмтылады.

2020–2024 жылдарға сатып алу қорытындысы бойынша отандық өндірушілер және мүгедектер ұйымдарымен жалпы сомасы 3 376 млн теңгеге ұзақ мерзімді келісім шарттар жасалды. Сонымен қатар, 2020 жылы отандық тауар өндірушілермен 1 жыл мерзімге 4 928 млн теңге сомасында келісім шарттар жасалды, олар 100% жүзеге асты.

2020 жылдың алдын ала қорытындылары бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ сатып алуларындағы жергілікті қамту үлесі 71% құрады, оның ішінде тауарлар бойынша – 52%, жұмыстар мен қызметтер үшін – 75%. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесінің мониторингі уәкілетті органның порталында жүзеге асырылады.

2020 жылға арналған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі туралы ақпарат, млн теңге*

** «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС мәліметтері*

Келесі есеп беру кезеңінде Компания корпоративтік принциптер мен стандарттарға сәйкес сатып алу іс-тәжірибесін жалғастыруды жоспарлап отыр, оның ішінде, «ҚазТрансОйл» АҚ 2021 және 2021–2025 жылдарға арналған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жоспарларын іске асыру.

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамту үлесін бақылау бойынша іс-шаралар жалғасады. 2021 жылға жергілікті қамту үлесін 2020 деңгейінде қамтамасыз ету жоспарланып отыр: тауарларды сатып алуда – 52%, жұмыстар мен қызметтерді – 75%.

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

- Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидалары
- Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
- Акционерлердің жалпы жиналысы
- Директорлар кеңесі
- Басқарма және оның қызметі
- Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі
- Тәуекелдерді басқару
- Ішкі аудит
- Сыртқы аудит
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Корпоративтік этика
- Мүдделер қақтығыстарын басқару
- Омбудсмен институты
- Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқаруды Компания құнының өсуінің, оның бәсекеге қабілеттілігі мен инвестициялық тартымдылығының негізгі факторы ретінде қарастырады. Осыған байланысты корпоративтік басқару жүйесін үнемі жетілдіру және акционерлердің мүдделері мен құқықтарын сақтау Компания үшін басымдық болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компания жарғысына және корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Компанияның корпоративтік басқару жүйесін құрады.

Корпоративтік басқару кодексінде тиісті корпоративтік басқарудың мынадай негізгі қағидаттары айқындалған:

- акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ қарым-қатынас;
- кәсіби Директорлар кеңесі және атқарушы орган;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау;
- орнықты даму;
- қызметтің ашықтығы.

Бұл қағидаттар корпоративтік басқарудың озық тәжірибелеріне сәйкес келеді және Компанияның ұзақ мерзімді құнын, инвестициялық тартымдылығын және тұтастай алғанда орнықты дамуын арттыру үшін маңызды.

2019 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің ұсынымдары бойынша жасалған 2020–2021 жылдарға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес 2020 жылы келесі жұмыстар жүргізілді:

- Компанияның Басқармасы «ҚазТрансОйл» АҚ кадрлық резервін одан әрі қалыптастыру үшін А санатындағы басқарушылық лауазымдардың қажеттілігін мақұлдады;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қосымшалары мен жүйелерін киберлік тәуекелдерден қорғауды қамтамасыз ететін бақылау тиімділігіне тәуелсіз сыртқы аудит жүргізілді;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Іскерлік этика кодексі бекітілді;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен 2021–2023 жылдарға арналған Компанияның стейкхолдердің жиынтық картасы әзірленді және бекітілді.

Компания қызметінің негізгі мәселелері бойынша шешім қабылдайтын және жалпы басқаруды жүзеге асыратын Компания органдары болып танылады:

- Акционерлердің жалпы жиналысы (жоғарғы орган);
- Директорлар кеңесі (басқару органы);
- Басқарма (атқарушы орган).

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі



Мазмұны

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидалары
Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
Акционерлердің жалпы жиналысы
Директорлар кеңесі
Басқарма және оның қызметі
Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі
Тәуекелдерді басқару
Ішкі аудит
Сыртқы аудит
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Корпоративтік этика
Мүдделер қақтығыстарын басқару
Омбудсмен институты
Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару кодексінің мақсаттары – «ҚазТрансОйл» АҚ-да корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, Компанияның тиісті корпоративті басқару стандарттарын ұстануға деген міндеттемесін растау. Кодекстің принциптері:

- Үкімет «Самұрық-Қазына» АҚ акционері ретінде.
- «Самұрық-Қазына» АҚ мен ұйымдарының өзара әрекеттестігі. «Самұрық-Қазына» АҚ ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі.
- Орнықты даму.
- Акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділеттілік.
- Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі.
- Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит.
- Ашықтық.

Компания корпоративті басқарудың маңыздылығын түсіне отырып, Компанияның ішкі құжаттары мен тәжірибесін корпоративтік басқару қағидаттарын сақтау қажеттілігіне үлкен назар аударады.

«ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылға арналған корпоративті басқару кодексінің қағидалары мен ережелеріне сәйкестігі туралы толық есеп Есептегі Косымшада келтірілген.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Акционерлердің жалпы жиналысы өз қызметін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Компанияның Жарғысына және «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережеге сәйкес жүзеге асыратын Компанияның жоғары басқару органы болып табылады.

Компанияны басқаруға қатысу құқығын іске асыру кезінде Компания барлық акционерлерге тең және әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етуге ұмтылады. Акционерлердің өз құқықтарын іске асырудың негізгі тәсілі акционерлердің жылдық жалпы жиналысына және акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналыстарына қатысу болып табылады.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу рәсімі акционерлердің құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған және қолданыстағы заңнаманың барлық талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік әлемдік практикаларына жауап береді.

Акционерлік капиталдың құрылымы

«ҚазТрансОйл» АҚ – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес компаниясы, 90% пакет акциясы «Самұрық-Қазына» АҚ-на тиесілі.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жалпы көрсетілген акция саны – 384 635 600 қарапайым акцияны құрады, оның ішінде:

- 346 172 040 қарапайым акция немесе шығарылған және орналастырылған акциялардың барлық санының 90%-ы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға тиесілі;
- 38 463 559 қарапайым акция немесе 10% минус бір акция KASE жазылу әдісімен орналастырылды, оның ішінде 7 500 қарапайым акцияны акционердің талабы бойынша Компания сатып алды;
- Компанияның 1 (бір) қарапайым акциясы орналастырылмаған.

«ҚазТрансОйл» АҚ акциялары нарықтық құнының 2020 жылы өзгеруі, теңге



Күні	12/31/19	1/31/20	2/29/20	3/31/20	4/30/20	5/31/20	6/30/20	7/31/20	8/31/20	9/30/20	10/31/20	11/30/20	12/31/20
Соңғы мәміле бағасы, теңге/акция	1,035.90	1029,97	974,42	904,87	870	876,06	791,04	814,87	810,5	801,5	800	900,1	970
АҚШ долл. бағамы (USDTOM), теңге/US$	382,54	379,05	381,19	447,67	424,57	411,55	404,07	418	420,11	431,81	432,66	425,07	420.91

«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің 2020 жылы жиналысын өткізу туралы ақпарат

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы

2020 жылы 27 мамырда «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өтті. Эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, жиналыс Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей сырттай дауыс беру арқылы өтті.

Келесі мәселелер қаралды:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2019 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі мен шоғырландырылған жылдық қаржылық есебін бекіту туралы.
- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2019 жылғы таза кірісін, өткен жылдардағы бөлінбеген кірісін бөлу, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ бір қарапайым акциясына дивиденд мөлшерін бекіту тәртібін бекіту туралы.
- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылға арналған жұмысы туралы жылдық есебін бекіту туралы.
- «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің «ҚазТрансОйл» АҚ және оның лауазымды адамдарының 2019 жылғы іс-әрекеттері туралы өтініштері және оларды қарау нәтижелері туралы.
- «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы Ережені бекіту туралы.
- «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының кейбір мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының жаңа мүшелерін сайлау туралы.

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидалары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма және оның қызметі

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығыстарын басқару

Омбудсмен институты

Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Дивидендтік саясат

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның бекітілген дивидендтік саясаты Компания және оның акционерлері мүдделерінің теңгерімін сақтау, акционерлер мен барлық мүдделі тараптар үшін анағұрлым көп айқындылықты қамтамасыз ету, дивидендтер мөлшерін анықтау тәртібін және оларды төлеу тәртібін сақтау мақсатында әзірленді.

Дивидендтік саясат Компанияның таза табысының 40%-ынан кем емес дивидендтер төлеуге соманы белгілейді. Дивидендтердің іс жүзіндегі мөлшері, егер бұл Компанияның міндеттемелеріне қайшы келмесе, Компанияның таза табысының 100%-ына жетуі немесе артуы мүмкін.

Дивидендтерді есептеу мақсатында шоғырландырылған немесе жеке таза табыстың ең үлкен мөлшері қолданылады. Компания Басқармасы тиісті қаржы жылындағы Компания қызметінің нақты нәтижелеріне, дамудың жалпы салалық серпініне және күрделі (инвестициялық) шығындар бағдарламасына сүйене отырып, 40% нормативінен төмен дивидендтерді төлеу деңгейін ұсыну құқығын өзіне қалдырады.

Дивидендтер төлеу динамикасы

Дивидендтер төленетін кезең	Дивидендтерді төлеуді бастау күні	Бір акцияға дивиденд мөлшері, теңге	Төлем сомасы, теңге
01.01.2016-31.12.2016	27.06.2017	155	59 617 355 345
01.01.2017-31.12.2017	26.06.2018	160	61 540 495 840
01.01.2018-31.12.2018	03.07.2019	104	40 001 322 296
01.01.2019-31.12.2019	18.06.2020	118	45 386 115 682

Акционерлердің Жылдық жалпы жиналысының шешімі бойынша дивидендтік төлемдердің жалпы сомасы 2019 жылдың қорытындысы бойынша 45 386 115 682 теңгені немесе Компанияның бір қарапайым акциясына шаққанда 118 теңгені құрады. Дивидендтерді төлеуге Компанияның 2019 жылдың қорытындысы бойынша алынған таза кірісінің 100% құрайтын 45 121 438 000 теңге мөлшеріндегі сома және өткен жылдардың бөлінбеген пайдасының 264 677 682 теңге мөлшеріндегі бөлігі жіберілді.

2019 жылға дивидендтер төлеу 2020 жылдың 25 маусымында аяқталды.

Ақпаратты ашу

Компанияның ақпаратты ашуы осы ақпаратты алу мақсаттарына қарамастан, оның барлық мүдделі тараптарға қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Ақпаратты ашу «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан қор биржасы» АҚ Листингтік ережелеріне, Компанияның Жарғысына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының басқа да талаптарына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ақпараттық ашықтық және өзара құрмет қағидаттары негізінде акционерлермен тиімді өзара әрекеттесуді құру – Компанияның басым бағыттарының бірі. Компания мен оның акционерлері, әлеуетті инвесторлар, талдаушылар, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және тұтастай алғанда инвестициялық қоғамдастық өкілдері арасында кері байланыс орнату мақсатында Компания инвесторлармен байланыс қызметін жүзеге асырады.

2020 жылдың соңында Қазақстан қор биржасы Компанияны «Ашықтыққа ұмтылғаны үшін» дипломымен марапаттады (биржаның баспасөз релизі https://kase.kz/ru/news/show/1453420/).

Өткен жылы Компанияның 2019 жылдық есебі «QRA» рейтингтік агенттігінің жылдық есептер байқауында «Үздік жылдық есеп» номинациясында үшінші орынға ие болды.

Компания ақпараттық ашықтықты сақтау және мүдделі тараптар үшін ақпаратты тиімді түрде жариялау бойынша жұмысты жалғастырады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Компанияның стратегиялық басқаруын және өз құзыреті шеңберінде Компания басқармасының қызметін бақылауды қамтамасыз ететін Компанияның басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына есеп береді және қолданыстағы шешімдер қабылдау жүйесіне сәйкес Компанияның қызметін тиімді басқару және тиісті бақылау үшін жауапты болады.

Директорлар кеңесі өз қызметінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерін, акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдерін, Компанияның Жарғысын, корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережені басшылыққа алады.

Директорлар кеңесі өз құзыретіне сәйкес Компания дамуының стратегиясы мен басым, оның ішінде мынадай салаларда бағыттарын анықтайды:

- корпоративтік басқару;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау;
- орнықты даму;
- ірі инвестициялық және басқа да негізгі стратегиялық жобаларды іске асыру.

Директорлар кеңесі сондай-ақ Компания дамуының басым бағыттарының іске асырылуын тұрақты бақылауды жүзеге асырады, Компанияның даму жоспары қызметінің түйінді көрсеткіштерін белгілейді және олардың орындалуын қадағалайды.

Директорлар кеңесінің құрамы

Акционерлік капитал құрылымына сәйкес (қарапайым акциялардың жалпы санының 90%-ы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тиесілі) Компанияның Директорлар кеңесінің бір мүшесі ірі акционер – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі болып табылады. Компанияның Директорлар кеңесінің үш мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылады, бұл корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесіне сәйкес миноритарлық акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ компанияның Бас директоры (Басқарма төрағасы) Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі Данияр Берлібаев Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

Компанияның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері жоғары кәсіби беделге және салада айтарлықтай жұмыс тәжірибесіне ие. Директорлар кеңесінің барлық мүшелері стратегиялық жоспарлау, қаржылық есептілік пен аудит, бизнес-жоспарлау және жобаларды басқару саласында қажетті білім мен құзыреттерге ие.

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

- Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидалары
- Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
- Акционерлердің жалпы жиналысы
- Директорлар кеңесі
- Басқарма және оның қызметі
- Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі
- Тәуекелдерді басқару
- Ішкі аудит
- Сыртқы аудит
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Корпоративтік этика
- Мүдделер қақтығыстарын басқару
- Омбудсмен институты
- Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Данияр Берлібаев

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

1968 жылы 21 желтоқсанда туылған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – заңгер.

Жұмыс тәжірибесі:

2016–2017 жылдары – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тасымалдау, өңдеу және маркетинг жөніндегі атқарушы вице-президенті.

2017 жыл – 2019 жылғы ақпан – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі.

2019 жылғы 7 ақпанынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырын салу жөніндегі орынбасары.

2016 жылғы 29 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі.

Ол «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының мүшесі, KMG International N.V. Директорлар кеңесінің төрағасы, «КТК-Р» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «АстанаГаз ҚМГ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

Саны 9 655 дана Компания акцияларына немесе орналастырылған акциялардың жалпы санының 0,00251%-ына иелік етеді.

ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.

Димаш Досанов

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі,

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы)

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

1981 жылы 2 қарашада туылған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – халықаралық қатынастар бойынша маман, Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономика университетін «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – экономист. АҚШ, Вашингтон қаласы, Джорджтаун Университеті, Іскерлік әкімшілік магистрі (MBA) дәрежесі бар.

Жұмыс тәжірибесі:

2016 жылдың қаңтар-тамыз аралығында – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының бірінші орынбасары.

2016 жылғы 6 тамыздан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы).

2016 жылғы 20 қазаннан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

«ККК-Р» АҚ және «ККК-К» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Компания мен ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАР

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың қатысуы Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің тәжірибесінің, дағдыларының және біліктілігінің ең үздік теңгеріміне ұмтылуға байланысты. Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің жұмысына корпоративтік басқару, тәуекел-менеджмент саласындағы құнды тәжірибені, сондай-ақ халықаралық тәжірибені, стратегиялық пайымын және мұнай тасымалдау саласының ерекшелігін терең түсінуді алып келеді.

Директорлар кеңесінің жұмысына қатысудан басқа тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің комитеттерін басқарады, отырыстардың күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға белсенді қатысады, сондай-ақ барлық акционерлердің мүдделерін ескере отырып, объективті шешімдер әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Есепті кезеңнің ішінде Компанияның тәуелсіз директорлары Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компанияның Жарғысында және Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережеде анықталған тәуелсіздік өлшемшарттарына толық сәйкес келді.

Тәуелсіз директорларды сайлау тәртібі туралы қосымша ақпарат Компанияның интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қол жетімді.

Винишиус Агостини

Тәуелсіз директор

Азаматтығы: Бразилия Федеративтік Республикасы.

1981 жылы 8 наурызда туылған.

Universidade Federal de Minas Gerais (Бразилия) бітірген, дәрежесі – бизнес әкімшілендіру бакалавры, Mc Donough Georgetown University бизнес мектебін (АҚШ), ESADE бизнес мектебін (Испания) бітірген. Іскерлік әкімшілік магистрі (MBA) дәрежесі бар.

Жұмыс тәжірибесі:

Киберқауіпсіздік, болат өндірісі, тау-кен ісі, логистика, телекоммуникация және басқару консалтингі сияқты салаларда стратегиялық дамудың үлкен тәжірибесіне ие. Қазіргі уақытта Exceda компаниясындағы Стратегия және маркетинг бөлімінің басшысы қызметін атқарады (Латын Америкасындағы және АҚШ-тағы бұлтты есептеулерді және веб-қауіпсіздікті жеткізуші), аймақтың жеті елінде операцияларды іске қосуды үйлестіреді.

Usiminas (Бразилия) компаниясындағы жұмыс кезінде компанияның ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарын басқармамен және негізгі акционерлермен (Nippon Steel, Ternium / Tenaris groups) үйлестірді.

2019 жылғы 28 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры.

Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.

Компания және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

- Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидалары
- Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
- Акционерлердің жалпы жиналысы
- Директорлар кеңесі
- Басқарма және оның қызметі
- Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі
- Тәуекелдерді басқару
- Ішкі аудит
- Сыртқы аудит
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Корпоративтік этика
- Мүдделер қақтығыстарын басқару
- Омбудсмен институты
- Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Алмасбек Мұхашов

Тәуелсіз директор

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

1980 жылы 5 маусымда туылған.

Рим американдық университетін бітірген, Бизнес әкімшілендіру бойынша бакалавр және Сингапур Республикасы, Сингапур Ұлттық Университетінің («National University of Singapore») іскери әкімшілік магистрі (MBA) дәрежелері бар.

Жұмыс тәжірибесі:

Мұнай-газ саласында халықаралық жұмыс тәжірибесі бар. Әр жылдары Eni S.p.A., Agip Caspian Sea B.V., Eni Exploration and Production, Agip Kazakhstan North Caspian Offshore Operating Company әр түрлі салаларда жұмыс атқарған: сыртқы байланыстар, жобаларды экономикалық бағалау және талдау, өнеркәсіптік жобаларды әзірлеу, көмірсутектерді барлау, өндіру және тасымалдау бойынша коммерциялық бағыт және халықаралық келіссөздер.

2019 жылғы 28 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры.

Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.

Компания және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.

Адриан Фрейсине

Тәуелсіз директор

Азаматтығы: Швейцария Конфедерациясы.

1979 жылы 13 желтоқсанда туылған.

Wheaton College (АҚШ, Массачусетс штаты), Джорджтаун университетін (АҚШ), ESADE Бизнес-мектебін (Испания) бітірген. Іскерлік әкімшілік магистрі (MBA) дәрежесі бар.

Жұмыс тәжірибесі:

Жеке инвестициялар мен инвестициялық банк қызметі саласында айтарлықтай халықаралық тәжірибеге ие. Өсу мүмкіндіктерін анықтауға, сондай-ақ құнды құру стратегияларын және операциялық жоспарларды әзірлеуге маманданған. Rothschild & Co-дегі мансабының ең басынан бастап Baring Vostok Capital Partners және халықаралық қаржы корпорациясында басшылық қызметтерін атқарды, онда Африка, Азия, Латын Америкасы, Ресей және ТМД-да инвестициялармен айналысқан және оларды басқарған.

2019 жылғы 28 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры.

Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.

Компания және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.

Директорлар кеңесінің құрамына іріктеу және сайлау өлшемшарттары

Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде тәуелсіз директорларды және Директорлар кеңесінің төрағасын іріктеу және сайлау өлшемшарттары «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Компанияның Жарғысында, корпоративтік басқару кодексінде және Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленген.

Акционерлердің жалпы жиналысы кандидаттардың құзыретін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, анық және айқын рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлаған кезде олардың Компанияның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

Компанияның Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде Компания мен акционерлердің мүддесінде тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды, ұзақ мерзімді құнның өсуін және Компанияның орнықты дамуын қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімі сақталады.

Мүдделер қайшылығы

Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес, директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметінде мүдделер қайшылығын болдырмау қағидатын ұстануы керек.

Директорлар кеңесінің мүшелері өздері, Компания мен акционерлер арасындағы мүдделер қайшылығына әкеп соқтыратын немесе әкелуі мүмкін әрекеттерден аулақ болуға, егер мұндай жанжал болса немесе орын алса, бұл туралы дереу Директорлар кеңесінің төрағасына жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Директорлар кеңесінің мүшесі шешімдер қабылдау кезінде өзі мүдделі немесе мүдделер қайшылығы туындаған мәселелер болса дауыс бере алмайды.

Есепті кезеңде мүдделер қайшылығы анықталған жоқ.

Директорлар кеңесі қызметінің нәтижелері

2020 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу

Директор	Отырыстарға қатысу		Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің құрамында болу кезеңі
	Барған отырыстар саны	Барған отырыстар проценті	
Данияр Берлібаев	12-ден 12	100%	01.01.2020 – 31.12.2020
Винишиус Агостини	12-ден 12	100%	01.01.2020 – 31.12.2020
Димаш Досанов	12-ден 12	100%	01.01.2020 – 31.12.2020
Алмасбек Мұхашов	12-ден 12	100%	01.01.2020 – 31.12.2020
Адриан Фрейсине	12-ден 12	100%	01.01.2020 – 31.12.2020

2020 жылы Директорлар кеңесінің 11 күндізгі отырысы өткізілді және 1 отырыс сырттай дауыс беру арқылы болып өтті, онда 119 мәселе қаралды және шешімдер, оның ішінде Компания қызметінің мынадай негізгі бағыттары бойынша қабылданды:

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидалары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма және оның қызметі

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығыстарын басқару

Омбудсмен институты

Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Стратегиялық дамыту:

- «ҚазТрансОйл» АҚ 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2019 жылға арналған Бизнес-жоспарын іске асыру туралы есепті қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2021–2025 жылдарға арналған негізгі капиталды қайта бағалау және тарихи құндылықтар бойынша Бизнес-жоспарларын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2025 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру туралы 2019 жылға арналған есепті қарау.

Қаржы-шаруашылық қызмет:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы;
- Компанияның 2019 жылғы жылдық қаржылық есебін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
- Директорлар кеңесінің Компания Акционерлерінің жалпы жиналысына Компанияның 2019 жылғы таза табысын, өткен жылдардың бөлінбеген пайдасын бөлу тәртібі және Компанияның бір қарапайым акциясына есептегенде 2019 жылғы дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- жасалуына Компания мүдделі мәмілелерді жасасу.

Корпоративтік басқару:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексін бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2019 жылға арналған жылдық есебін бекіту;
- басшылардың, корпоративтік хатшының және Компанияның ішкі аудит қызметінің жетекшісінің 2020 жылға арналған мотивациялық негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту;
- Компанияның 2019 жылға арналған корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелеріне сәйкестігі туралы есепті бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылы атқарылған жұмысы туралы жылдық есебін қарау.

Ішкі аудит:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған бюджетін бекіту;
- Ішкі аудит қызметінің есептерін тыңдау.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау:

- «ҚазТрансОйл» АҚ және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының өндірістік және өндірістік емес тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есептерді бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының 2021 жылға арналған өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін анықтау және бағалау нәтижелерін бекіту.

Директорлар кеңесі сондай-ақ Компанияның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдары акционерлерінің / жалпы жиналысына қатысушыларының құзыретіне жатқызылған бірқатар мәселелерді қарады.

2020 жылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері туралы қосымша ақпарат Компанияның интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

Компанияның Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралған мәселелердің саны, дана



Директорлар кеңесі Комитеттері қызметінің нәтижелері

Арнайы құзыреттерді талап ететін аса маңызды мәселелерге қатысты ұсыныстарды қарау және дайындау арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында Директорлар кеңесінің жанынан үш комитет құрылды: Стратегиялық жоспарлау комитеті, Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет, Ішкі аудит комитеті. Комитет мүшелері компанияның директорлар Кеңесінің шешімімен тағайындалады.

Комитеттердің функциялары, құқықтары мен міндеттері, құрылу тәртібі және жұмысын ұйымдастыру тиісті ішкі құжаттармен белгіленген. Осы құжаттармен Компанияның интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде танысуға болады.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Стратегиялық жоспарлау комитетінің негізгі міндеті Компанияның даму стратегиясы мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстарды алдын ала қарау және дайындау, оның ішінде қызметтің басым бағыттарын айқындау болып табылады.

Комитет Директорлар кеңесінің мүшелерінен және Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Стратегиялық жоспарлау комитетінің сандық құрамын Компанияның Директорлар кеңесі айқындайды, бұл ретте Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Комитеттің төрағасы тәуелсіз директор болуы тиіс.

Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамы (Компанияның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 29 қаңтардағы шешімімен сайланды):
- Винишиус Агостини- тәуелсіз директор, төраға;
- Алмасбек Мұхашов – тәуелсіз директор;
- Адриан Фрейсине – тәуелсіз директор.

Комитеттің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде алты айда бір рет өткізіледі.

2020 жыл ішінде Стратегиялық жоспарлау комитетінің 4 күндізгі отырысы өткізілді, онда мынадай негізгі мәселелер бойынша ұсыныстар қаралды және әзірленді:
- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2020–2024 жылдарға арналған негізгі құралдардың қайта бағаланған және тарихи құндылықтары бойынша түзетілген бизнес жоспарларын қарастыру;
- Директорлар кеңесінің акционерлердің жалпы жиналысына Компанияның 2019 жылғы таза кірісін, өткен жылдардағы бөлінбеген пайдасын және Компанияның бір жай акциясына шаққандағы 2019 жылға дивиденд мөлшерін бөлу тәртібі туралы ұсынысы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясын алдын ала мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2021–2025 жылдарға арналған негізгі капиталды қайта бағалау және тарихи құндылықтар бойынша бизнес-жоспарларын қарастыру.

Кадр және сыйақылар жөніндегі комитет

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет қызметінің негізгі мақсаты Директорлар кеңесінің мүшелерін, Бас директорды (Басқарма төрағасын) және басқарма мүшелерін, корпоративтік хатшыны іріктеуге, тағайындауға (сайлауға), бағалауға және сыйлықақы беруге байланысты оның өкілеттіктерін іске асыру кезінде Директорлар кеңесіне көмек көрсету болып табылады.

Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Комитет мүшелерінің көпшілігі, оның ішінде Комитет төрағасы тәуелсіз директорлар құрамынан болуы тиіс. Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы және Бас директоры (Басқарма төрағасы) Комитет мүшелері болмауы тиіс.

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы (Компанияның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 29 қаңтардағы шешімімен сайланды):
- Алмасбек Мұхашов – тәуелсіз директор, төраға;
- Винишиус Агостини – тәуелсіз директор;
- Адриан Фрейсине – тәуелсіз директор.

Комитеттің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет өткізіледі.

2020 жыл ішінде Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің 3 күндізгі отырысы және 2 отырыс сырттай дауыс беру арқылы өткізілді, онда мынадай негізгі мәселелер бойынша ұсыныстар қаралды және әзірленді:
- Компанияның кейбір басшы қызметкерлері қызметінің 2020 жылға арналған тұзетілген уәждемелік түйінді көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;
- 2020 жылдың алты айының қорытындысы бойынша Компанияның басшы қызметкерлері қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті қарау;
- 2020 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша Компанияның басшы қызметкерлері қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті қарау;
- 2020 жылдың алты айының қорытындысы бойынша Компанияның корпоративтік хатшысы қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті қарау;
- Компанияның басқарушы қызметкерлері мен Корпоративтік хатшысына 2019 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы;
- Компанияның Директорлар кеңесі жүзеге асыратын лауазымға кандидаттарды тағайындауын келісу.

Ішкі аудит комитеті

Ішкі аудит комитетінің қызметі Компанияның Директорлар кеңесіне сыртқы және ішкі аудит, қаржылық есептілік, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, активтерді бағалау, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мәселелері, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша басқа да мәселелер бойынша көмек көрсетуге бағытталған.

Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Комитет құрамына кіретін Директорлар кеңесінің мүшелері, оның ішінде Комитет төрағасы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Ішкі аудит комитетінің құрамы (Компания Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 29 қаңтардағы шешімімен сайланды):
- Адриан Фрейсине – тәуелсіз директор, төраға;
- Винишиус Агостини – тәуелсіз директор;
- Алмасбек Мұхашов – тәуелсіз директор.

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидалары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма және оның қызметі

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығыстарын басқару

Омбудсмен институты

Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Ішкі аудит комитетінің отырыстары қажеттілігіне қарай, тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

Қажет болған жағдайда Комитет төрағасының шақыруы бойынша Комитет отырыстарына аудит нәтижелерін бірлесіп қарау мақсатында жетекші серіктес және/немесе Компанияның сыртқы аудиторы – «Эрнст энд Янг» ЖШС басқа да өкілдері қатыса алады.

Есепті кезеңде Ішкі аудит комитеті 6 күндізгі отырыс және сырттай дауыс беру арқылы 1 отырыс өткізді, онда мынадай негізгі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірленді:

- Компанияның 2019 жылғы жылдық қаржылық есебін және шоғырландырылған қаржылық есебін алдын ала мақұлдау;
- Компанияның инсайдерлік ақпаратына иелік ету және пайдалану бойынша Ішкі бақылау ережелерін және 2019 жылы жүргізілген Компанияның инсайдерлерін оқыту нәтижелері бойынша есепті сақтау мәселесі жөніндегі ақпаратты қарау;
- Компанияның Ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын алдын ала мақұлдау;
- Компанияның Ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған бюджетін алдын ала мақұлдау.

Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттердің құрамына, міндеттері мен құзыретіне қойылатын талаптар және Комитеттер отырыстарын өткізу тәртібі туралы қосымша ақпарат Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

Тәуелсіз директорлардың сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу тәртібі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлік қоғамдарының тәуелсіз директорларының сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларында белгіленген.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесінің құрамындағы Бас директор (Басқарма төрағасы) осы органдағы жұмысы үшін сыйақы алмайды.

Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттерін орындағаны үшін тәуелсіз директорлар:

- жылына 80 000 АҚШ доллары мөлшерінде тіркелген сыйақы;
- Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттердің күндізгі отырыстарына қатысқаны үшін 1 000 АҚШ доллары мөлшерінде қосымша сыйақы.

Тәуелсіз директорларға сондай-ақ Тәуелсіз директордың тұрақты тұратын жерінен тыс өткізілетін Компанияның Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына баруға байланысты шығыстар (жол жүру, тұру, тәуліктік) өтеледі.

Компанияның тәуелсіз директорларына олардың 2020 жылғы жұмысының нәтижелері бойынша есептелген сыйақының жалпы мөлшері салықтарды қоса алғанда 127 106 мың теңгені құрады.

Компанияның тәуелсіз директорларына сыйақы мөлшерінің динамикасы, мың теңге



Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу шарттары бойынша қосымша ақпарат Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

2020 жылы компанияның тәуелсіз директорларына есептелген сыйақы, мың теңге

Тәуелсіз директор	Жылдық сыйақы	Комитеттердің іштей отырысына қатысқаны үшін	Салықтарды шегергенде жиыны	Жиыны, салықтарды қоса алғанда
Винишиус Агостини	32 800	4 884	37 684	42 060
Адриан Фрейсине	32 800	4 884	37 684	42 060
Алмасбек Мұхашов	32 800	4 884	37 684	42 986
Жиыны:	**98 400**	**14 652**	**113 052**	**127 106**

БАСҚАРМА ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасы Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады.

Басқарма қызметінің негізгі мақсаттары Компания алдында тұрған міндеттерді тиімді орындауды қамтамасыз ету және Даму стратегиясын іске асыру болып табылады. Осы мақсаттарды орындау кезінде Басқарма мынадай негізгі қағидаттарды басшылыққа алады: әділдік, адалдық, парасаттылық, сақтаушылық, тұрақтылық, сондай-ақ Компания акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін барынша сақтау және акционерлердің жалпы жиналысы мен Компанияның Директорлар кеңесінің шешімдеріне есеп беру.

Басқарма қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Компанияның Жарғысымен, корпоративтік басқару кодексімен, Басқарма туралы ережемен және Компанияның өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

Басқарманы Директорлар кеңесі қалыптастырады және Компанияның мақсаттарына қол жеткізу бойынша атқарған жұмысы үшін Директорлар кеңесінің алдында есеп береді. Басқарманы оның жұмысын ұйымдастыратын және үйлестіретін Бас директор (Басқарма төрағасы) басқарады.

Басқарма акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қаржылық және адами ресурстарды бөлуге жауапты болады.

Компания Басқармасы қызметінің өкілеттіктері мен нәтижелері туралы қосымша ақпарат Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

Басқарма құрамы

2020 жылы Басқарма құрамына тоғыз мүше кірді. Басқарма мүшелерін қайта сайлау (Басқарма мүшелерін 3 жылға сайлау) 2018 жылғы 23 мамырда өтті.

2020 жылы Басқарма құрамы

Аты, тегі	Лауазымы
Димаш Досанов	Бас директор (Басқарма төрағасы)
Сәбит Арынов	Бас директордың орынбасары
Ерболат Меңдібаев (18.03.2020 жылдан бастап)	Бас директордың орынбасары – «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Мұнай тасымалдауды басқару орталығы» филиалының директоры
Ален Таңатаров	Бас директордың орынбасары – «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Зерттеулер және әзірлемелер орталығы» филиалының директоры
Жайық Махин	Бас директордың орынбасары
Шыңғыс Сейсекенов	Бас директордың орынбасары
Шара Әділова	Бас директордың орынбасары
Жайдарман Исақов	Бас директордың орынбасары
Данияр Мұхамед-Рахим (01.07.2020 жылдан бастап)	Бас директордың орынбасары

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидалары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма және оның қызметі

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығыстарын басқару

Омбудсмен институты

Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Димаш Досанов

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы)

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

1981 жылы 2 қарашада туған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – халықаралық қатынастар жөніндегі маман, Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – экономист. Іскерлік әкімшілік жүргізу магистрі (MBA) дәрежесі бар, Джорджтаун университеті, Вашингтон қаласы, АҚШ.

Жұмыс тәжірибесі:

2016 ж. қаңтар мен тамыз аралығында – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары.

2016 ж. 6 тамыздан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы).

2016 ж. 6 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма төрағасы.

2016 ж. 20 қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

«ККК-Р» АҚ және «ККК-Қ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Компанияның және ЕББҮ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмады.

Сәбит Арынов

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

1977 жылы 29 маусымда туған.

Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін «Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау технологиясы, техникасы» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – тау-кен инженері. Назарбаев Университетінің Іскери Басқару магистрі (MBA) дәрежесіне ие. 2003 жылы Ресей Федерациясының сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтын (Университетін) экономика бакалавр дәрежесімен тәмамдаған. 2005 жылы осы университеттің магистратурасын бітіріп, «Әлемдік экономика» бағыты бойынша шет тілдерін білетін экономика магистрі дәрежесіне ие болды. 2014 жылы Ресей Федерациясының Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясын «MBA: менеджмент – халықаралық бизнес» бағдарламасы бойынша «Іскери әкімшілік магистрі – Master of Business Administration (MBA)» квалификациясымен диплом алды.

Жұмыс тәжірибесі:

2009–2017 жж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Пайдалану департаментінің директоры.

2017 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының директоры.

2018 ж. 3 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.

2018 ж. 3 қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

«Магистральдық Суағызғы» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.

Компанияның 7 567 дана санындағы немесе орналастырылған акцияларының жалпы санының 0,00197% -на ие.

ЕББҮ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмады.

Ерболат Меңдібаев

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директордың орынбасары – «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Мұнай тасымалдауды басқару орталығы» филиалының директоры

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

1965 жылы 12 қарашада туған.

В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Машина жасау технологиясы, металл кесетін станоктар және құрал-саймандар» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – инженер-механик.

Жұмыс тәжірибесі:

2006 ж. бастап 2020 ж. наурызға дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы директорының тауар және көлік операциялары жөніндегі орынбасары, тасымалдау департаментінің директоры, бас диспетчерлік департаменттің директоры.

2020 ж. 3 ақпаннан бастап – Бірлесе отырып «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары

2020 ж. 18 наурыздан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары

2020 ж. 7 шілдеден бастап – Бас директордың орынбасары – «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Мұнай тасымалдауды басқару орталығы» филиалының директоры.

2020 ж. 18 наурыздан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.

Компанияның 11 243 дана санындағы немесе орналастырылған акцияларының жалпы санының 0,000029% -на ие.

ЕББҮ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмады.

Ален Таңатаров

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директордың орынбасары – «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Зерттеулер және әзірлемелер орталығы» филиалының директоры

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

1981 жылы 23 тамызда туған.

Талсы университетін (АҚШ) «Мұнайшы инженер» мамандығы бойынша аяқтаған. Іскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA) дәрежесі бар, Саффолк Университеті (АҚШ). 2016 жылы «Басқарушы буын өкілдеріне арналған бағдарламасы» бойынша Гарвард бизнес мектебінде оқыды.

Жұмыс тәжірибесі:

2016–2019 жж. – «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС Бас директоры.

2019 ж. 9 шілдеден бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.

2020 ж. 4 мамырдан бастап – Бас директордың орынбасары – «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Зерттеулер және әзірлемелер орталығы» филиалының директоры.

2019 ж. 9 шілдеден бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС Байқаушы кеңесінің төрағасы.

Компанияның және ЕББҮ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмады.

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидалары
Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
Акционерлердің жалпы жиналысы
Директорлар кеңесі
Басқарма және оның қызметі
Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі
Тәуекелдерді басқару
Ішкі аудит
Сыртқы аудит
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Корпоративтік этика
Мүдделер қақтығыстарын басқару
Омбудсмен институты
Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Жайық Махин

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

1982 жылы 30 маусымда туған.

Ресей Федерациясының сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтын (Университет) «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірген, дәрежесі – экономика бакалавры, 2005 жылы – «Әлемдік экономика» бағыты бойынша шет тілдерін білетін экономика магистрінің дәрежесі бар. 2014 жылы Ресей Федерациясының Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясын «МВА: менеджмент – халықаралық бизнес» бағдарламасы бойынша бітірген, іскерлік әкімшілік жүргізу магистрі (Master of Business Administration) дәрежесі бар.

Жұмыс тәжірибесі:

2016–2017 жж. – «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС Бас директорының экономика жөніндегі орынбасары.

2017 ж. желтоқсан – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.

2018 жылғы 3 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.

2017 жылғы 20 желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

«Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің төрағасы, «Магистральдық Суағызғы» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.

Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмады.

Шыңғыс Сейсекенов

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

1981 жылы 11 сәуірде туған.

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін «Халықаралық экономикалық қатынастар, халықаралық валюталық-қаржылық қатынастар» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – халықаралық валюталық-қаржылық қатынастар. 2005 жылы Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің аспирантурасын «Қаржы, ақша айналымы және кредит» мамандығы бойынша бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі бар. 2019 жылы Нью-Йорк университетінің Леонард Н. Штерн атындағы бизнес мектебін, Лондон экономика және саяси ғылымдар мектебін және Париждің HEC жоғары коммерциялық мектебін бітірді. Іскерлік әкімшілік магистрі (MBA) дәрежесі бар.

Жұмыс тәжірибесі:

2016–2017 жж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының бизнесті қолдау жөніндегі орынбасары.

2018 ж. 3 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.

2016 ж. 24 қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

«Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің мүшесі, «Petrotrans Limited» Директорлар жиналысының мүшесі, «Магистральдық Суағызғы» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.

Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмады.

Шара Әділова

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

1978 жылы 30 қарашада туған.

Массачусетс университетін «Бухгалтерлік есеп және қаржы» мамандығы бойынша бітірді. Массачусетс университетінің іскерлік әкімшілік жүргізу магистрі (MBA) дәрежесі бар. 2009 жылы халықаралық басқару мектебін бітірді, экономика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі (PhD) берілген.

Жұмыс тәжірибесі:

2016–2017 жж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының корпоративтік даму және активтер жөніндегі орынбасары.

2018 ж. 3 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.

2016 ж. 24 қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

«Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің мүшесі, «Petrotrans Limited» Директорлар жиналысының мүшесі, «МұнайТас» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.

Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмады.

Данияр Мұхамед-Рахим

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

1981 жылы 29 қыркүйекте туған.

Қазақ гуманитарлық заң университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша,

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін «Экономика» мамандығы бойынша бітірген, Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресейдің Ұлттық экономика және мемлекеттік басқару академиясы экономика және магистр дәрежесі бар, «Жобалау және бағдарламаларды басқару» мамандығы бойынша.

Жұмыс тәжірибесі:

2016 ж. қыркүйектен бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының кеңесшісі.

2017–2018 жж. – «Батуми теңіз порты» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің мүшесі, бас директоры

2018 ж. тамыздан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ ЗӘО» филиалы директорының орынбасары.

2019 ж. қарашадан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Адам ресурстарын басқару және еңбекақысын төлеу департаментінің директоры

2020 ж. 1 шілдеден бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.

2020 ж. 1 шілдеден бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.

Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.

Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырмады.

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидалары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма және оның қызметі

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығыстарын басқару

Омбудсмен институты

Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Жайдарман Исақов

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

1965 жылы 29 қазанда туған.

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – заңгер. 2003 жылы Ресей Федерациясы Үкіметінің жанындағы Халық шаруашылығы академиясынан оқудан өткен, мамандану тақырыбы «Мұнай-газ саласының заңгері».

Жұмыс тәжірибесі:

2014–2017 жж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры.

2018 ж. 3 қаңтардан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарушы директоры.

2020 ж. 8 маусымнан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.

2003 ж. 12 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

«Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің мүшесі.

Компанияның және ЕББҰ акцияларына ие емес.

Компания жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына ие емес.

Компанияның акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.

Басқарма қызметінің нәтижелері

2020 жылы Компания Басқармасы 31 бетпе-бет отырыс өткізді. Сырттай түрдегі отырыстар өткізілмеді.

Компания Басқармасы барлығы 209 қарастырылған мәселе бойынша шешімдер қабылдады, 202 тапсырма берілді, бұл ретте 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі жағдай бойынша орындалмаған тапсырмалар жоқ. Басқарманың жұмыс нәтижелері бойынша 76 мәселе Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды, ал соның 3-уі Компания Акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына шығарылды.

Компания Басқармасының отырыстарында қаралған мәселелер саны, дана



2020 жылы Компания Басқармасының отырыстарына қатысушылар саны

Басқарма мүшесі	Отырысқа қатысулар		
	Қатысқан отырыстар саны	Қатысқан отырыстар проценті	Есептік кезеңде Басқарма құрамында болу кезеңі
Димаш Досанов	31-ден 26	84%	01.01.2020 – 31.12.2020
Сәбит Арынов	31-ден 26	84%	01.01.2020 – 31.12.2020
Ерболат Меңдібаев	24-тен 22 (18.05.2020 ж. бастап)	92%	18.05.2020 – 31.12.2020
Ален Таңатаров	31-ден 27	87%	01.01.2020 – 31.12.2020
Жайық Махин	31-ден 26	84%	01.01.2020 – 31.12.2020
Шыңғыс Сейсекенов	31-ден 25	81%	01.01.2020 – 31.12.2020
Шара Әділова	31-ден 29	94%	01.01.2020 – 31.12.2020
Данияр Мұхамед-Рахим	15-тен 14 (01.07.2020 ж. бастап)	93%	01.07.2020 – 31.12.2020
Жайдарман Исақов	31-ден 29	94%	01.01.2020 – 31.12.2020

Өткізілген отырыстар шеңберінде өзге де мәселелер қаралған және келесі негізгі бағыттар бойынша шешімдер қабылданды:

Стратегиялық даму:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2019 жылғы Бизнес-жоспарының іске асырылуы туралы Есепті мақұлдау;
- 2020–2021 жылдарға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ «бар күйінде» 1-2-3 деңгейдегі бизнес-процестер карталарын бекіту;
- 2021–2023 жылдарға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ мүдделі тараптарының картасын мақұлдау.

Корпоративтік басқару:

- «ҚазТрансОйл» АҚ 2019 жылғы Жылдық есебін мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылға арналған қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ басшы қызметкерлерінің 2019 жылға арналған қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту.

Қаржылық-шаруашылық қызмет:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2019 жылдың ішіндегі жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін мақұлдау;
- еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның бюджет бөлігінде негізгі құралдардың қайта бағаланған және тарихи құндары бойынша 2021–2025 жылдарға арналған Бизнес-жоспарлары жобаларын мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жасасуға мүдделігі бар мәмілелерді «Самұрық-Қазына» АҚ тобына енетін ұйымдармен жасасу.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Тәуекелдер жөніндегі комитетінің 2019 жылдың ішіндегі Есебін қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2020 жылдың ішіндегі Тәуекелдер жөніндегі комитеті жұмысының жоспарын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының өндірістік және өндірістік емес тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есептерді алдын ала қарау.
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ақпараттық жүйелерін қолданатын бизнес-процестердің үздіксіздігін қамтамасыз ету туралы ережені бекіту.

Тәуекелдер жөніндегі комитеті қызметінің нәтижелері

Компанияның тәуекелдерді басқару мәселелерін алдын ала қарау мақсатында Басқарма жанындағы жеке консультативті-кеңес беру органы – Тәуекелдер жөніндегі комитет құрылды. Комитеттің функционалы Компания және оның ЕББҰ тәуекелдерін басқарумен байланысты мәселелерді жан-жақты пысықтауды және тәуекел-менеджмент саласында салмақты шешімдерді Басқарманың қабылдауына мүмкіндік туғызатын ұсыныстар дайындауды енгізеді.

Тәуекелдер жөніндегі комитет өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Компания Жарғысын, Корпоративтік басқару кодексін, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Тәуекелдер жөніндегі комитеті туралы ережені және Компанияның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Тәуекелдер жөніндегі комитеттің негізгі міндеттері:

- Компанияның тәуекелдерін басқару саласындағы шешімдер қабылдау кезінде Компания Басқармасына жәрдем көрсету;
- Компанияның тәуекелдерді басқарудың тиімді корпоративтік жүйесін ұйымдастыру мен қолдау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды дайындау;
- Компания тәуекелдерін анықтауды, өлшеуді, қадағалауды және бақылауды танытатын процестерді дамыту;
- Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді бақылау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды дайындау болып табылады.

Тәуекелдер жөніндегі комитеттің төрағасы бас директор (Басқарма төрағасы) болып табылады.

Тәуекелдер жөніндегі комитеттің отырыстары Компания Басқармасы бекіткен Тәуекелдер жөніндегі комитеті жұмысының жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Компанияның Басқарма төрағасының 2020 жылғы 21 қаңтардағы шешімімен бекітілген Тәуекелдер жөніндегі комитеттің жоспарына сәйкес есепті кезеңде Тәуекелдер жөніндегі комитет 5 жоспарлы, сондай-ақ 1 жоспардан тыс отырыстар өткізді, оларда:

- Компанияның және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының өндірістік және өндірістік емес тәуекелдері бойынша 2019 жылдың 4 тоқсаны және 2020 жылдың 1-3 тоқсандары үшін тоқсан сайынғы есептер келісілді;
- Компанияның орталық аппаратының 2020 жылға арналған Бизнес-процестер жіктеуішінің және Компанияның орталық аппаратының 2020 жылға арналған тәуекелдер матрицалары мен бақылаулары мен блок-схемаларын әзірлеу және/немесе өзектендіру бойынша жұмыстардың Күнтізбелік жоспар-кестесінің жобалары келісілді;
- Компанияның және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының 2021 жылға арналған өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау нәтижелері келісілді;

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидалары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма және оның қызметі

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығыстарын басқару

Омбудсмен институты

Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ бас директорының бірінші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ өндірістік / өндірістік емес тәуекелдерінің деңгейін төмендету бойынша қабылданған шаралар және өткізілген іс-шаралар туралы есебін қарады.

Есепті кезеңде тәуекелдер жөніндегі комитет қараған барлық жоспарлы мәселелер Компанияның тиісті органдарына немесе лауазымды тұлғаларына одан әрі қарауға және/немесе бекітуге белгіленген тәртіппен шығарылды.

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру

Компанияда қолданыстағы Басқарма мүшелеріне сыйақы беру тәсілі біліктілігі жоғары мамандарды тартуға және ұстап тұруға және олардың Компания алдында тұрған міндеттерді тиімді орындаулары үшін материалдық қызығушылықтарын қамтамасыз етуге бағытталады.

Компания Басқармасы мүшелеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру тәртібі «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Басқармасы туралы ережемен, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның басқарушы және басшы қызметкерлерінің, корпоративтік хатшының қызметінің тиімділігін бағалау қағидаларымен, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ-ның басқарушы және басшы қызметкерлеріне, ішкі аудит қызметінің басшысына және корпоративтік хатшыға сыйақы беру төлемдері қағидаларымен белгіленген.

Басқарма төрағасына және оның мүшелеріне еңбекке ақы төлеу жүйесі өткен жылдың жұмыс қорытындысы бойынша еңбекақы төлемдерін және сыйақының тұрақты бөлігін енгізеді.

2020 жылдың ішінде «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Басқарма мүшелеріне салықтарды қосқанда жалпы сомасы 723 064 мың теңгеге сыйақы есептелген.

Компанияның шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі бекітілгеннен кейін «ҚазТрансОйл» АҚ-ның басқарушы қызметкерлеріне өткен жылдың жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның бюджетінде осы мақсаттарға қарастырылған ақшалай қаражат шегінде төленеді.

Өткен жылдың жұмыс қорытындысы бойынша сыйақыны төлеу үшін қойылатын негізгі шарттар:

- есептік жылы ішіндегі шоғырландырылған қорытынды пайданың болуы;
- жылдың жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы төлеу үшін уәждемелік ҚНК орындау;
- қызметкерлердің орындаушылық және еңбек тәртібін сақтау болып табылады.

Басшы қызметкерлердің қызметін бағалау кезінде уәждемелік ҚНК қолданылады, бұған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «ҚазТрансОйл» АҚ стратегиялық мақсаттарын реттеу арқылы әзірленетін корпоративтік және функционалды ҚНК енгізеді.

Жылдың жұмыс қорытындысы бойынша басшы қызметкерге сыйақы беру мөлшері есептік мерзім ішінде нақты атқарылған жұмыс уақыты ішінде басшы қызметкердің лауазымдық еңбекақысының үш есе жылдық сомасынан асып кетпеуі тиіс.

Басшы қызметкерлердің ҚНК нақты орындалуы деректерді тексеру және келісудің белгіленген рәсімдерін ескере отырып Директорлар кеңесімен бекітіледі.

КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫСЫНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ

Корпоративтік хатшы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компанияның Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Корпоративтік хатшы туралы ережесіне, Компанияның өзге де ішкі құжаттарына, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесінің және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

Компанияның Корпоративтік хатшысы өзінің қызметінде Директорлар кеңесіне есеп береді және бағынады. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттеріне:

- Компания органдары мен лауазымды тұлғаларының корпоративтік басқару нормаларын сақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы саясатты және практиканы жетілдіру;
- Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің тиімді қызметін қамтамасыз ету;
- Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуді қамтамасыз ету;
- маңызды ақпаратты қамтамасыз ету, ашу және ұсыну, сондай-ақ ақпараттың ашықтығының жоғарғы деңгейін қолдау;
- Компания мен оның акционерлері, сондай-ақ Компанияның органдары арасындағы анық және тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету.

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 2 шілдедегі шешімімен Шманов Айрат Махамбетұлы үш жыл өкілдеттік мерзімімен «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік хатшысы болып тағайындалды. Компанияның корпоративтік хатшысының міндеттері, функциялары, құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі «ҚазТрансОйл» АҚ-ның корпоративтік басқару кодексінде және Корпоративтік хатшы туралы ережесінде бекітілген.

Корпоративтік хатшы туралы ережемен Компанияның корпоративтік интернет-ресурсының «Корпоративтік басқару» бөлімінде танысуға болады.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

«ҚазТрансОйл» АҚ мұнай тасымалдау компаниясы ретіндегі қызметі Компанияның операциялық және стратегиялық мақсаттарға табысты қол жеткізуге әсерін тигізуге қабілетті әртүрлі тәуекелдер мен мүмкіндіктермен тоғысқан. Осыған байланысты Компанияда тәуекелдерді басқару жүйесі ұйымдастырылған және жұмыс істейді, бұл қойылған мақсаттарға қол жеткізуге саналы сенімділікті қамтамасыз етуге, Компания қызметінің тәуекелдеріне келеңсіз әсер етуді азайтуға бағытталған.

Тәуекелдерді басқару жүйесі кешенді болып табылады және екі ішкі жүйені: тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) және ішкі бақылау жүйесін (ІБЖ) енгізеді.

ТБКЖ және ІБЖ тиімді жұмыс жасауын ұйымдастыру және қадағалау бөлігіндегі маңызды рөлге Компанияның Директорлар кеңесі ие болады. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдерін әзірлеу мен қолдану үшін жауапкершілік Компания Басқармасына жүктеледі.

Тәуекелге негізделген мәдениетті дамыту

Компания тәуекелділіктің жоғары деңгейіне негізделген және тәуекелдерді басқару процесіне қызметкерлерді тартуға негізделген тәуекелге бағдарланған мәдениетті дамытуға ерекше назар аударады.

Жұмысқа қабылдау кезінде барлық қызметкерлерге «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративті жүйесі туралы саясатта баяндалған тәуекелдерді басқарудың күрделі жүйесін (ТБКЖ) ұйымдастыру және жұмыс атқару міндеттері мен принциптері, негізгі мақсаттары негізінде нұсқаулықтар беріледі.

Тәуекелдерді анықтау және бағалау, олардың динамикасын бақылау және тоқсан сайынғы тәуекелдер туралы есептерді дайындау процесінде жүйелі түрде түсіндіру жұмыстары және онлайн-консультациялар өткізіледі, оқытудың презентациялары мен ТБКЖ әдістемесі Компанияның корпоративтік порталында орналастырылады. ТБКЖ саясатының негізгі талаптары, ВБЖ ережелері, мақсаттары мен міндеттері, тәуекелдерді басқару принциптері және тәуекел терминологиясы Компания қызметкерлерін аттестаттау кезінде, сондай-ақ белгілі бір лауазымдарға қабылдау кезінде жалпы тестілеу сұрақтары тізіміне енгізілген.

2020 жылдан бастап тәуекелдер туралы қосымша брифингтер немесе тренингтер өткізу қажеттілігін анықтау үшін Компания қызметкерлерін ТБКЖ және ВБЖ саласындағы жыл сайынғы автоматтандырылған корпоративтік тестілеу практикасы енгізілді.

Тәуекелдерді басқарудың жүйесі

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі Компанияны және оның ЕББҮ басқарудың барлық деңгейлерінде тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруды және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қағидаттардың, әдістер мен рәсімдердің жиынтығын білдіреді. ТБКЖ Компанияны корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

ТБКЖ негізгі мақсаттары тәуекел оқиғаларының ықтималдығын және оларды іске асыру салдарын төмендету жөніндегі іс-шараларды уақытылы анықтау, талдау, бағалау, мониторингілеу және әзірлеу болып табылады.

Компанияның Тәуекелдерді басқаруға деген тәсілі сыртқы және ішкі контексі есебінен әзірленеді, ISO 31000:2018 мен COSO ERM:2017 қоса алғанда, тәуекелдерді басқару жөніндегі халықаралық стандарттарда баяндалған қағидаттарға сәйкес келеді.

ТБКЖ жұмысын реттейтін маңызды ішкі құжат «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі жөніндегі саясат болып табылады. Компанияда тәуекелдерді басқару процесін регламенттейтін құжаттардың және т. б. бірыңғай әдіснамалық база пайдаланылады:

- «ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыру қағидалары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-дағы тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекелдерді басқару әдістерін таңдау әдістемесі.

ТБКЖ құрылымы Компанияның барлық ұйымдастырушылық тігінен біріктірілген болып табылады және барлық ұйымдастырушылық деңгейіндегі тәуекелдерді қамтуға мүмкіндік береді. Директорлар кеңесі және Басқармасы тұлғасындағы Компания басшылығы белсенді ұстанымды ұстанады және ТБКЖ жұмысының тиімділігін қамтамасыз етеді.

Басқарма жанындағы Тәуекелдер жөніндегі комитет тәуекелдерді басқару процесінің тиімділігін ретке келтіру және қадағалауда маңызды рөлге ие болып келеді. Тәуекелдер жөніндегі комитет өзінің құзыреттілігі шеңберінде Басқармаға тәуекелдерді басқару мәселелеріне қатысты толық ұсыныстарды ұсынады және Компанияның барлық тәуекелдері жағдайы туралы есептілікті талдайды.

Тәуекелдер жөніндегі комитеті жұмысының нәтижелері туралы ақпарат Компанияның Интернет-ресурсында «Басқарма» бөлімінде берілген.

Тәуекелдерді басқару процесін үйлестіру және тұрақты әдіснамалық қолдауды тәуекелдерді және бизнес-процестерді басқару департаменті жүзеге асырады. Департамент Компанияның ОҚБ және ЕББҮ тәуекелдерді сәйкестендіру, талдау және бағалау

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидалары
Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
Акционерлердің жалпы жиналысы
Директорлар кеңесі
Басқарма және оның қызметі
Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі
Тәуекелдерді басқару
Ішкі аудит
Сыртқы аудит
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Корпоративтік этика
Мүдделер қақтығыстарын басқару
Омбудсмен институты
Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

мәселелері бойынша тұрақты консультациялық және әдіснамалық қолдау көрсетеді.

Компанияның орталық аппараты, ОҚБ және ЕББҮ тәуекелдерді басқару процесіне белсенді тартылған. Компанияның орталық аппаратының әрбір құрылымдық бөлімшесінде тәуекел-үйлестіруші – маман тағайындалған, ол құрылымдық бөлімшелерде тәуекелдерді басқару жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру, тәуекелдерді басқару департаментімен және ИБЖ өзара әрекеттесуге жауапты болады. Компанияның ОҚБ және ЕББҮ-да тәуекел-менеджерлер – маман тағайындалған, ол тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруға және үйлестіруге жауапты болады.

«ҚазТрансОйл» АҚ -ның ТБКЖ ұйымдық құрылымы



Тәуекелдерді басқару процесі

Компанияда тәуекелдерді басқару процестерін ұйымдастыру ақпараттың үздіксіз ағыны мен ақпарат алмасуды, сондай-ақ барлық басқару деңгейінде, тіпті ОҚБ дейін тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді.

«Жоғарыдан төмен қарай» вертикаль бойынша берілетін ақпарат стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге, тәуекел-бедел деңгейін арттыруға, тәуекелдер деңгейіне дейін тәуекелдерді басқару тәсілдеріне мүмкіндік туғызады. «Төменнен жоғарыға қарай» берілетін ақпарат ағыны Компанияның басшылығына Компанияның анықталған тәуекелдерінің жағдайы туралы, оларды іске асыру кезіндегі әсер етулер мен ықтималдылықты бағалаудағы өзгерістер туралы уақытылы және дәйекті мәліметтерді ұсынады.

Стратегияны әзірлеу кезінде Компания басшылығымен қойылған мақсаттарға қол жеткізуге әсер етуге қабілетті тәуекелдерді бағалау мен баламалы нұсқаларды мұқият пысықтауды жүзеге асырады.

Мақсат қоюға аталған тәуекел-бағдарланған тәсіл Компания дамуына барынша оңтайлы бағыттарды таңдауға және сонымен тоғысатын тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалауға мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді басқару процесінің негізгі кезеңдері



ТБКЖ Компания тәуекелдерін анықтауды, сондай-ақ Компанияның барлық тәуекелдерін бағалауды және басымдық танытуды қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді бағалау шеңберінде сапалы және сандық әдістер пайдаланылады. Компания қызметін жартылай немесе толықтай тоқтатып қоюға әкелетін тәуекелдер үшін үздіксіз қызметті қамтамасыз ету жоспарлары әзірленеді.

2021 жылға жоспарланған тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының тәуекелдерінің жаңартылған бірыңғай жіктегіші бойынша 2020 жылы жүргізілді. Осылайша, компанияның барлық тәуекелдері екі ірі санатқа бөлінді – өндірістік және өндірістік емес тәуекелдер, олардың көздері тиісті тәуекел-факторлар (себептер) болып табылады. 2021 жылы күтілетін тәуекелдерді сәйкестендіру қорытындыларын 2020 жылғы желтоқсанда Компанияның Директорлар кеңесі бекітті.

Компанияда жұмыс істеп тұрған тәуекелдер жөніндегі есептілік жүйесі ТБКЖ жұмыс істеуін қолдайды және салмақты басқарушылық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді. Компанияның тәуекелдер серпіні туралы тоқсан сайынғы есептілік Тәуекелдер жөніндегі комитетке, Директорлар кеңесіне және Басқармасына ұсынылады.

Компанияда іске асырылған тәуекелдер туралы деректерді есепке алу және бұдан әрі қарайғы талдау мақсатында корпоративтік порталда іске асырылған тәуекелді оқиғалар бойынша деректерді бірыңғай электрондық базасы құрылған. Электрондық базаны енгізу тәуекелдер мен тәуекел-факторларды сандық бағалауды жүргізу үшін қажетті статистиканы жинақтауға, сондай-ақ тәуекелдер туралы аналитикалық есептілікті дайындауға мүмкіндік береді.

Есептік мерзім ішінде өндірістік және өндірістік емес тәуекелдердің және оларға тән тәуекел-факторлардың жағдайын, оларды басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалуын тұрақты мониторингтеу, сондай-ақ іске асырылған тәуекелді оқиғалар бойынша деректердің электрондық базадағы іске асырылған тәуекелдерін есепке алу және Компания басшылығы үшін тоқсан сайынғы есептілікті дайындау жүзеге асырылады.

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидалары
Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
Акционерлердің жалпы жиналысы
Директорлар кеңесі
Басқарма және оның қызметі
Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі
Тәуекелдерді басқару
Ішкі аудит
Сыртқы аудит
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Корпоративтік этика
Мүдделер қақтығыстарын басқару
Омбудсмен институты
Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Тәуекелдер картасы

Компанияда тәуекелдер тізбесі құрастырылған, бұл Компанияның қаржылық жағдайына және стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге барынша маңызды әсерін тигізеді. Компания осындай тәуекелдерге тұрақты баға береді. 2020 жылы тәуекелдерді бағалау нәтижелері «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдер картасында берілген және олардың Компания қызметіне әсер ету дәрежесін айқын көрсетеді.

Үлкен сандық мән бағаланатын өлшемшартының үлкен мәніне сәйкес келеді.

Тәуекелді бағалау Директорлар кеңесі бекіткен Тәуекелдерді анықтау және бағалау әдістемесіне, «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерді басқару әдістерін таңдауға сәйкес жүзеге асырылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ Өндірістік тәуекелдер аймағының картасы (кезең соңына қалған тәуекел-факторлар)



«ҚазТрансОйл» АҚ Өндірістік емес тәуекелдер аймағының картасы (кезең соңына қалған тәуекел-факторлар)



Тәуекелдер картасын ашып жазу. Тәуекелдер мен тәуекел-факторлар

№	Тәуекел/Тәуекел-фактор	жоғары	орта	төмен
Технологиялық режимнің сақталмауы				
2	Технологиялық процестердің технологиялық регламенттерін сақтамау			●
3	Бақылау-өлшеуіш приборлары және автоматиканың бұрыс көрсетілімі: температура, қысым, деңгей, шығын			●
4	ТПАБЖ құралдарының техникалық және бағдарламалық кешендердің ақаулары мен істен шығуы: техникалық құралдары, бағдарламалық жасақтамамен қамтамасыз ету		●	
5	ТҚТ Магистральді арналарының істен шығуы мен ақауы: талшықты-оптикалық байланыс желілері, ТҚТ жабдықтары		●	
8	Жабдықты пайдаланудың нақты технологиялық режимдерінің олардың жұмыс істеуінің техникалық стандарттарына сәйкес келмеуі			●
10	Өндірістік, өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын сақтамау			●
14	Жұмыс жетекшісінің өндірістік бақылауы жеткіліксіз		●	
17	Қызметкердің әл-ауқатының нашарлауы		●	
21	Пайдаланылатын персоналдың үйлесімді емес әрекеттері			●
28	Жеке құрамды жеткізу кезінде көлік құралы жүргізушісінің жол қозғалысы ережелерін сақтамауы (ЖКО)		●	
121	Сыртқы электрмен жабдықтаудағы үзілістер		●	
30	Персоналдың бұрыс/дұрыс емес әрекеттері		●	
128	Қабылдау пункттерінен тыс технологиялық байланысты жабдықтың істен шығуы		●	
129	Табиғи әсерлер, апаттар		●	
131/1	Үшінші тұлғалардың қасақана / қасақана емес заңсыз әрекеттері (үшінші тұлғалар тудырған жол-көлік оқиғалары)		●	
137	Компания қызметіне әсер ететін акционерлер (қатысушылар) тарапынан шешім қабылдау («ҚҚҚ» ЖШС)		●	
Жабдықты уақытылы емес/сапасыз жөндеу				
35	Жөндеуді дұрыс жоспарламау (техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге жататын жабдықтар тізімін дұрыс анықтамау)		●	
37	Технологиялық жабдыққа уақытылы емес техникалық қызмет көрсету		●	
38	Технологиялық жабдықты жөндеуге уақтылы дайындамау		●	
44	Жөндеуге арналған сапасыз қосалқы бөлшектер мен материалдарды жеткізу			●
55	Жұмыс жетекшісінің өндірістік бақылауы жеткіліксіз		●	
57	Жұмыстың қанағаттанарлықсыз ұйымдастырылуы		●	
59	Жабдықты жөндеуге арналған нормативтік құжаттардың талаптарын сақтамау		●	
73	Персоналдың дұрыс емес / қате әрекеттері		●	
139	Ауа-райының қолайсыздығы		●	

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидалары
Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
Акционерлердің жалпы жиналысы
Директорлар кеңесі
Басқарма және оның қызметі
Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі
Тәуекелдерді басқару
Ішкі аудит
Сыртқы аудит
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Корпоративтік этика
Мүдделер қақтығыстарын басқару
Омбудсмен институты
Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

№	Тәуекел/Тәуекел-фактор	жоғары	орта	төмен
Технологиялық жабдықты уақытылы емес/сапасыз ауыстыру				
75	Технологиялық жабдықтардың нашар диагностикасы		●	
77	Технологиялық жабдыққа уақытылы техникалық қызмет көрсету		●	
82	Жабдықты ауыстыруды дұрыс жоспарламау (ауыстырылатын жабдық тізімін дұрыс анықтамау)		●	
83	Жабдықтардың нашар орнатылуы		●	
90	Сапасыз жабдықты жеткізу			●
120	Персоналдың дұрыс емес / қате әрекеттері		●	
144	Жаңа жабдықта оны пайдалану кезінде анықталған зауыттық ақаудың болуы			●
Кірістердің азаюы				
296	Мұнай бағасының қолайсыз өзгерісі		●	
300 (БМТ)	Қызметтерге/өнімге сұраныстың төмендеуі (БМТ)		●	
306	Дебиторлық берешектің уақытында қайтарылмауы (БМТ)		●	●
306	Дебиторлық берешектің уақытында қайтарылмауы		●	
415	Қазақстан-Қытай мұнай құбыры құрылысының 2-кезеңінің 2-кезегі. Өнімділіктің жылына 20 миллион тоннаға дейін өсуі («МұнайТас» ЖШС, «ҚҚҚ» ЖШС)	●		
291	Стратегиялық әріптестермен қарым-қатынастар жағдайының өзгеруі			●
292	Стратегиялық серіктестердің қатынастар шарттарын орындамауы (қызметтерді тұтынушылардың шарттық міндеттемелерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы)	●		
301	Мұнай жеткізудің азаюы немесе тоқтатылуы		●	
300 (ДОУ)	Қызметке/өнімге сұраныстың азаюы (ОҚД)		●	
304	Контрагент банктердің өз міндеттемелерін орындамауы		●	
162	Бекітілген жоспарлардың сапасының төмен болуы (инвестициялық бағдарламаны дұрыс жоспарламау)		●	
312-1	Тарифтік реттеу саласындағы уәкілетті органның шешім қабылдауы		●	
172	Тарифтік сметаның уақытылы түзетілмеуі		●	
155	Өндірістік өнімнің дұрыс емес есептелуі			●
185-1	Компанияның қолданыстағы заңнама талаптарын сақтамауы («ҚҚҚ» ЖШС)	●		
210	Негізгі қызмет бойынша сапасыз қызмет көрсетілуі			●
204	БАҚ-та компания қызметі туралы оның беделіне теріс әсер ететін көріну жалған немесе бұрмаланған мәліметтердің пайда болуын болдырмау тетіктерінің болмауы			●

№	Тәуекел/Тәуекел-фактор	жоғары	орта	төмен
Шығыстардың өсуі				
335	Теңгенің айырбас бағамының өсуі		●	
334	Инфляцияның өсімі (ОЖ қайта бағалау)		●	
353	Сот процестері (БМТ)		●	
310	Үшінші тұлғалар тарапынан қасақана заңға қарсы әрекеттер		●	
354	Үшінші тұлғалардың қасақана заңсыз әрекеттері («ҚҚҚ» ЖШС)		●	
324	Сырттан корпоративтік желіге рұқсатсыз кіру			●
311	Мемлекеттік органдардың қажетті келісімдері мен рұқсаттарын алу ұзақтығы		●	
312	Тарифтік реттеу саласындағы уәкілетті органның шешімдер қабылдауы		●	
360	«Жеткізулердің нәзік тізбегі»	●		
317	Табиғи әсерлер, апаттар (соның ішінде COVID-19 коронавирус пандемиясы)		●	
213	Күрделі салымдарды жоспарлау кезінде экономикалық тиімділіктің дұрыс есептелмеуі			
262	Салық заңнамасы талаптарының сақталмауы			●
261	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың сақталмауы		●	
260	Еңбек заңнамасы талаптарының сақталмауы		●	
256	Жұмыскерлердің ереуілдері, митингілері, наразылықтары		●	
257	Компанияның қолданылатын құқық талаптарын сақтамауы		●	
259	Мәмілелердің тиісті заңды түрде тіркелмеуі		●	
246	Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың уақытылы өткізілмеуі		●	
188	Мәмілелердің тиісті заңды түрде тіркелмеуі			●
244	Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық жоспарының уақытылы бекітілмеуі		●	
224	Қаржылық есептілікті уақытылы ұсынылмауы			●
228	Қаржылық есептіліктің дұрыс жасалмауы			●
239	Компанияда қаржылық / қаржылық емес ковенанттардың сақталмауы			●
276	Қолданыстағы БЖ істен шығуы (жоғалуы)			●
276 («МұнайТас» ЖШС)	Қолданыстағы БЖ істен шығуы (жоғалуы) («МұнайТас» ЖШС)		●	
277	Қолданыстағы серверлік жабдықтың істен шығуы			●
268	Сыбайлас жемқорлық сипатындағы заңға қарсы әрекеттер			●

Тәуекелді оқиғаларды іске асыру ықтималдығын азайту мақсатында ОҚБ және ЕББҮ басшылары 2020 жыл ішінде алдын алу сипатындағы қажетті іс-шараларды орындады. Компания сондай-ақ ықтимал қаржылық шығындарды азайту мақсатында іске асырылған тәуекелдерге түзету іс-қимылдарының тиісті іс-шараларын қабылдады. Компанияның тәуекелдерін басқару бойынша жоспарланған барлық жұмыстар 2020 жылы толық көлемде орындалды.

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидалары
Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
Акционерлердің жалпы жиналысы
Директорлар кеңесі
Басқарма және оның қызметі
Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі
Тәуекелдерді басқару
Ішкі аудит
Сыртқы аудит
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Корпоративтік этика
Мүдделер қақтығыстарын басқару
Омбудсмен институты
Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

ІШКІ АУДИТ

Компанияның ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін Компанияның органы болып табылады.

Ішкі аудит қызметінің негізгі мақсаты тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруде жүйелік тәсілдерді енгізу арқылы Компанияның тиімді басқаруын қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты Директорлар кеңесіне ұсыну болып табылады.

Ішкі аудит қызметі өзінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Компанияның Жарғысын, сондай-ақ келесі ішкі құжаттардың ережелерін басшылыққа алады:
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-та ішкі аудит қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқама.

Ішкі аудит қызметінің негізіне Ішкі аудиторлар институтымен әзірленген Этика кодексінің және Халықаралық ішкі аудит кәсіптік стандарттарының (XIAKC) базалық қағидаттары алынады.

2020 жылы Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес 7 аудиторлық тексеру өткізілді. Атап айтқанда, «ҚҚҚ» ЖШС, «Petrotrans Limited» және Павлодар мұнай құбыры Компания басқармаларында өндірістік, операциялық және қаржылық процестеріне кешенді аудит жүргізілді. Сонымен қатар, Компаниядағы адам ресурстарын басқару және жалақы төлеу процесіне аудит жүргізілді, тарифтік сметалардың орындалуына, Компанияда инвестициялық бағдарламаның қалыптасуы мен жүзеге асырылуына, аудит процедураларына аудит жүргізілді. Компаниядағы тауарлық-материалдық құндылықтар мен қойма есебін, сондай-ақ әкімшілік процестің аудитін қамтамасыз ету.

Бұдан басқа, есепті кезеңде «Өзен – Атырау – Самара» мұнай құбырының учаскелерін жобалық шешімдермен және келісім-шарттармен ауыстыру бойынша орындалған жұмыстардың сәйкестігі бағаланды, сонымен қатар құрамында хлорорганикалық қосылыстардың көп мөлшері бар майды Компанияның құбыр жүйесіне жеткізуі бойынша қызметтік тергеуге қатысу орын алды.

Жалпы алғанда, 2020 жылы ішкі аудит қызметі жүргізген тексерулердің нәтижелері бойынша 87 анықтама анықталып, 108 ұсыным берілді.

Ішкі аудит қызметі берген ұсыныстар негізінде аудит объектілері анықталған сәйкессіздіктер бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарларын әзірледі және бекітті.

2021 жылы Ішкі аудит қызметінің шеңберінде жоспарланған:
- Компания қызметінің негізгі бағыттары бойынша бизнес-процестерді, саясатты, рәсімдерді, тиімділікті бағалауды өткізу;
- Компанияның Ішкі аудит қызметі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және Компанияның Ішкі аудиторлары берілген ұсыныстарды орындау мониторингісін жүзеге асыру болып табылады.

СЫРТҚЫ АУДИТ

Компания қаржылық есептіліктің дәйектілігін растау мақсатында тәуелсіз аудиторлық ұйымдарды тартады.

Компанияның сыртқы аудитормен өзара әрекеттесуі аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласында «ҚазТрансОйл» АҚ саясатымен реттеледі. Аталған Саясаттың мақсаты аудиторлық ұйымдардың қызметтерін (аудиторлық ұйымдары қызмет көрсететін аудиторлық қызметтерді қоса алғанда) тарту бойынша тиімді қызметті ұйымдастыру, оларды таңдау бойынша бірыңғайландырылған рәсімдерді енгізу, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ аудиторларының аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсету және мүдделер қақтығыстарына жол бермеу кезінде тәуелсіздік мәртебесін сақтауды қамтамасыз ету болып табылады.

Аудиторлық ұйымды таңдау кезінде пайдаланылатын негізгі критерийлері:
- қызметтер сапасы;
- қызметтер көрсету оперативтілігі мен уақыттылығы;
- қызметтер құны болып табылады.

Бұл ретте аудиторлық ұйым қызметтерінің сапасы келесі факторлармен:
- аудиторлық ұйым мамандарының біліктілік деңгейімен;
- қазақстандық және халықаралық нарықта аудиторлық ұйым мамандарының жұмыс тәжірибесімен;
- мұнай-газ саласында аудиторлық ұйым мамандарының білімімен;
- Қазақстанда техникалық қолдау мамандандырылған тобының (экономиканың мұнай-газ секторында ХҚЕС сәйкестікте есепке алу мәселелері жөніндегі сарапшылар) болуы және осындай топтың құрылуы туралы міндеттемелерді аудиторлық ұйымға ұсынумен анықталады.

2019 жылы 25 қаңтарда Компанияның Директорлар кеңесімен «ҚазТрансОйл» АҚ 2019-2021 жылдары қаржылық есептілігінің аудиті үшін оның қызметтерінің мөлшері ҚҚС-ты есепке алғанда 225 909 459 теңге сомасында белгіленді. Компания акционерлерінің 2019 жылғы 5 наурыздағы кезектен тыс Жалпы жиналысында Компанияның 2019–2021 жылдары аудитін жүзеге асыратын «Эрнст энд Янг» ЖШС аудиторлық ұйымды белгілеу туралы шешім қабылданды.

Аудиторлық ұйым қаржылық есептілік аудитінің қызметтері үшін төлейтін 2019, 2020 және 2021 жылдары ішіндегі ҚҚС-ты есепке алғанда жыл сайынғы сыйақы мөлшері тиісінше 81 599 217 теңге, 84 328 801 теңге, 87 090 576 теңге құрайды.

«Эрнст энд Янг» ЖШС есептік мерзімі ішінде қаржылық есептілік аудитімен байланысты емес консультациялық қызметтер көрсеткен жоқ.

Мазмұны

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидалары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма және оның қызметі

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығыстарын басқару

Омбудсмен институты

Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Компания өзінің күнделікті қызметінде ашық, адал және этикалық іскерлік мінез-құлық қағидаттарын басшылыққа алады, сондай-ақ кез-келген көріністеріндегі сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықты анықтау мен қарсы тұру жөніндегі жүйелі жұмысты жүргізеді.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру шеңберінде және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Компания сыбайлас жемқорлықты ескерту, сыбайлас жемқорлық мәдениетін қалыптастыру, мүдделер қақтығыстарының алдын алу және рұқсат ету жөніндегі жұмыстарды жүргізеді.

Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатты іске асыру корпоративтік қауіпсіздік департаментімен жүзеге асырылады.

Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін негізгі ішкі құжаттар болып табылады:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ сыбайлас жемқорлыққа мониторингтеу жүргізу және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау регламенті;
- «ҚазТрансОйл» АҚ бұзушылықтардың пайда болу тәуекелдерін басқару жөніндегі саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің қақтығыстарын реттеу жөніндегі саясаты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында Компанияда пайдаланылатын негізгі құрал-саймандар және механизмдер болып табылады:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтеу;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және басқару;
- сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабардар ету және кері байланыс үшін арналардың жұмыс істеуі;
- Компанияның контрагенттермен жасасқан шарттарының барлық нысандары бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімін енгізу (2019 жылдан бастап қолданылады);
- қызметкерлерді және контрагенттерді ақпараттандыру;
- Компанияның іскерлік этика кодексінің негізгі ережелерін білу мәніне қызметкерлерге тұрақты тестілеу жүргізу.

Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы хабардарлықты арттыру жұмыстары жүргізілуде. 2020 жылы Munaiqubyrshy корпоративті электронды басылымы Компанияның корпоративтік қауіпсіздік департаментінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте бірыңғай шешім жоқ» мақаласын жариялады, сонымен қатар қызметкерлерге «Самұрық-Қазына» АҚ сенім телефонының жұмысы туралы ақпарат берді. Қызметкер кез келген еңбек, сыбайлас жемқорлық және басқа да құқық бұзушылықтар туралы хабарлауы мүмкін.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын іске асыруға бірыңғай тәсілді қалыптастыру бойынша жұмыс шеңберінде Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі) Павлодар облысы бойынша департаменті жеке құрамға (70 қызметкер) келесі тақырыптар бойынша семинарлар/дәрістер өткізді: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсініктер және оларға қарсы іс-қимыл» және «Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу, алдын алу және тоғысу», «Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілік».

Павлодар мұнай құбыры дирекциясының «Петерфельд» желілік өндірістік диспетчерлік станцияда қаржылық жағынан жауапты тұлғалармен, департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және ескерту мақсатында жұмыс кездесуі өткізілді. Қарағанды мұнай құбыры дирекциясында Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі) Қарағанды облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру жөніндегі ақпараттық-білім беру штабының қызметкерлерімен бірге мұнай құбырлары дирекциясының жеке құрамына арналған семинарлар / дәрістер өткізілді келесі тақырыптар бойынша: «Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауындағы жалпыға ортақ міндеті – «Естуші мемлекет»тұжырымдамасын іске асыру, «Сыбайлас жемқорлықтың тұжырымдамалары және оған қарсы іс-қимыл», «Сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу, алдын алу және жолын кесу Квазимемлекеттік сектор».

2020 жылдың үшінші тоқсанында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын-алу шараларын өткізу мақсатында ПХБ корпоративті қауіпсіздік қызметі мамандарымен конференц-байланыстар өткізілді.

2020 жылдың төртінші тоқсанында «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сайкестік мәдениетін арттыру бойынша селекторлық жиналысқа қатысты.

2020 жылы Компания ішіндегі сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық фактілері анықталған жоқ.

Топтың бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі. Үлестік қатысу әдісіне сәйкес бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға инвестициялар бастапқы құны бойынша танылады. Инвестициялардың теңгерімдік құны бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың таза активтеріндегі сатып алу күнінен кейін туындайтын өзгерістердегі үлесті тану салдарынан артылады немесе кемітіледі.

Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға қатысты гудвилл инвестициялардың теңгерімдік құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есеп Топтың бірлескен бақылаудағы кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелеріндегі үлесін көрсетеді. Осындай объектілердің өзге де жиынтық табысындағы өзгерістер Топтың өзге де жиынтық табысының құрамында ұсынылады. Сонымен бірге, егер бірлескен кәсіпорынның меншік капиталында тікелей танылған өзгерістер орын алса, Топ осындай өзгерістердегі өз үлесін мойындайды және бұл меншік капиталдың өзгерістері туралы есепте қолданылатын болса, осы фактіні ашады. Топтың бірлескен кәсіпорындармен операциялары бойынша туындайтын іске асырылмаған пайда мен залалдар Топтың бірлескен бақылаудағы кәсіпорынға қатысу үлесі болатын дәрежеде алынып тасталады.

Топтың бірлескен бақылаудағы кәсіпорынның пайдасындағы немесе залалындағы үлесі операциялық пайда шегінен тыс тікелей шоғырландырылған жиынтық табыс туралы есепте берілген. Ол бірлескен бақылаудағы кәсіпорынның салық салуды есепке алғаннан кейінгі пайдасын немесе залалын көрсетеді.

Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі сияқты есепті кезең үшін жасалады. Қажет болған ретте есеп саясатын Топтың есеп саясатымен сәйкестікке келтіру мақсатында оған түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға Топтың инвестициялары бойынша құнсыздану болған қосымша залалдарды тану қажеттілігін айқындайды. Топ әр есепті күнге бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға инвестициялар құнсыздануының объективті айғақтарының болуын анықтайды. Осындай айғақтар болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын бірлескен бақылаудағы кәсіпорынның өтеу құны мен оның теңгерімдік құны арасындағы айырма ретінде есептейді және осы соманы «Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардағы пайда/залалдардағы үлес» бабы бойынша шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есепте таниды.

Бірлескен бақылаудағы кәсіпорынға елеулі әсерді жоғалтқан жағдайда, Топ әділ құны бойынша қалған инвестицияны бағалайды және таниды. Бірлескен бақылаудағы кәсіпорынның бірлескен бақылауды жоғалту кезінде теңгерімдік құны мен қалған инвестициялардың әділ құны және есептен шығудан болатын түсімдер арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады.

4.2 Шетел валютасын қайта есептеу

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі теңгемен берілген. Топтың әр компаниясы өзінің қызмет ететін валютасын айқындайды және әр компанияның қаржылық есептілігіне кіргізілген баптар осы қызмет ететін валютада бағаланады. Компанияның, «Магистралдық Суағызғысы» ЖШС-ның және бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың МұнайТас пен ҚҚҚ атқарымдық валютасы теңге болып табылады. PTL және БМТ-ның атқарымдық валютасы АҚШ доллары болып табылады, БТК-ның атқарымдық валютасы грузин лариі.

Операциялар мен қалдықтар

Топ компаниялары шетел валютасындағы операцияларды бастапқыда өздерінің қызмет ететін валютасында операция тану көрсеткіштеріне қанағаттандыратын күнге қолданылатын валюта бағамы бойынша есептейді.

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
Қосымшалар
1-қосымша. GRI көрсеткіштері кестесі
2-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары
3-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелердің тізбесі
4-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп
5-қосымша. Аудитордың шоғырландырылған қаржы есептілігі
6-қосымша. Қысқартулар тізімі
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

4.2 Бірлескен қызметке қатысу (жалғасы)

Шетел валютасында бейнеленген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданыстағы қызмет ететін валюта спот-бағамымен қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу және қайта есептеу кезінде туындайтын барлық бағамдық айырма шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есепке кіргізіледі.

Тарихи құн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасау күніне қолданыстағы бағам бойынша қайта есептеледі. Әділ құн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданыстағы бағам бойынша қайта есептеледі. Монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын пайда мен залал баптың әділ құны (яғни баптар бойынша бағамдық айырмалар, өзге де жиынтық кіріс немесе пайда не залал құрамында танылған әділ құнның өзгерісінен болған пайдалар немесе залалдар да тиісінше өзге де жиынтық кіріс немесе пайда не залал құрамында танылады) өзгерісі нәтижесінде болған пайданы немесе залалды тану қағидаттарына сәйкес есептеледі.

Топ компаниялары

Шоғырландыру кезінде шетелдік бөлімшелердің активтері мен міндеттемелері есепті күніне қолданыстағы бағам бойынша теңгемен қайта есептеледі, осындай бөлімшелердің пайдасы мен залалдары орташа бағам бойынша қайта есептеледі. Осындай қайта есептеу кезінде пайда болатын бағамдық айырма өзге жиынтық кіріс құрамында танылады. Шетел бөлімшесі шыққан кезде осы шетел бөлімшесіне жататын өзге жиынтық кіріс құрамдастары пайда немесе залал құрамында танылады.

Шетелдік бөлімшені сатып алған ретте пайда болатын гудвил және активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны олардың әділ құнына дейін шетелдік бөлімшенің активтері мен міндеттемелері ретінде ескеріледі және есепті күнге қолданыстағы валюта бағамы бойынша қайта есептеледі.

Валюта айырбастау бағамдары

Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгіленген орташа өлшенген айырбас бағамдары Қазақстан Республикасындағы ресми айырбас бағамдары ретінде пайдаланылады.

2020 және 2019 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін орташа өлшенген айырбас бағамдары келесіні құрады:

Теңге	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2020 жылғы	2019 жылғы
АҚШ доллары	**413,46**	382,87
Ресей рублі	**5,73**	5,92
Еуро	**472,05**	428,61
Грузин лариі	**134,02**	136,8

31 желтоқсанға ҚҚБ белгілеген валюта айырбастау бағамдары келесіні құрады:

Теңге	**2020 жыл**	2019 жыл
АҚШ доллары	**420,91**	382,59
Ресей рублі	**5,62**	6,16
Еуро	**516,79**	429
Грузин лариі	**128,92**	134,48

4.3 Активтер мен міндеттемелерді айналымды/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімдіге жіктеу

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндеттемелерді айналымды/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді жіктеу негізінде көрсетеді. Актив айналымды болып табылады, егер:

- оны іске асыру болжанса немесе ол сатуға немесе қарапайым операциялық кезең аясында тұтынуға арналса;
- ол негізінен сату мақсатына арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде іске асыру болжанса; немесе
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеу үшін, оны айырбастауға немесе пайдалануға қатысты шектеулерді қоспағанда, ақша қаражаттарын немесе олардың баламаларын білдірсе.

Барлық өзге активтер айналымнан тыс ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны қалыпты операциялық кезең аясында өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда мақсатында ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде өтеуге жатса; немесе
- Топта есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеу мерзімін ұзарту сөзсіз құқығы болмаса.

Топ өзге барлық міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелері айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

4.4 Айналымнан тыс активтер, сатуға арналған деп жіктелген активтер және тоқтатылған қызмет

Топ айналымнан тыс активтерді және шығатын топтарды, егер олардың теңгерімдік құны негізінен оларды ұзақ пайдалану нәтижесінде емес, оларды сату арқылы өтелуге жатса, сату үшін жіктейді. Айналымнан тыс активтер және шығу топтары, сатуға арналған деп жіктелген, мына екі мәннің – теңгерімдік құнның және сатуға арналған шығындарды шегергендегі әділ құнның кішісі бойынша бағаланады. Сатуға арналған шығындар қосымша шығындар болып табылады, тікелей активтердің шығарылуына жататын (немесе топтың шығарылуы), өзіне қаржы шығындарын және пайдаға салынатын салық бойынша шығыстарды қамтымайды.

Объектіні сату үшін ұсталатын ретінде жіктеу өлшемі, егер сату мүмкіндігі жоғары, ал актив немесе шығу тобы өзінің ағымдағы күйінде жедел сатылуы мүмкін болған жағдайда сақталған болып есептеледі. Сатуды жүзеге асыру үшін қажетті іс-әрекеттер сатуға байланысты елеулі өзгерістердің, сондай-ақ сатуды болдырмаудың шағын мүмкіндігін көрсетуі тиіс. Басшылық активтерді сату жоспарын іске асыру үшін жауапкершілікті өз мойнына алу керек және сатудың жіктелу күнінен бастап бір жыл ішінде аяқталатындығына ниеті болуы керек.

Сатуға арналған ретінде жіктелгеннен кейін негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизациялауға жатпайды.

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
Қосымшалар
1-қосымша. GRI көрсеткіштері кестесі
2-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары
3-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелердің тізбесі
4-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп
5-қосымша. Аудитордың шоғырландырылған қаржы есептілігі
6-қосымша. Қысқартулар тізімі
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

4.4 Айналымнан тыс активтер, сатуға арналған деп жіктелген активтер және тоқтатылған қызмет (жалғасы)

Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер мен міндеттемелер қаржы жағдайы туралы есепте айналымды/қысқа мерзімді баптар ретінде жеке ұсынылады.

Шығатын топ тоқтатылған қызмет ретінде мына жағдайда жіктеу өлшемдерін қанағаттандырады, егер шығып қалған ұйымның құрамдасы болса не сатуға арналған ретінде жіктелсе және:
- қызметтің жеке негізгі бағыты немесе қызмет жүзеге асырылған ірі географиялық өңірді білдірсе;
- қызметтің жеке негізгі бағытын немесе қызмет жүзеге асырылған ірі географиялық өңірді шығаруды жүзеге асыру жөніндегі бірыңғай үйлестірілген жоспарға енгізілген; не
- тек қана қайта сату үшін сатып алынған еншілес ұйым болса.

Тоқтатылған қызмет жалғастырылатын қызмет нәтижелерінен шығарылады және шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есепте тоқтатылған қызметтен салық салудан кейінгі пайда немесе залал ретінде жеке бап болып көрсетіледі.

Қосымша ақпаратты ашу 18-ескертпеде ұсынылған. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты барлық өзге ескертпелер өзіне ағымдағы қызметке жататын соммасын қамтиды, егер басқасы көрсетілмесе.

4.5 Әділ құнды бағалау

Әділ құн бағалау күніне нарық қатысушылары арасында қалыпты тәртіпте жасалатын мәміле аясында активтерді сату үшін алынатын немесе міндеттемелерді беру үшін төленетін баға болып табылады. Әділ құн бағасы активтерді сату немесе міндеттемелерді беру жөніндегі мәміле келесі түрде болып өтуін болжайды:
- не осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не негізгі нарық болмаған жағдайда осы актив немесе міндеттеме үшін неғұрлым қолайлы нарықта.

Топ негізгі немесе неғұрлым қолайлы нарыққа қол жеткізуі тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны жорамалдарды пайдалану арқылы бағаланады, оларды нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде пайдалануы мүмкін, бұл орайда нарық қатысушылары өзінің озық мүдделерінде әрекет етеді.

Қаржылық емес актив әділ құнының бағасы не активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдалану жолымен немесе осы активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату нәтижесінде нарық қатысушысының экономикалық пайдасын еселеу мүмкіндігін ескереді. Топ бағалаудың пайда болған жағдаяттарында қолайлы және әділ құнын бағалау үшін жеткілікті деректерге қол жетімді бағалау әдістемелерін пайдаланады, бұл орайда бақыланатын орынды бастапқы деректерді мейлінше көп және бақыланбайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады.

Әділ құны шоғырландырылған қаржылық есептілікте бағаланатын немесе шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер тұтас алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған сатылары аясында жіктеледі:
- 1-деңгей - барабар активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық белгіленуі бойынша (қандай да бір түзетулерсіз);
- 2-деңгей - сатының ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнын бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама бақыланатын болып табылатын баға үлгісі;
- 3-деңгей - сатының ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнын бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта бақыланбайтын болып табылатын баға үлгісі.

Шоғырландырылған қаржылық есептілігінде кезеңдік негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында әр есепті кезеңнің аяғына жіктемені (тұтас алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) қайтадан талдай отырып Топ оларды саты көздері деңгейлері арасында ауыстыру қажеттілігін анықтайды.

Әр есепті кезеңге Топтың есеп саясатына сәйкес қайта талдау және қайта бағалау қажет болатын активтер мен міндеттемелер құнының өзгерістерін Топ талдау жүргізеді. Осындай талдау аясында Топ соңғы бағалау кезінде қолданылған негізгі бастапқы деректерді бағалау кезінде пайдаланылатын ақпаратты шарттармен және өзге де орынды құжаттармен салыстыру жолымен тексереді. Топ және сыртқы бағалаушылар әр актив пен міндеттеменің әділ құнының өзгерісін өзгерістің негізділігін айқындау мақсатында тиісті сыртқы дереккөздермен салыстырады.

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсатында Топ активтер мен міндеттемелерді олардың сипаты, оларға тән сипаттама мен тәуекелдер, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әділ құн көздері сатысының қолданылатын деңгейі негізінде жіктейді. Негізгі құралдардың әділ құнын талдау және оны анықтау әдістері туралы қосымша ақпарат *5-ескертпеде* келтірілген.

4.6 Негізгі құралдар

Негізгі құралдар бастапқыда өзіндік құны бойынша есепке алынады. Кейінгі есепке алу жинақталған амортизацияны (жерден, технологиялық мұнайдан және аяқталмаған құрылыстан басқа) және қайта бағалау болған жағдайда, және танылған құнсыздануды болатын залалдарды шегергендегі әділ құны бойынша жүргізіледі.

Топ артық технологиялық мұнай анықтағанда, нәтижесінде алынған объект актив анықтамасын қанағаттандыратындығын анықтайды, және егер солай болса, пайда болған активті негізгі құрал ретінде таниды. Бастапқы тану кезінде негізгі құрал нөлдік құн бойынша бағаланады және әрбір есепті күнге қайта бағаланады.

Топ кезеңімен өзінің негізгі құралдарының орнын толтыру құнын нарықтық құнына дейін қайта бағалау жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартады. Негізгі құралдарды қайта бағалау есебін жүргізу саясатына сәйкес әр 3 жылда (әділ құнның өзгеруіне байланысты кезең бойында қайта бағаланатын технологиялық мұнайды қоспағанда) қайта бағаланған активтің әділ құны оның теңгерімдік құнынан елеулі айырмашылығы болмағанына сенімділікті қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылады.

Қайта бағалаудан құнның өсуі өзге де жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі және меншік капиталдың құрамына кіретін активтерді, оның осы активтің құнын қайта бағалау салдарынан болған және пайда немесе залал құрамында бұрын жасалған қайта бағалау салдарынан танылған мұндай активтерді қайта бағалаудан болған залалды қалпына келтіретін бөлікті қоспағанда, активтерді қайта бағалау резерві қорының артуына жатады. Қайта бағалаудан болатын залал оның бұрын активті қайта бағалау резерві қорының құрамында танылған осы актив бойынша оның қайта бағалауын тікелей кемітетін бөлігін қоспағанда пайда немесе залал құрамында танылады.

Активтің қайта бағаланған теңгерімдік құны негізінде есептелген амортизация мен активтің бастапқы құны негізінде есептелген амортизация арасындағы айырмашылық активтерді қайта бағалау резервінен жыл сайын бөлінбеген пайдаға ауыстырылады. Сонымен қатар қайта бағалау күніне жинақталған амортизация және құнсыздану активтің жалпы теңгерімдік құнын бір мезгілде азайта отырып алынып тасталады және одан кейін таза сома активтің қайта бағаланған құнына дейін жете бағаланады. Актив шығарылған кезде нақты шығарылатын активке жататын қайта бағалау резерві бөлінбейтін пайдаға көшіріледі.

Негізгі құралдардың құнына капиталдандыру белгісі орындалатын жабдықтар бөліктерін ауыстыру құны және ұзақ мерзімді құрылыс жобалары бойынша қарыз жөніндегі шығындар кіреді. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың маңызды құраушыларын ауыстыру қажет болған жағдайда, Топ осындай құраушыларды өздеріне сәйкес дербес пайдалы қолдану мерзімдері бар жеке активтер ретінде таниды. Солай сияқты басты техникалық тексеріс кезіндегі шығыстардың тану критерийлері болса, жабдықтарды ауыстыру ретінде негізгі құралдардың теңгерімдік құны бойынша танылады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған өзге барлық шығын пайда немесе залал құрамында танылады.

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
Қосымшалар
1-қосымша. GRI көрсеткіштері кестесі
2-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары
3-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелердің тізбесі
4-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп
5-қосымша. Аудитордың шоғырландырылған қаржы есептілігі
6-қосымша. Қысқартулар тізімі
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

4.6 Негізгі құралдар (жалғасы)

Актив пайдаланылғаннан кейін оны пайдаланудан шығару бойынша күтілетін шығындардың келтірілген бағасы келешек шығындарға резервті тану критерийлері орындалатын болса тиісті активтің бастапқы бағасына қосылады. Активтерді пайдаланудан шығару және жерлерді қайта өңдеу бойынша танылған резерв туралы толық ақпарат *5 және 27-ескертпелерде* көрсетілген.

Амортизация желілік әдіспен активтерді пайдалы қолданудың бағалау мерзімі ішінде келесі түрде есептеледі:

	Жылдар
Ғимараттар мен құрылыс	5-50
Машиналар мен жабдық	3-30
Құбырлар жүйесі	15-30
Өзге де көлік активтері	5-12
Өзге де	2-10

Топтың Есеп саясатына сәйкес технологиялық мұнай, аяқталмаған құрылыс және жер амортизацияланбайды.

Бұрын танылған негізгі құралдарды немесе олардың маңызды құрауыштарын тануды доғару олар шығарылған кезде немесе егер келешекте осы активті пайдаланудан немесе шығарудан экономикалық тиімділік алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (активтің шығуынан және теңгерімдік құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған есепті жыл үшін пайдаға және залалға кіргізіледі.

Таратылу құны, активтерді пайдалы қолдану мерзімі және негізгі құралдардың амортизациялау әдістері әрбір жылдық есепті кезеңнің аяғында талданады және қажетіне қарай келешекті негізде түзетіледі.

4.7 Материалдық емес активтер

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы танылған кезде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күніндегі әділ құны болып табылады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған жинақталған залалды шегергенде (олар болған ретте) бастапқы құны бойынша есептеледі. Топ ішінде жүргізілген материалдық емес активтер өнім әзірлеуге арналған капиталдандырылған шығындарды қоспағанда, капиталдандырылмайды және тиісінше шығыс туындаған есепті кезең үшін пайда мен залал құрамында көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің пайдалы қолдану мерзімі шектеулі.

Пайдалы қолдану шектеулі мерзімі бар материалдық емес активтер осы мерзім ішінде амортизацияланады және егер осы материалдық емес активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану мәніне бағаланады. Амортизация активтер қызметінің бағаланған пайдалы мерзімі үшін тік желілік әдіс негізінде есептеледі. Материалдық емес активтер негізінен жеті-он жыл ішінде амортизацияланады. Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес актив үшін амортизацияны есептеу кезеңі мен әдісі кем дегенде әр есепті кезеңнің аяғында қайта қаралады. Активке кіргізілген келешек экономикалық тиімділікті пайдалы қолданудың болжалды мерзімінің немесе тұтынудың болжалды құрылымының өзгерісі тиісінше амортизация кезеңін немесе есептеу әдісін өзгертеді және есепке алу бағаларының өзгерісі ретінде ескеріледі. Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активтің амортизациясына арналған шығындар шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есепте материалдық емес активтер қызметіне сәйкес шығыстар санатында танылады.

Материалдық емес активтерді танудың тоқтатылуынан болатын кіріс немесе шығыс активтің шығуынан болатын таза түсім және активтің теңгерімдік құны арасындағы айырмашылық ретінде өлшенеді және осы активті тану тоқтатылған кездегі шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

4.8 Қаржы емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті кезеңге Топ активтің мүмкін болатын құнсыздану белгілері болуын айқындайды. Егер осындай белгілер орын алса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеру талап етілсе, Топ активтің өтеу құнына бағалау жүргізеді. Активтің немесе ақша ағынын туындатушы бөлімше (бұдан әрі – «ААТБ») өтеу құны – мына шамалардың ең үлкені: сатуға арналған шығындарды шегергенде активтің (ААТБ) әділ құны және активті (ААТБ) пайдалану құндылығы.

Актив негізінен басқа активтер немесе активтер тобы тудыратын ағындарға тәуелсіз ақша қаражаты ағындарын тудырмайтын жағдайларды қоспағанда, өтеу құны жеке актив үшін айқындалады. Егер активтің немесе ААТБ-ның теңгерімдік құны оның өтеу құнынан артып кетсе, актив құнсызданған деп саналады және өтеу құнына дейін есептен шығарылады. Пайдалану құндылығын бағалау кезінде келешек ақша ағындары активке тән ақшаның және тәуекелдің уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконталады.

Сатуға арналған шығындарды шегергенде әділ құнын анықтау кезінде жуық арадағы нарықтық мәмілелер ескеріледі (егер ондайлар орын алса). Олар болмаған ретте бағалаудың тиісті үлгісі қолданылады. Бұл есептер бағалау коэффициенттерімен, акциялардың нарығында еркін айналыстағы бағаларды белгілеумен немесе әділ құнның өзге де қол жетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ құнсыздану сомасын Топтың жеке активтер жатқызылатын әр ААТБ үшін жеке дайындалатын нақты жоспарлар және болжау есептерін ескере отырып айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжау есептері әдетте бес жылға жасалады. Неғұрлым ұзақ кезеңдер үшін өсудің ұзақ мерзімді қарқыны есептеледі, ол бесінші жылдан кейінгі келешек болжауды ақша ағындарына қатысты қолданылады.

Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан (қорлардың құнсыздануын қоса есептегенде) болатын залалдар қайта бағалау өзге де шоғырландырылған жиынтық кіріс құрамында танылған, гудвилді қоспағанда, бұрынғы қайта бағаланған негізгі құралдарды қоспағанда, құнсызданған актив қызметіне сәйкес шығыстар санаты құрамындағы шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есебінде танылады. Бұл жағдайда құнсыздануды болған залалдар да бұрын жүргізілген қайта бағалау сомасы шегінде өзге де жиынтық кіріс құрамында танылады.

Әрбір есепті күнге Топ бұрын активтің құнсыздануынан болған деп танылған залалдардың енді жоқ екендігінің немесе қысқарғандығының белгілері бар не жоқ екендігін анықтайды. Егер мұндай белгі бар болса, Топ активтің немесе ААТБ-ның өтелу құнын есептейді. Кейінгі құнсыздануды болған деп танылған залалдардан бері активтің өтеу құнын анықтау үшін қолданылған жорамалдар өзгерілген жағдайда ғана бұрын құнсыздануды болған деп танылған залалдар қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің теңгерімдік құны оның өтеу құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда теңгерімдік құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсыздануды болған залал деп танылмаған жағдайда, теңгерімдік құны бойынша танылуы мүмкін. Құнды бұлайша қалпына келтіру актив қайта бағаланған құны бойынша есептелген жағдайларды қоспағанда, пайдалар мен залалдарда танылады. Соңғы жағдайда, құнды қалпына келтіру құнның қайта бағалаудан болған өсуі ретінде ескеріледі.

Қаржы емес активтердің құнсыздануы туралы ақпарат *5, 6 және 8-ескертпелерде* ашылған.

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
Қосымшалар
1-қосымша. GRI көрсеткіштері кестесі
2-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары
3-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелердің тізбесі
4-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп
5-қосымша. Аудитордың шоғырландырылған қаржы есептілігі
6-қосымша. Қысқартулар тізімі
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

4.9 Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық активтер бастапқы тану кезінен кейін амортизацияланған құн бойынша, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша және пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар ретінде жіктеледі.

Бастапқы тану кезінде қаржылық активтерді жіктеу қаржылық актив бойынша ақша ағыны шартымен көзделген сипаттамаға және осы активтерді басқару үшін Топ қолданатын бизнес-үлгіге байланысты болады. Қаржыландырудың елеулі компонентін қамтымайтын немесе Топ практикалық сипаттағы ықшамдауды қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ бастапқыда қаржылық активтерді пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржылық активтер жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құн бойынша бағалайды. Қаржыландырудың елеулі компонентін қамтымайтын немесе Топ практикалық сипаттағы ықшамдауды қолданған сауда дебиторлық берешек «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» ҚЕХС (IFRS) 15 сәйкес айқындалған мәміле бағасы бойынша бағаланады.

Қаржылық активтерді амортизацияланған құн бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша жіктеу және бағалау үшін бұл активтің шарттық талаптары қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «қарыздың негізгі сомасы және проценттер есебіне ерекше төлемдер» болып табылатын ақша ағынын алуды қарастыруы қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әр құрал деңгейінде жүзеге асырылады.

Топ қаржылық активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель ақша ағындарын өндіру мақсатында Топ өзінің қаржылық активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағыны шартпен көзделген ақша ағынын алу, қаржылық активтерді сату немесе екеуінің де салдары бола алатындығын айқындайды.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта қабылданған қағидалармен («стандарттық жағдайлардағы» сауда) белгіленетін мерзімде активтерді жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер мәміле жасалған күнге, яғни Топ активті сатып алу немесе сату міндеттемесін өзіне алған күнге танылады.

Топтың қаржылық активтері ақша қаражаттарын, банк салымдарын, сауда және өзге де дебиторлық берешекті және облигацияларға инвестицияны қамтиды.

Кейінгі бағалау

Кейінгі бағалау мақсатында қаржылық активтер төрт санатқа жіктеледі:
- амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борышқорлық құралдар);
- жинақталған пайда мен залалды кейінгі қайта жіктеумен өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борышқорлық құралдар);
- тану тоқтатылған кезде жинақталған пайда мен залалды кейінгі қайта жіктеусіз өзге жиынтық кіріс арқылы ұйымның қалауымен әділ құн бойынша бағаланатындар ретінде жіктелген қаржылық активтер (үлестік құралдар);
- пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борышқорлық құралдар)

Бұл санат Топ үшін ең орындысы болып табылады. Топ мынандай екі шарт орындалғанда қаржылық активтерді амортизацияланған құн бойынша бағалайды:
- қаржылық активтер шартпен қарастырылған ақша ағынын алу мақсатында ұстап қалу болып табылатын бизнес-модель аясында ұсталынатын; және
- қаржылық активтің шарттық талаптары бойынша борыштың негізгі сомасын және осы борыштың негізгі соманың өтелмеген бөлігіне пайыздар есебіне ерекше төлемдер болып табылатын ақша ағындарын көрсетілген күнде алуды көздегенде.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер кейін тиімді проценттік мөлшерлеме әдісін пайдаланумен бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе залал активті, оның модификациясын тану тоқтатылған немесе құнсызданған жағдайда пайда немесе залал құрамында танылады.

Топ амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер санатына сауда және өзге де дебиторлық берешекті және кредит мекемелеріндегі құралдарды (банк салымдары, ақша қаражаттары және олардың баламалары) жатқызады.

Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер

Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер санаты саудаға арналған қаржылық активтерді, Топтың қалауы бойынша бастапқы тануда пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша немесе міндетті түрде әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтерді қамтиды.

Қаржылық активтер жақын болашақта сату мақсатында сатып алынған болса, онда олар саудаға арналғандар ретінде жіктеледі. Туынды құралдар, жеке кіріктірме туынды құралдарды қоса алғанда, олар Топтың қалауы бойынша тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналғандар ретінде жіктеледі. Ақша ағындары қарыздың негізгі сомасы және проценттер есебіне ерекше төлемдер болып табылмайтын қаржылық активтер пайдаланылған бизнес-үлгіге қарамастан пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша жіктеледі және бағаланады.

Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер әділ құн бойынша қаржылық жағдай туралы есепте ескеріледі, ал олардың әділ құнын таза өзгерту пайда немесе залал туралы есепте танылады.

Топ бұл санатқа «DSFK арнайы қаржы компаниясы» ЖШС-ның облигацияларын жатқызады (19-ескертпе).

Жинақталған пайда мен залалды кейінгі қайта жіктеумен өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борышқорлық құралдар)

Топ келесі екі шарт орындалғанда борышқорлық құралдарды өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағалайды:
- мақсаты шартпен қарастырылған ақша ағынын алу да қаржылық активтерді сату да болып табылатын бизнес-модель аясында қаржылық актив ұстап қалынғанда; және

- қаржылық активтің шарттық талаптары бойынша борыштың негізгі сомасын және осы борыштың негізгі соманың өтелмеген бөлігіне пайыздар есебіне ерекше төлемдер болып табылатын ақша ағындарын көрсетілген күнде алуды көздегенде.

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар жағдайында проценттік кіріс, валюталық бағамдарды қайта бағалау және құнсыздануды залалдар немесе осындай залалдарды қайта қалпына келтіру пайда немесе залал туралы есепте танылады және амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер жағдайындағыдай есептеледі. Әділ құның қалған өзгерістері өзге жиынтық кіріс құрамында танылады. Тану тоқтатылған жағдайда өзге жиынтық кіріс құрамында танылған әділ құн өзгерісінің жинақталған сомасы пайда немесе залал құрамында қайта жіктеледі.

Топта бұл санаттағы қаржылық активтер жоқ.

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
Қосымшалар
1-қосымша. GRI көрсеткіштері кестесі
2-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары
3-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелердің тізбесі
4-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп
5-қосымша. Аудитордың шоғырландырылған қаржы есептілігі
6-қосымша. Қысқартулар тізімі
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

4.9 Қаржы активтері (жалғасы)

Кейінгі бағалау (жалғасы)

Тану тоқтатылған кезде жинақталған пайда мен залалды кейінгі қайта жіктеусіз өзге жиынтық кіріс арқылы үйымның қалауымен әділ құн бойынша бағаланатындар ретінде жіктелген қаржылық активтер (үлестік құралдар)

Бастапқы тану кезінде Топ өз қалауы бойынша, кейін одан бас тарту құқығысыз, егер инвестицияларды үлестік құралдар «Қаржы активтері: ұсыну» ҚЕХС (IAS) 32 сай меншік капиталдың мәніне сәйкес келсе және сатуға арналмаса оларды өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктеу туралы шешім қабылдауы мүмкін. Осындай жіктеу туралы шешім әр құрал бойынша бөлек қабылданады.

Осындай қаржы активтері бойынша пайда мен залалдар ешқашан пайда немесе залал құрамына қайта жіктелмейді. Егер дивидендтерді алу құқығы белгілі болса, Топ осындай түсуден қаржы активі құнының бөлігін өтеп беру ретінде алатын пайданы қоспаған жағдайда дивидендтер пайда немесе залал туралы есепте өзге кіріс ретінде құпталады. Бұл жағдайда мұндай пайдалар өзге жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Топтың қалауы бойынша өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелген үлестік құралдар, құнсыздану мәніне бағаланбайды.

Топта бұл санаттағы қаржылық активтер жоқ.

Тануды тоқтату

Қаржы активінің (немесе қолданылу ретіне қарай – қаржы активінің бөлігі немесе осындай қаржы активтері тобының бөлігі) тануы доғарылады (яғни Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есебінен шығарылады), егер:

- активтен ақша ағынын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ активтен ақша ағынын алуға өзінің құқығын берсе не алынатын ақша ағынын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша айтарлықтай кідіртусіз үшінші тарапқа төлеуге өзіне міндеттеме алса; және не (а) Топ активтен болатын барлық тәуекел мен табысты берсе, не (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты бермесе және өзінде сақтамаса, бірақ осы активке бақылауды берсе.

Егер Топ активтен ақша ағынын алуға өзінің барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды.

Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, берілген актив Топ берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде әрі қарай танылады.

Бұл жағдайда Топ сонымен қатар тиісті міндеттемені таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемені көрсететін негізде бағаланады. Берілген активке кепілдік нысанындағы жалғасқан қатысу активтің бастапқы теңгерімдік құны немесе Топтан талап етілуі мүмкін төлемнің ең жоғары сомасы өлшемдердің ең кішісі бойынша танылады.

4.10 Қаржы активтерінің құнсыздануы

Сондай-ақ қаржы активтерінің құнсыздануы туралы толық ақпаратты ашу мына ескертпелерде берілген:

- маңызды есепке алу пайымы, бағалау мәндері жорамалдар *(5-ескертпе);*
- сауда дебиторлық берешек *(12-ескертпе);*
- банк салымдары *(16-ескертпе);*
- ақша қаражаттары және олардың баламалары *(17-ескертпе).*

Топ пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланбаған барлық қарыздар мен басқа да борыштық қаржылық активтер бойынша күтілетін несиелік шығындардың (КНШ) бағалау резервін көрсетеді. КНШ келісімшарт бойынша үйымға тиесілі күтілетін ақша ағыны мен Топпен алынатын барлық ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі. КНШ кредиттік рейтингісімен үқсас құрал үшін бастапқы тиімді проценттік мөлшерлемеге тең келетін мөлшерлеме бойынша дисконталады.

КНШ екі кезеңде танылады. Бастапқы тану кезінен несиелік тәуекелі едәуір үлғаймаған қаржы құралдары үшін келесі 12 ай ішінде (12 айлық КНШ) дефолт салдарынан пайда болуы күтілетін несиелік шығындарға қатысты шығындар үшін бағалық резерв жасалады. Бастапқы тану кезінен несиелік тәуекелі едәуір үлғайған қаржы құралдары үшін дефолттың басталу мерзіміне қарамастан осы қаржы құралының қалған қолдану мерзімінің ішінде күтілетін несиелік шығындарға қатысты (барлық мерзімге КНШ) залалдар үшін бағалық резерв жасалады.

Топ шарт бойынша сауда дебиторлық берешектер мен активтерге қатысты КНШ-ты есептеген кезде жеңіл тәсіл қолданады. Яғни, Топ несиелік тәуекелдің өзгеруін бақыламайды, оның орнына барлық мерзімге КНШ-ға тең сомада шығындар үшін әр есептік күнге бағалау резервін мойындайды. Топ несиелік шығындардың пайда болуындағы бұрыңғы тәжірибені ескеріп дайындалған, қарыз алушы үшін өзгеше факторларды және жалпы экономикалық жағдайларды ескере отыра түзетілген бағалау резервінің үлгісін қолданды.

Кредиттік мекемелердегі қаражаттарға (ақша қаражаттары және олардың баламалары, банк салымдары) қатысты Топ 12 айлық кезең ішінде күтілетін несиелік шығындарды есептеді. 12 айлық күтілетін несиелік шығындар – есеп беру күнінен кейінгі 12 ай ішінде мүмкін болатын қаржы құралы бойынша дефолтқа байланысты туындайтын күтілетін несиелік шығындарды білдіретін бүкіл мерзімге күтілетін несиелік шығындардың бір бөлігі болып табылады. Алайда, бастапқы танудан кейін қаржы құралының несиелік тәуекелінің едәуір үлғаюы жағдайында, бағаланған шығыс резерві барлық мерзім ішінде күтілетін несиелік шығындарға тең сомада бағаланады.

Топ, келісімшарт бойынша төлемдер 30 күннен астам уақытқа созылған жағдайда, несиелік тәуекелдің елеулі үлғаюы орын алған деп есептейді. Келісімшарт бойынша төлемдер 90 күнге дейін мерзімі өткен жағдайда, қаржы активі бойынша дефолт бар деп есептеледі. Сонымен қатар, белгілі бір жағдайларда, Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат, Топтың қарызды көтеру тетіктерін ескерместен Топ келісімшартта көзделген қалған төлемдердің толық көлемін алуы екіталай деп болжайтын болса, қаржы активі үшін дефолт болды деп қорытынды жасауға болады.

4.11 Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, несиелер және қарыз, кредиторлық берешек немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралы ретінде айқындалған туынды құралдар бастапқы тану кезінде қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі. Топ қаржылық міндеттемелерді бастапқы тану кезінде жіктейді. Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда олармен мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп (қарыздар, несиелер және кредиторлық берешек жағдайында) әділ құны бойынша танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелері сауда және өзге де кредиторлық берешекті және жалдау бойынша міндеттемелерді қамтиды.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалауы олардың жіктелуіне байланысты:

Сауда және өзге де кредиторлық берешектер және жалдау бойынша міндеттемелер

Бастапқы танудан кейін сауда және өзге де кредиторлық берешектер және жалдау бойынша міндеттемелер тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып, амортизацияланған құндары бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар оларды тану доғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып амортизация есептелуіне қарай танылады.

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
Қосымшалар
1-қосымша. GRI көрсеткіштері кестесі
2-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары
3-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелердің тізбесі
4-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп
5-қосымша. Аудитордың шоғырландырылған қаржы есептілігі
6-қосымша. Қысқартулар тізімі
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

4.11 Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

Тануды доғару

Егер міндеттеме өтелген, жойылған немесе оның қолданылу мерзімі біткен болса, қаржылық міндеттеменің тануы доғарылады.

Егер бар қаржылық міндеттеме елеулі айырмашылығы бар шарттарда сол кредитордың алдында басқа міндеттемемен ауыстырылатын болса немесе егер бар міндеттеменің шарттары елеулі өзгерсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерту бастапқы міндеттемені тануды доғару және жаңа міндеттемені тану ретінде ескеріледі, ал олардың теңгерімдік құнындағы айырма жиынтық кіріс туралы есепте кіріс немесе шығыс ретінде ескеріледі.

4.12 Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алуға, ал қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте берілген таза сома ұсынуға болады егер қазіргі кезде заңды қорғаумен қамтамасыз етілген танылған сомаларды өзара есепке алуға құқық болған кезде, сондай-ақ таза негізде есеп айырысуға не активтерді өткізіп, сонымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеуге ниет болғанда жүзеге асырылады.

4.13 Қорлар

Қорлар екі өлшемнің ең азы бойынша бағаланады: бастапқы сатып алу құны және өткізудің таза құны.

Қорлардың бастапқы құны қорларды орнына жеткізумен және оларды ағымдағы күйге келтірумен байланысты күнделікті қызмет барысында шеккен барлық шығынды өзіне қамтиды.

Сатудың таза мүмкін құны өндірісті аяқтауға арналған есепті шығыстар мен өткізуге кеткен есепті шығындарын шегеріп тастап, кәдімгі күнделікті қызмет барысында сатудың есепті бағасы ретінде анықталады.

Қорлардың өзіндік құны ФИФО әдісін пайдалану арқылы айқындалады.

4.14 Ақша қаражаттары және олардың баламалары

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте ақша қаражаттары және олардың баламалары кассадағы қолма-қол ақшаны, банктердегі ақша қаражаттарын, қысқа мерзімді банк салымдары, өтеудің бастапқы мерзімі үш айдан аспайтын басқа да қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестицияларды қамтиды.

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептің мақсаттары үшін ақша қаражаттары және олардың баламалары өтелмеген банкілік овердрафтарды шегеріп тастағанда, жоғарыдағы анықтамаға сай ақша қаражаттарынан және қысқа мерзімді банк салымдарынан тұрады.

4.15 Резервтер

Егер Топтың өткен оқиға нәтижесінде пайда болған ағымдық міндеттемесі болса (заңды немесе тәжірибеден шыққан); осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайдадан айрылу ықтимал болса және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасын алу мүмкін болса, резервтер танылады. Егер Топ резервтің бір бөлігінің немесе барлығының өтемін алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу дербес актив ретінде танылады, бірақ тек өтеуді алу күмән туғызбайтын жағдайда. Резервке жататын шығыстар өтеуді шегеріп тастап, пайдалар мен залалдарда көрсетіледі.

Топ активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша болашақ шығындарға қатысты резервті таниды. Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу шығындары бойынша резервтер есепті ақша ағынын пайдалануды есеп алған міндеттемелерді реттеуге жұмсалатын күтілетін шығындардың дисконтталған бағасы бойынша ескеріледі және тиісті актив бағасының бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконталады. Дисконттау әсері пайда болуына қарай шығындар шотына қарайды және шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есепте қаржы шығындары ретінде танылады.

Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша болашақ шығындар жыл сайын қайта қаралып отырады және қажеттілігіне қарай түзетіледі. Күтілетін болашақ шығындардағы немесе дисконттаудың қолданылатын мөлшерлемесіндегі өзгерістер актив бағасына қосылады немесе алынады *(5, 27-ескертпелер).*

4.16 Қызметкерлерге сыйақылар

Топ өз қызметкерлеріне Топ пен өз қызметкерлері арасындағы Ұжымдық шарттарға және Жұмыс істемейтін зейнеткерлер және мүгедектерді әлеуметтік қолдау қағидаларына сәйкес зейнеткерлікке шыққанға дейін де және кейін де ұзақ мерзімді сыйақы ұсынады. Ұжымдық шарттар, аталған қағидалар, зейнеткерлікке шыққанда біржолғы жәрдемақы төлеуді, еңбекке жарамсыздық, мерейтой және қаза болу жағдайында қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуді көздейді. Жәрдемақы алу құқығы әдетте қызметкердің зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмысты жалғастыру қажеттігімен байланыстырылады.

Біржолғы жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталуы бойынша белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша сыйақылар ұсыну құны «болжанатын шартты бірлік» әдісін пайдалана отырып айқындалады.

Актуарлық пайда мен залал актуарлық болжамдардағы өзгерістердің әсерін де, актуралық болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмашылықтарға байланысты өткен тәжірибенің әсерін де қамтиды. Басқа өзгерістер ағымдағы қызметтер құнын, бұрынғы қызметтер құнын және кадрлар қысқаруын немесе жасалған есеп айырысуларды қоса алғанда ағымдағы кезеңде танылады.

Зейнетақылық міндеттемелерді есепке алғанда қолданылған аса елеулі болжамдар – бұл дисконт мөлшерлемесі мен өлім-жітімді болжау. Дисконт мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жылы осындай міндеттемелер бойынша шегерім амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте пайыздық шығыстар ретінде көрсетіледі. Өлім-жітімді болжау сыйақы төлеудің болашақ ағынын болжамдау үшін қолданылады, ол сонан соң міндеттемелердің таза келтірілген құнын алу үшін дисконталады.

Актуарлық пайдалар мен залалдарды қамтитын қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелерді қайта бағалау нәтижелерін Топ былай көрсетеді:
- еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар бойынша өзге де жинақталған кіріс арқылы. Одан кейінгі кезеңдерде қайта бағалау нәтижелері пайдалар мен залалалдар құрамында қайта жіктеуге жатпайды;
- пайда мен залалдар арқылы өзге ұзақ мерзімді сыйақылар.

Таза пайыздар белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша таза-міндеттемелерге қатысты дисконттау ставкасын пайдалана отырып айқындалады. Топ жиынтық кіріс туралы есепте (функция бойынша жіктеле отырып) «Өткізімнің өзіндік құны», «Жалпы және әкімшілік шығыстар» және «Қаржылық шығындар» баптары құрамында белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша таза міндеттемелердегі көрсетілген өзгерістерді таниды:
- қызмет құны, ол өзіне ағымдағы қызмет құнын, өткен кезеңнің қызмет құнын қамтиды;
- таза пайыздық шығындар немесе кірістер.

Қызметкерлерге берілетін сыйақылар, бір жолғы жәрдемақылардан басқа, басқа ұзақ мерзімді сыйақылар ретінде қарастырылады. Осы сыйақылар бойынша есептелген шығыстар белгіленген зейнетақы жоспарларын есептеу кезінде қолданылатын әдіснаманы пайдалана отырып, қызметкердің еңбек қызметі барысында есептеледі.

Мұндай міндеттемелер жыл сайын тәуелсіз білікті актуарийлер тарапынан бағаланады.

Толығырақ ақпарат *5 және 21-ескертпелерде* ашылған.

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
Қосымшалар
1-қосымша. GRI көрсеткіштері кестесі
2-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары
3-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелердің тізбесі
4-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп
5-қосымша. Аудитордың шоғырландырылған қаржы есептілігі
6-қосымша. Қысқартулар тізімі
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

4.17 Түсімді және басқа да кірістерді тану

Топтың қызметі, негізінен, Қазақстан Республикасындағы магистральды мұнай құбырлары бойынша мұнай мен суды тасымалдауға, сондай-ақ Грузияда мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып құюға байланысты.

Сатып алушылармен жасалған келісімшарттардан түсетін түсім тауарлар немесе қызметтерді бақылау сатып алушыға берілсе және Топ осындай тауарлар немесе қызметтерге айырбас құқығын алуды көздейтін өтемді көрсететін сомада бағаланады.

Топ пайда алуды көздейтін өзі жасаған шарттарды өзі принципал ма әлде агент пе дегенді анықтау мақсатында белгілі бір өлшемдерге сәйкес талдайды.

Топ өз қызметтеріне комиссияны табыс ретінде танитын, Топ агент ретінде қатысатын көліктік экспедициялау шарттарын қоспағанда барлық осындай шарт бойынша (шарт бойынша өзіне міндеттеме алатын негізгі тарап болғандықтан шартпен байланысты пайда мен тәуекелдерді қабылдайды) принципал ретінде әрекет етеді деген қорытындыға келді.

Шоғырландырылған қаржы есептілігінде Топ жалпы түсімді төмендегі түрлер бойынша таниды:

Тасымалдау бойынша қызметтер көрсету

Тасымалдау және ауыстырып құю қызметтерінен алынған кіріс есепті кезеңде тасымалданған мұнай мен судың нақты көлемі негізінде қызметтер көрсету кезінде белгілі бір уақыт мерзімінде танылады.

Құбырларды пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсету

Құбырларды пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерден түсетін түсімдер кезең ішінде іске асу арқылы танылады, өйткені сатып алушы Топтың шарттық міндеттемелерін орындау барысында бір мезгілде тиімділікті алады және тұтынады.

Басқа да қызметтерді көрсету

Басқа да қызметтерді көрсетуден алынған кірістер оларды көрсету кезінде танылады.

Пайыздық кіріс

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық қаржы құралы және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, сондай-ақ өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын пайыздық кіріс немесе залал тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып танылады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме - бұл қаржы құралының болжалды пайдалану мерзімі бойына немесе егер бұл орынды болса қаржы активінің немесе міндеттемесінің таза теңгерімдік құнына дейінгі ұзақтығы кемдеу кезеңіне күтілетін келешек төлемдерді немесе ақша қаражатының түсімін дәл дисконттайтын мөлшерлеме. Пайыздық кіріс шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есепте қаржыландырудан алынған табыс ретінде көрсетіледі.

Дивидендтер

Дивидендтерден алынған кіріс Топтың төлемді алуға құқығы белгіленгенде танылады (дивидендтер бекітілген күнге).

Жеткізілмеген мұнай көлемі үшін төлемнен алынатын кіріс

Жеткізілмеген мұнай көлемі үшін төлемнен алынатын кіріс «айда немесе төле» шартында мұнай тасымалдау қызметтерін көрсетуге арналған шарттарға сәйкес танылады.

ҚЕХС (IFRS) 15 қолдану кезінде Топ келесіні назарға алады:

Ауыспалы өтеу

ҚЕХС (IFRS) 15 түсімнің көтеріңкі сомасын тануды болдырмау үшін есептік ауыспалы өтеуді шектеуді талап етеді.

Жеңілдіктердің, несиелердің, баға шегерімінің, ынталандырмалардың, нәтижелер үшін бонустардың немесе басқа ұқсас баптардың жоқтығына байланысты сатып алушылармен жасалған шарттарда өтеудің ауыспалы бөлігі жоқ. Бұл жаңарту түсімді тануға әсер етпейді.

Принципал немесе агент рөлі

ҚЕХС (IFRS) 15 сәйкес, Топ ескерілген тауарды немесе қызметті олар сатып алушыға/қызметтердің тапсырыс берушінің сатып алушысына тапсырылғанға дейін бақылайтындығын бағалауы қажет.

Топ түсім алуды көздейтін барлық шарттар бойынша принципал ретінде болатынын анықтады (себебі ол уәделескен қызметті оны тапсырыс берушінің немесе тапсырыс берушінің сатып алушысының қабылдауына дейін бақылайды), тек көлік экспедиторлық қызметтерін көрсету бойынша шарттарды қоспағанда, онда Топ қызметтерді сатып алушының қабылдағанына дейін оны бақыламайтынын анықтады. Демек, ол көлік жөнелту қызметтерін көрсету шарттары бойынша принципал емес, агент болып табылады.

Сатып алушылардан алынған алғытөлемдер

Сатып алушылардан алынған алғытөлемдер келісімшарт бойынша міндеттемелер болып табылады. Келісімшарт бойынша міндеттемелер - бұл сатып алушыдан алынған өтемақы үшін Топтың сатып алушыға тауар немесе қызметті жеткізу міндеттемесі. Егер Топ сатып алушыға тауар немесе қызметті жеткізуден бұрын, сатып алушы өтемақыны төлесе, төлем жасалу кезінде немесе төлем төленуге тиіс болған кезде келісімшарт міндеттемесі танылады (қайсысы бұрын болатынына қарай). Топ шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде, келісімшарт міндеттемелері түсім ретінде танылады.

ҚЕХС (IFRS) 15-ке сәйкес Топ келісімшарттарда қаржыландырудың елеулі компоненттерінің бар болуын бағалау тиіс.

Топ сатып алушылардан тек қысқа мерзімді аванс төлемдерін алады. Олар алынған аванстар құрамында көрсетіледі. Топ уәделескен қызметтерді сатып алушыларға беру уақытының аралығы мен сатып алушының осындай қызметтерді төлеу мезеті біршама қысқа деп анықтады. Осылайша Топ осы шарттарда қаржыландырудың елеулі компоненттері жоқ деген қорытындыға келді.

Шоғырландырылған қаржы есептілігіне қойылатын талаптарға сәйкес Топ сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша танылған түсім туралы ақпараттың егжей-тегжейін түсім мен ақша ағынының пайда болу сипатына, көлеміне, мерзімдеріне және тұрлаусыздығына қалай әсер ететін экономикалық факторларды көрсететін категориялар бойынша талдады. Тегжейлі түсімдерді ашып көрсету 29-ескертпеде келтірілген.

Тану мен бағалауға 15 ҚЕХС (IFRS) талаптары қаржы емес активтердің (мысалы, негізгі құралдар мен материалдық емес активтер объектілерінің) шығуынан, егер осындай шығу қалыпты қызметтің нәтижесі болмаған жағдайда, пайдалар мен залалдарды тануға әрі бағалауға қатысты қолданылады. Бұл өзгерістер Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне әсер етпеді.

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
Қосымшалар
1-қосымша. GRI көрсеткіштері кестесі
2-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары
3-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелердің тізбесі
4-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп
5-қосымша. Аудитордың шоғырландырылған қаржы есептілігі
6-қосымша. Қысқартулар тізімі
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

4.18 Салықтар

Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер және міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төлеуге болжанып отырған сома бойынша бағаланады.

Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері және салық заңнамасы бұл есепті күнге Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын табыс алатын елдерде қабылданған немесе іс жүзінде қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

Тікелей меншік капиталда танылған баптарға жататын ағымдағы табыс салығы жиынтық кіріс пен залалда емес, меншік капитал құрамында танылады. Топ басшылығы салық декларацияларында көрсетілген көрсеткіштерді бағалауды мезгіл-мезгіл жүзеге асырады, тиісті салық заңнамасы оларға қатысты әртүрлі түсінілуі мүмкін, сөйтіп қажет болуына қарай резервтер жасалады.

Мерзімі ұзартылған салық

Мерзімі ұзартылған салық есепті күнге активтер мен міндеттемелердің салық базасы және олардың қаржылық есептілігі үшін теңгерімдік құны арасындағы уақыт айырмасын анықтау арқылы міндеттемелер әдісімен есепті күнге есептеледі. Мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мына жағдайларды қоспағанда танылады:

- мерзімі ұзартылған салық міндеттемесі гудвилді, активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде, бизнесті біріктіру емес мәмілелер барысында пайда болады және операцияларды жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалдарға әсер етпейді;
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке үлестермен қатысуға инвестициялармен байланысты салық салынатын уақыт айырмашылықтарына қатысты егер уақыт айырмасының уақыттың азайып бөлінуін бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

Мерзімі ұзартылған салық активтері барлық шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары бойынша салық салынатын пайда бар дәрежеде танылады, оған қарсы шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары мына жағдайларды қоспағанда есептелуі мүмкін:

- шегерілетін уақыт айырмасына жататын мерзімі ұзартылған салық активі бизнесті біріктіру салдарынан тумаған болса және ол операцияны жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалдарға да әсер етпейтін активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде туындаса;
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке үлестермен қатысуға инвестициялармен байланысты шегерілетін уақыт айырмаларына қатысты салық активтері таяу болашақта уақыт айырмашылықтары пайдаланылуы және салық салынатын пайда болуы мүмкін екендігі елеулі бар дәреже ғана танылады, уақыт айырмашылықтары оған қарсы пайдаланылуы мүмкін.

Мерзімі ұзартылған салық активтерінің теңгерімдік құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және мерзімі ұзартылған салық активтерінің барлығы немесе бір бөлігі жеткілікті салық салынатын пайда деңгейінде кемітіледі. Танылмаған мерзімі ұзартылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда мерзімі ұзартылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беруі елеулі мүмкіндігі пайда болатын дәрежеде танылады.

Мерзімі ұзартылған салық активтері және міндеттемелер есепті күнге жағдай бойынша қабылданған немесе іс жүзінде қабылданған активтер өткізілген, ал міндеттеме өтелген есепті жылы қолданылуы мүмкін салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) бойынша бағаланады.

Пайда немесе залал құрамында танылмаған баптарға жататын мерзімі ұзартылған салық та пайда немесе залал құрамында танылмайды. Мерзімі ұзартылған салықтар баптары олардың негізінде жатқан операцияларға сәйкес басқа жиынтық кіріс құрамында немесе тікелей меншік капитал құрамында танылады.

Мерзімі ұзартылған салық активтері және мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері егер ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алудың заңдық бекітілген құқығы бар болса және мерзімі ұзартылған салықтар сол бір салық салынатын компанияға және салық органына жататын болса, бір-біріне қарама-қарсы есепке алынады.

Бизнесті біріктіру аясында сатып алынған, бірақ осы күнге жеке тану үшін өлшемді қанағаттандыра алмайтын салық пайдалары фактілер мен жағдаяттардың өзгерістері туралы жаңа ақпарат пайда болған жағдайда, кейін танылады. Түзету егер ол бизнесті сатып алудың бастапқы есебі аяқталғанға дейін жүзеге асырылған болса, гудвилдің азаюы (егер шамасы гудвил мөлшерінен аспаса) ретінде көрінеді, өзге жағдайларда ол пайда немесе залал құрамында танылады.

Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Сату бойынша ҚҚС тауарларды жөнелту немесе қызметтер көрсету кезінде бюджетке төлеуге жатады. Сатып алу бойынша ҚҚС жеткізушіден салық шот-фактурасын алған кезде сату бойынша ҚҚС-пен бірге есептеуге жатады.

Түсім, шығыстар мен активтер активтерді немесе қызметтерді сатып алу бойынша пайда болған ҚҚС-ты салық органдары өтемейтін жағдайларды қоспағанда, ҚҚС сомасы шегеріліп, танылады; бұл жағдайда ҚҚС тиісінше активті сатып алу шығыстарының бір бөлігі немесе шығыстар бабының бір бөлігі ретінде танылады.

Салық заңнамасы ҚҚС бойынша бюджетпен таза негізде есеп айырысу жүргізуге рұқсат етеді. Тиісінше, есепті күнге есеп айырысу жүргізілмеген сату және сатып алу бойынша ҚҚС қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте таза негізде көрсетіледі.

Салық заңнамасының және Топ қызметінің ерекшелігіне қарай өтеуге жататын ҚҚС-тың белгілі бір бөлігі кейінгі жылдарға ауыстырылуы мүмкін. ҚҚС-тың мұндай бөлігі ұзақ мерзімді актив ретінде жіктеледі, құнсыздану мәніне бағаланады және бар ААТБ-ға бөлінген жеке актив ретінде қаралады.

Дебиторлық және кредиторлық берешек ҚҚС сомасы есебімен көрсетіледі.

Салық органы өтейтін немесе оған төленетін ҚҚС-тың таза сомасы өтелетін ҚҚС және өзге де салықтар бойынша алдын ала төлем, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрінетін төлеуге жататын өзге де салықтар құрамына кіргізіледі.

4.19 Меншікті капитал

Жарғылық капитал

Кәсіпорындарды біріктірген жағдайларды қоспағанда, жаңа акциялар шығарумен тікелей байланысты үшінші жақтарға қызметтеріне ақы төлеу шығындары осы эмиссия нәтижесінде алынған соманың кемуі ретінде өз капиталы құрамында көрсетіледі.

Акционерлерден қайта сатып алынған меншікті акциялар

Акционерлерден қайта сатып алынған меншікті акциялар бастапқы құны бойынша танылады және меншікті капиталдан шегеріледі. Топтың меншікті үлестік құралдарын сатып алуға, сатуға, шығаруға немесе күшін жоюға байланысты пайда немесе залалда танылмайды. Қайта сатып алынған меншікті акциялардың баланстық құны мен оларды кейіннен сату үшін алынған өтем сомасы арасындағы айырма эмиссиялық кірістің бөлігі ретінде танылады.

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
Қосымшалар
1-қосымша. GRI көрсеткіштері кестесі
2-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары
3-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелердің тізбесі
4-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп
5-қосымша. Аудитордың шоғырландырылған қаржы есептілігі
6-қосымша. Қысқартулар тізімі
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

4.19 Меншікті капитал (жалғасы)

Дивидендтер

Топ ақша қаражатын бөлу бекітілген және бұдан былай Компанияның қарау мәні болмағанда бас ұйым акционерлеріне бөлуге қатысты міндеттемені және ақшасыз активтерді таниды. Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бөлуді акционерлер бекітеді. Тиісті сома тікелей меншікті капитал құрамында танылады.

Ақшалай емес активтерді бөлу кезінде міндеттеменің теңгерімдік құны мен бөлінген активтердің теңгерімдік құны арасындағы айырмашылық шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Дивидендтер есепті күнге дейін ұсынылған болса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік бекітілген күнге дейін ұсынылса немесе бекітілсе (жарияланса), олар туралы ақпарат шоғырландырылған есептілікте ашып жазылады.

4.20 Есеп жүргізу саясатындағы өзгерістер және ақпаратты ашу қағидаттары

Қабылданған есеп жүргізу саясаты 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне кірген төменде келтірілген жаңа немесе қайта қаралған Стандарттарды қоспағанда алдыңғы есеп беру жылында қолданылған есеп жүргізу саясатына сәйкес келеді.

Топ алғаш рет қолданған жаңа стандарттар, түсіндірмелер және оларға түзетулер

Кейбір стандарттар мен түзетулер алғаш рет 2020 жылы қолданылды. Әрбір жаңа стандарттың/түзетудің сипаты мен әсері төменде сипатталған:

ҚЕХС (IFRS) 3 «Бизнесті айқындауға» түзетулер

ҚЕХС (IFRS) 3-ке түзетулерде бизнес деп саналу үшін қызмет түрлері мен активтердің біріктірілген жиынтығы, ең болмағанда, бірге қайтарымды құруға айтарлықтай ықпал ете алатын салымды және қағидатты маңызды процесті қамтуы тиіс деп түсіндіріледі. Бұл ретте бизнес қайтарымды жасау үшін қажетті барлық салымдар мен процестерді міндетті түрде қамтымауы тиіс екендігі түсіндіріледі. Бұл түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсер етпеді, бірақ егер Топ бизнесті біріктіру бойынша мәміле жасаса, болашақта қолданылуы мүмкін.

ҚЕХС (IFRS) 7, ҚЕХС (IFRS) 9 және ҚЕХС (IAS) 39 – «Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасы»

ҚЕХС (IFRS) 7, ҚЕХС (IFRS) 9, ҚЕХС (IAS) 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» түзетулері базалық пайыздық ставканың реформасы тікелей әсер ететін хеджирлеудің барлық қатынастарына қолданылатын бірқатар босатуларды көздейді. Базалық пайыздық ставканы реформалау, егер оны қолдану нәтижесінде хеджирлеу объектісі бойынша немесе хеджирлеу құралы бойынша базалық пайыздық ставкаға негізделген ақша ағындарының пайда болу мерзімдеріне және/немесе шамасына қатысты белгісіздік туындаса, хеджирлеу қатынастарына әсер етеді. Бұл түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсер еткен жоқ, өйткені Топта пайыздық мөлшерлемелерге негізделген хеджирлеу қатынастары жоқ.

ҚЕХС С (IAS) 1 және ҚЕХС (IAS) 8-ге түзетулер«Маңыздылықты айқындау»

Түзетулер маңыздылықтың жаңа анықтамасын ұсынады, оған сәйкес «егер ақпаратты өткізіп жіберу, бұрмалау немесе бүркемелеу нақты есеп беруші ұйым туралы қаржылық ақпаратты ұсынатын осы қаржылық есептілік негізінде олар қабылдайтын жалпы мақсаттағы қаржылық есептіліктің негізгі пайдаланушыларының шешімдеріне әсер етеді деп негізді түрде күтуге болатын болса, ақпарат маңызды болып табылады». Түзетулерде маңыздылық тұтастай қаралатын қаржылық есептілік мәнмәтініндегі ақпараттың (жеке-жеке немесе басқа ақпаратпен жиынтықта алынған) сипатына немесе сандық маңыздылығына байланысты болады деп түсіндіріледі. Егер қаржылық есептіліктің негізгі пайдаланушыларының шешімдеріне әсер етеді деп негізді түрде күтуге болатын болса, ақпараттың бұрмалануы маңызды болып табылады. Бұл түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсер етпеді және болашақта да әсер етпейді деп күтілуде.

2018 жылғы 29 наурызда шығарылған «Қаржылық есептерді ұсынудың тұжырымдамалық негіздері»

Тұжырымдамалық негіздер стандарт болып табылмайды және Тұжырымдамалық негіздердің бірде-бір ережесі стандарттың қандай да бір ережесінен немесе талабынан басым күшке ие емес. Тұжырымдамалық негіздердің мақсаттары: ҚЕХС жөніндегі кеңеске стандарттарды әзірлеуде жәрдемдесу; стандарттардың бірде-біреуі белгілі бір операцияны немесе басқа оқиғаны реттемеген кезде есеп саясатының ережелерін әзірлеу кезінде қаржылық есептерді жасаушыларға жәрдемдесу; және стандарттарды түсіну мен түсіндіруде барлық тараптарға жәрдемдесу. Бұл құжат Тұжырымдамалық негіздердің ережелеріне сәйкес өзінің есеп саясатын әзірлейтін ұйымдарға әсер етеді. Тұжырымдамалық негіздердің қайта қаралған редакциясы бірнеше жаңа тұжырымдамаларды, активтер мен міндеттемелердің жаңартылған анықтамаларын және оларды тануға арналған өлшемшарттарды қамтиды, сондай-ақ кейбір елеулі ережелерді түсіндіреді. Бұл құжатты қайта қарау шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсер еткен жоқ.

ҚЕХС (IFRS) 16 түзетулері – «Covid-19 пандемиясымен байланысты жалға беру бойынша жеңілдіктер»

2020 жылғы 28 мамырда ҚЕХС Кеңесі ҚЕХС (IFRS) 16 «Жалдау» – «Covid-19 пандемиясына байланысты жалға беру жеңілдіктері» түзетулерін шығарды. Бұл түзету жалға алушылар үшін Covid-19 пандемиясының тікелей салдары ретінде туындайтын жалға беру бойынша басқаға беру жағдайында жалдау шарттарының түрленуін есепке алу бөлігінде ҚЕХС (IFRS) 16 талаптарын қолданудан босатуды көздейді. Практикалық сипаттағы жеңілдету ретінде жалға алушы жалға беруші Covid-19 пандемиясына, жалдау шартының өзгеруіне байланысты жалға беруші берген жалдау бойынша жеңілдіктің бар-жоғын талдауға шешім қабылдауы мүмкін. Осындай шешім қабылдаған жалға алушы Covid-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша жеңілдікке байланысты жалдау төлемдерінің кез келген өзгерісін, егер ол жалдау шартының модификациясы болмаса, ҚЕХС (IFRS) 16 сәйкес есепте қалай көрінетініне ұқсас ескеруі керек. Осы түзету 2020 жылғы 1 маусымнан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Бұл түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсер еткен жоқ.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде шығарылған, бірақ Топтың қаржылық есептілігі шығарылған күнге әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірулер келтірілген. Топ осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірулерді, егер қолданылатын болса, олар күшіне енген күннен бастап қолдануға дайын.

ҚЕХС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»

2017 жылғы мамырда ҚЕХС Кеңесі ҚЕХС (IFRS) 17 *«Сақтандыру шарттарын»* шығарды, ол ақпаратты тану және бағалау, ұсыну және ашу мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттарына арналған қаржылық есептіліктің жаңа стандарты болып табылады. ҚЕХС (IFRS) 17 күшіне енген кезде, ол 2005 жылы шығарылған ҚЕХС (IFRS) 4 *«Сақтандыру шарттарын»* алмастырады. ҚЕХС (IFRS) 17 сақтандыру шарттарының барлық түрлеріне, оларды шығаратын ұйымның түріне, сондай-ақ дискрециялық қатысу шарттары бар белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қарамастан (яғни, өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру) қолданылады. Қолдану саласынан бірнеше ерекшеліктер бар. ҚЕХС (IFRS) 17 негізгі мақсаты сақтандырушылар үшін неғұрлым тиімді және дәйекті болып табылатын сақтандыру шарттарын есепке алу үлгісін ұсыну болып табылады. Негізінен алдыңғы жергілікті есеп саясатына негізделген ҚЕХС (IFRS) 4 талаптарына қарағанда, ҚЕХС (IFRS) 17 бухгалтерлік есептің барлық тисті аспектілерін қамтитын сақтандыру шарттарын есепке алудың жан-жақты үлгісін ұсынады:

- Тікелей қатысу шарттарымен сақтандыру шарттары үшін белгілі бір модификациялар (ауыспалы сыйақы әдісі).
- Жеңілдетілген тәсіл (сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсіл) негізінен қысқа мерзімді шарттар үшін. ҚЕХС (IFRS) 17 2023 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте салыстырмалы ақпаратты ұсыну талап етіледі.

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
Қосымшалар
1-қосымша. GRI көрсеткіштері кестесі
2-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары
3-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелердің тізбесі
4-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп
5-қосымша. Аудитордың шоғырландырылған қаржы есептілігі
6-қосымша. Қысқартулар тізімі
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

4.20 Есеп жүргізу саясатындағы өзгерістер және ақпаратты ашу қағидаттары (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі, егер ұйым сондай-ақ ҚЕХС (IFRS) 17 бірінші қолдану күніне немесе оған дейін ҚЕХС (IFRS) 9 және ҚЕХС (IFRS) 15 қолданады деген жағдайда. Бұл стандарт Компанияға қолданылмайды.

ҚЕХС (IAS) 1 түзетулер – «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»

2020 жылғы қаңтарда ҚЕХС Кеңесі міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеуге қатысты талаптар түсіндірілетін ҚЕХС (IAS) 69-76-тармақтарына түзетулер шығарды. Түзетулерде мыналар түсіндіріледі:

- міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығы дегеніміз не;
- міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығы есепті кезеңнің соңында болуы керек;
- міндеттемелерді жіктеуге ұйымның міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығын орындау мүмкіндігі;
- міндеттеме шарттары оның жіктелуіне әсер етпейді, егер айырбасталатын міндеттемеге енгізілген туынды құрал үлестік құрал болса.

Бұл түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ретроспективті түрде қолданылады. Қазіргі уақытта Топ осы түзетулердің міндеттемелердің ағымдағы сыныптамасына ықтимал әсерін және қолданыстағы қарыз шарттары бойынша шарттарды қайта қарау қажеттілігін талдайды.

ҚЕХС (IFRS) 3 түзетулер – «Тұжырымдамалық негіздерге сілтемелер»

2020 жылғы мамырда ҚЕХС Кеңесі ҚЕХС (IFRS) 3 «Бизнес бірлестіктері» – «Тұжырымдамалық негіздерге сілтемелер» түзетулерін шығарды. Бұл түзетулердің мақсаты - 1989 жылы шығарылған «Қаржылық есептілікті дайындау және ұсыну тұжырымдамасы» сілтемелерін 2018 жылғы наурызда шығарылған «Қаржылық есептерді ұсынудың тұжырымдамалық негіздері» сілтемелеріне, стандарт талаптарына елеулі өзгерістер енгізбестен ауыстыру болды. Кеңес, егер олар жекелеген операциялар шеңберінде туындаған болса, ҚЕХС (IFRIC) 37 қолдану саласына немесе ҚЕХС (IFRIC) 21 «Міндетті төлемдер» түсіндірмесіне жататын міндеттемелер мен шартты міндеттемелер үшін «2-ші күнгі» әлеуетті пайда немесе залалдың туындауын болдырмау үшін ҚЕХС (IFRS) 3-ке тану қағидатынан алып тастауды қосты. Сонымен бірге Кеңес «Қаржылық есептілікті дайындау және ұсыну тұжырымдамасына» сілтемелерді ауыстыру әсер етпейтін шартты активтерге қатысты қолданыстағы ҚЕХС (IFRS) 3 талаптарын түсіндіруге шешім қабылдады. Бұл түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және перспективті түрде қолданылады.

ҚЕХС (IAS) 16 түзетулер – «Негізгі құралдар: мақсатты пайдалануға дейінгі түсімдер»

2020 жылдың мамыр айында ҚЕХС Кеңесі «Негізгі құралдар: мақсатты пайдалануға дейінгі түсімдер» құжатын шығарды, бұл ұйымдарға объектінің бастапқы құнынан осы объектіні орналасқан жеріне жеткізу және оны пайдалану үшін талап етілетін күйге келтіру процесінде, басшылықтың ниетіне сәйкес, өндірілген өнімді сатудан түскен кез-келген түсімдерді алып тастауға тыйым салады. Оның орнына ұйым осындай бұйымдарды сатудан түсетін түсімдерді, сондай-ақ осы бұйымдарды пайда немесе шығын құрамында өндіру құнын мойындайды. Бұл түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ұйым осы түзетулерді алғаш рет қолданатын қаржылық есептілікте ұсынылған кезеңнің ең алғашқысы басталған (немесе одан кейін) күні пайдалану үшін қолжетімді болған негізгі құралдар объектілеріне ретроспективті түрде қолданылуға тиіс. Бұл түзетулер Топқа айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

ҚЕХС (IAS) 37 түзетулер – «Ауыртпалықты шарттар – шартты орындауға арналған шығындар»

2020 жылғы мамырда ҚЕХС Кеңесі ҚЕХС (IAS) 37-ге түзетулер шығарды, онда ұйым шарттың ауыртпалықты немесе залалды болып табылатындығын бағалау кезінде қандай шығындарды ескеруі тиіс екендігі түсіндіріледі. Түзетулер «шартқа тікелей байланысты шығындарға» негізделген тәсілді қолдануды көздейді. Тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шартқа тікелей байланысты шығындар осы шартты орындауға арналған қосымша шығындарды да, шартты орындауға тікелей байланысты бөлінген шығындарды да қамтиды. Жалпы және әкімшілік шығындар шартқа тікелей байланысты емес, сондықтан олар шарт бойынша контрагенттің нақты өтеуіне жататын жағдайларды қоспағанда, алынып тасталады. Бұл түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Топ осы түзетулерді ол алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезең басталған күні өзінің барлық міндеттерін әлі орындамаған шарттарға осы түзетулерді қолданатын болады.

ҚЕХС (IFRS) 1 «Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын бірінші қолдануға» түзету - Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын алғаш қолданатын еншілес ұйым

2018–2020 жылдар кезеңіндегі ҚЕХС-тің жыл сайынғы жетілдіру процесі шеңберінде ҚЕХС Кеңесі ҚЕХС (IFRS) 1 «Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын бірінші қолдануға» түзету шығарды. Осы түзетуге сәйкес ҚЕХС(IFRS) 1 D16 (а) тармағын қолдануды шешетін еншілес ұйым негізгі ұйымның ҚЕХС-қа көшу күнін негізге ала отырып, негізгі ұйымның қаржылық есептілігінде көрсетілген сомаларды пайдалана отырып, жинақталған бағамдық айырмаларды бағалауға құқылы. Осы түзету ҚЕХС(IFRS) 1 D16 (а) тармағын қолдануды шешетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға да қолданылады. Осы түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

ҚЕХС (IFRS) 9 «Қаржы құралдарына» түзету - қаржылық міндеттемелерді тану тоқтатылған жағдайда «10% тест» өткізу кезінде комиссиялық сыйақы

2018–2020 жылдар кезеңіндегі ҚЕХС-тің жыл сайынғы жетілдіру процесі шеңберінде ҚЕХС Кеңесі ҚЕХС (IFRS) 9-ға түзету шығарды. Түзетуде комиссиялық сыйақының сомасы түсіндіріледі, ұйым жаңа немесе түрлендірілген қаржылық міндеттеменің шарттары бастапқы қаржылық міндеттеменің шарттарынан айтарлықтай өзгеше болып табылатындығын бағалау кезінде ескереді. Мұндай сомаларға басқа тараптың атынан кредитор немесе қарыз алушы төлеген немесе алған комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, белгілі бір кредитор мен қарыз алушы арасында төленген немесе алынған комиссиялық сыйақылар ғана жатады. Ұйым осы түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне (немесе одан кейін) өзгертілген немесе ауыстырылған қаржылық міндеттемелерге қатысты осы түзетуді қолдануға тиіс.

Осы түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Компания осы түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне (немесе одан кейін) өзгертілген немесе ауыстырылған қаржылық міндеттемелерге қатысты осы түзетуді қолданады. Бұл түзету Топқа айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

ҚЕХС (IAS) 41 «Ауыл шаруашылығына» түзету – әділ құнды бағалау кезінде салық салу

2018–2020 жылдар кезеңіндегі ҚЕХС-тің жыл сайынғы жетілдіру процесі шеңберінде ҚЕХС Кеңесі ҚЕХС (IAS) 41 «Ауыл шаруашылығына» түзету шығарды. Осы түзету ХҚЕС (IAS) 41-дің 22-тармағындағы ұйымдардың ХҚЕС (IAS) 41қолдану саласына жататын активтердің әділ құнын бағалау кезінде салық салуға байланысты ақша ағындарын есепке енгізбеуі туралы талапты жоққа шығарады. Ұйым осы түзетуді 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын бірінші жылдық есепті кезеңнің басталу күніне (немесе одан кейін) әділ құнды бағалауға қатысты перспективті түрде қолдануға тиіс. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Бұл стандарт Топқа қолданылмайды.

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
Қосымшалар
1-қосымша. GRI көрсеткіштері кестесі
2-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары
3-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелердің тізбесі
4-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп
5-қосымша. Аудитордың шоғырландырылған қаржы есептілігі
6-қосымша. Қысқартулар тізімі
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

5. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ПАЙЫМДАУЛАРЫ, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есепті кезеңнің аяғында есептілікте ұсынылатын түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ міндеттемелер шарттары туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте осындай болжаулар мен бағалау қолданылатын активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнын елеулі түзетуді талап етуі мүмкін.

Топтың тәуекелдерге бейімділігі туралы және белгісіздіктер туралы өзге ақпаратты ашу мына ескертпелерде ұсынылған:
- қаржылық тәуекелдерді басқару мақсаты мен саясаты *(40-ескертпе)*;
- сезімталдықты талдау туралы ақпаратты ашу *(40-ескертпе).*

Бағалау мәндері және болжаулар

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің теңгерімдік құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін. Топтың болжаулары мен бағалау мәндері шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолында болған бастапқы деректерге негізделген. Алайда ағымдағы жағдаяттар мен болашаққа қатысты болжаулар нарықтық өзгерістер мен Топ бақылауында емес жағдаяттарға байланысты өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер олардың пайда болуына қарай болжауларда көрініс табады.

Топтың негізгі құралдарының әділ құнын бағалау

2019 жылдың ішінде Топтың негізгі құралдардың қайта бағалауы үшін Топ тәуелсіз кәсіби бағалаушыларды жұмысқа тарты.

Әділ құнды бағалаған кезде Топ пайдаланған бағалау әдістері бағаланатын активті ең жақсы және ең тиімді пайдалану тұрғысынан қарастырылады. БМТ мен Магистралдық суағызғысын қоспағанда, Топ активтерін ең жақсы және ең тиімді пайдалану оларды операциялық қызметте пайдалану болып табылады. БМТ активтерін ең жақсы және ең тиімді пайдалану оларды сату болып табылады. Магистралдық суағызғысы активтерін ең жақсы және ең тиімді пайдалану оларды өңірдегі мұнай өндіруші компаниялардың активтерімен жиынтықта пайдалану болып табылады.

Қазақстан Республикасы қалаларындағы Топтың тиісті жер учаскелерімен бірге офистік ғимараттарының, Грузиядағы жер учаскелерін (Батуми қ.), сондай-ақ көлік құралдарының және өзге де жеке мамандандырылмаған активтердің әділ құнын бағалау үшін пайдаланған бастапқы деректер әділ құн иерархиясындағы 2 ші деңгейге жатады (бағасы белгіленбейтін байқалатын бастапқы деректер).

Топтың қалған негізгі құралдары мамандандырылған болып табылады және олардың әділ құнын айқындаған кезде әділ құн иерархиясындағы 3-ші деңгейге жататын бастапқы деректер пайдаланды (байқалмайтын бастапқы деректер).

БМТ-дан басқа Топ компанияларының мамандырылған активтерін бағалау әдістемесі бастапқыда амортизацияланған қалпына келтіру құнын бағалауға негізделген («шығын әдісі»). Нарықтық әдіс бойынша БМТ негізгі құралдырының әділ құны анықталды.

Әділ құнын бағалау кезінде бағалаушы Топтың мамандырылған негізгі құралдарының экономикалық тозу мөлшерін анықтау үшін кірістер әдісін қолдана отырып, тиісті кірістілігіне тест жүргізді. БМТ мен Магистралдық суағызғысын қоспағанда, Топ компанияларының негізгі құралдарының өтелетін құны дисконтталған ақша ағыны моделінің негізінде айқындалды. Ақша ағындарының болжамдары Топ басшылығымен бекітілген Топ компанияларының бизнес-жоспарларына негізделген. Кіріс әдісін қолдану кезінде келесі негізгі болжамдар жасалды:

	Ақша ағымдарын туындататын бөлімдер	
	Мұнайды тасымалдау (Компания)	БТК
Дисконттау мөлшерлемесі (WACC)	13,94%	11,82%
Өсудің ұзақ мерзімді қарқыны	3,29%	2%

2019 жылы кірістер әдісі бойынша алынған нәтижелер амортизациялық ауыстыру құны бойынша айқындалған көрсеткіштерден төмен болды және, тиісінше, Топтың негізгі құралдарының әділ құны ретінде алынды. Кірістер әдісінің бағалау нәтижелері дисконттау мөлшерлемесінің және ұзақ мерзімді өсу қарқынының өзгеруіне, сондай-ақ ұсынылатын қызметтерді сату көлемдеріне қатысты болжамдарға, ұсынылатын қызметтердің тарифтері деңгейіне сезімтал болды.

Дисконттау мөлшерлемесінің 0,5%-ға өсуі немесе ұзақ мерзімді өсу қарқынының 0,5%-ға төмендеуі Топтың негізгі құралдарының әділ құнының сәйкесінше 19.504.759 мың теңгеге немесе 15.177.369 мың теңгеге төмендеуіне әкеледі.

Нәтижесінде, 2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған он екі айда Компанияның негізгі құралдарының теңгерімдік құны (технологиялық мұнайды қоспағанда) 71.339.490 мың теңгеге ұлғайды (6ескертпе). Сонымен бірге, қайта бағалау резерві арқылы таза қайта бағалау 85.991.715 мың теңгені құрады, ал шығындар 14.652.225 мың теңге мөлшерінде пайда мен залал арқылы танылды. Негізгі құралдардың тозуы негізінен БМТ негізгі құралдарының құнсыздануымен байланысты.

Әр есепті беру күнге Топ негізгі құралдардың баланстық құны мен есепті күнге әділ құны арасындағы айырмашылықтардың баржоғын анықтайды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания басшылығы негізгі құралдардың әділ құнына қатысты бағалауды қайта қарады. Магистралдық Суазғысын қоспағанда, Топтың мамандырылған активтерінің әділ құнындағы ауытқуларды бағалау үшін Топ басшылығы негізгі құралдарды пайдаланудан күтілетін болашақ ақша ағындарының дисконтталған құнын есептеді. Магистральдық Суағызғының мамандандырылған активтерінің әділ құнының ықтимал ауытқуларын бағалау үшін Топ басшылығы активтерді ауыстырудың өзекті құнын есептеді. Топтың мамандырылмаған активтерінің әділ құнындағы ауытқуларды бағалау үшін Топ басшылығы ұқсас активтердің нарықтық бағаларын анықтады.

Талдау нәтижелері бойынша Топ басшылығы 2020 жылдың соңында Топтың негізгі құралдарының баланстық құны мен олардың әділ құны арасында айтарлықтай айырмашылықтар болмағанын анықтады.

Технологиялық мұнайды қайта бағалау

Технологиялық мұнайды қайта бағалау мұнайдың әділ бағасының ауытқуы айтарлықтай жиі әрі елеулі болатындықтан, әр есеп күніне жүргізіледі. Компанияның технологиялық мұнайы аралық кезеңдердің әр есеп беру күнінде және 2020 және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қайта бағаланды.

Технологиялық мұнайдың әділ құнын анықтауға арналған бастапқы деректер әділ құн сатында 2деңгейге жатады (бағасы белгіленбейтін байқалатын бастапқы деректер).

Топ басшылығы технологиялық мұнайдың әділ құнын анықтау кезінде келесі пайымдауларды назарға алды:
- технологиялық мұнай құбырды пайдалану үдерісінің ажырағысыз бөлігі, онсыз тасымалдау мүмкін емес және тиісінше бағалау нысаны мамандандырылған актив болып табылады;
- технологиялық мұнай ТМРК қойған шектеулер нәтижесінде сатыла да және өзгелей түрде пайдаланыла да алмайды;
- ТМРК және Қазақстан Республикасының Үкіметі елдегі жалпы баға индексіне тарифтердің жағымсыз әсерінің алдын алу үшін оларды мұқият қадағалап отырады (экспорт үшін және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттің тарифтарын қоспағанда), және тиісінше егер мұнай халықаралық нарық бағасы бойынша бағаланған болса, оның құнын өтеуге мүмкіндік бермейтін деңгейде белгіленуі мүмкін;
- және егер Топқа құбырдың жаңа бөліктерін толтыру үшін қосымша мұнай сатып алу қажет болса, онда мұнай өндіруші ұйымдар Топтың талабы бойынша Топтың магистралдық құбыр жүйесін толтыру үшін мұнай жеткізу деген тасымалдау келісім-шарттарының талаптарын қолданатын болады;
- мұнай өндіруші ұйымдар үшін ішкі баға немесе ҚМГ тобының мұнай зауыттарына жеткізілетін толлингтік мұнай бағасы қолданылады.

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
Қосымшалар
1-қосымша. GRI көрсеткіштері кестесі
2-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары
3-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелердің тізбесі
4-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есеп
5-қосымша. Аудитордың шоғырландырылған қаржы есептілігі
6-қосымша. Қысқартулар тізімі
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

5. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ПАЙЫМДАУЛАРЫ, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Бағалау мәндері және болжаулар (жалғасы)

Осы факторлардың бәрін ескере отырып, 2020 жылғы 31 желтоқсанға Топтың технологиялық мұнайының әділ құны бір тонна үшін 38.336 теңге бағасы ретінде анықталды (2019 жылғы 31 желтоқсанға: бір тонна үшін 63.774 теңге). Мұнайдың әділ құнының өзгеруінен болған өзге де жиынтық залал 2020 жылы 66.267.938 мың теңгені (2019 жылы: өзге де жиынтақ кіріс 1.938.556 мың теңге) құрады, сондай-ақ 2020 жылы 492.886 мың теңге мөлшерінде (2019 жылы: өзге де жиынтақ кіріс 3.216.187 мың теңге) артық мұнайдың қосымша бағалауы танылды. 2020 жылы қайта бағалауға байланысты өзге де жиынтық залал 65.775.052 мың теңгені (2019 жылы: өзге де жиынтық кіріс 5.154.743 мың теңге) құрады *(6-ескертпе)*.

2020 жылғы 31 желтоқсанға құбырдағы мұнай көлемі 2.618 мың тоннаны құрады (2019 жылғы 31 желтоқсан: 2.605 мың тонна). 2020 жылдың соңына жүргізілген түгендеу нәтижесі бойынша 12.857 тонна (2019 жылы: 50.431 тонна) артық мұнай кіріске алынды, сондай-ақ есепті кезеңде 176 тонна (2019 жылы: 120 тонна) мұнай есептен шығарылды.

БТК жер пайдалану құқығының құнсыздануы

БТК жер учаскелерінің нарықтық құнына негізделген әділ құнын тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша Топ 2019 жылы 3.832 мың АҚШ доллары (1.467.158 мың теңгеге баламалы) көлемінде БТК жер пайдалані құқығының бұрын танылған құнсыздануын қалпына келтірді *(8-ескертпе)*.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімі

Топ негізгі құралдар қызметінің қалған пайдалы қызмет мерзімін ең әрі дегенде әрбір қаржы жылының соңына бағалайды және егер күтілетіні бұрынғы бағалаудан өзгеше болса, өзгерістер ҚЕХС (IAS) 8 «Есеп жүргізу саясаты, есептеу бағаларындағы өзгерістер мен қателіктерге» сәйкес есептеу бағаларындағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттеме

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген «Магистралдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Топтың пайдалану аяқталғаннан кейін магистралдық құбырды (мұнай құбырын) жою және бұдан әрі қоршаған ортаны қалпына келтіру, соның ішінде жерді қайта өңдеу жөнінде іс-шаралар жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Құбырлардың пайдалы қолдану мерзімі біткенде ауыстыруға байланысты, жерді қайта өңдеу бойынша міндеттеме іс-шаралары жүргізіледі.

Құбырларды жою және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемеге резерв Топ есептеген Қазақстан Республикасында қолданылатын техникалық ережелер мен нормаларға сәйкес бөлшектеу және жерді қалпына келтіру бойынша жұмыстарды жүргізу құнының негізінде бағаланады. 2020 жылдағы 31 желтоқсанға 1 км құбырды бөлшектеу бойынша шығын сомасы 6.560 мың теңгені құрайды (2019 жылдағы 31 желтоқсанға: 5.954 мың теңге).

Сондай-ақ активтерді пайдаланудан шығару және жерлерді қайта өңдеу жөніндегі міндеттемелер құрамында қалдықтар орналастырылатын полигондарды жою бойынша резерв көрсетілген. Резерв Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі талаптарына сәйкес 2013 жылы құрылған, оған сай қалдықтарды орналастыру полигонының меншік иелеріне полигон жабылғаннан кейін жерлерді қайта өңдеу және қоршаған ортаға әсерді бақылау үшін жою қоры құрылады.

Есепті күнгі жағдай бойынша резервтер сомасы төменде берілген міндеттемені орындаудың күтілетін мерзімін, инфляция мөлшерлемесін және есепті кезеңнің аяғына дисконт мөлшерлемесін пайдалана отырып белгіленді:

Пайыз ретінде	**2020 жыл**	2019 жыл
Дисконттау мөлшерлемесі	**6,71%**	7,46%
Инфляция мөлшерлемесі	**5,54%**	5,48%
Міндеттемені орындаудың мерзімі	**14 жыл**	15 жыл

Қазақстан Республикасында жоғары өтімді корпоративтік облигациялардың белсенді нарығының болмауына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары бойынша мәмілелердің жеткіліксіздігіне байланысты, Топ есептік дисконт мөлшерлемесі ретінде өтеу мерзімдері активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелердің күтілетін мерзіміне сәйкес, елдік тәуекелді және Қазақстан Республикасының инфляция деңгейін ескере отырып түзетілген АҚШ-тың мемлекеттік қазынашылық облигациялары бойынша тәуекелсіз мөлшерлемесін пайдаланады.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелерге арналған резервтің теңгерімдік құны 33.688.837 мың теңгені құрады (2019 жылғы 31 желтоқсанда: 27.780.887 мың теңге) ***(27-ескертпе)***.

Залалды жою кезіндегі шығындарды бағалау табиғатты қорғау талаптарындағы және заңнаманы түсіндірудегі әлеуетті өзгерістерге ұшырайды. Сондай-ақ, мұндай шығындарды бағалау кезіндегі айқынсыздықтар балама таңдаулардағы, бұзылған жерлерді жою мен қайта қалпына келтіру әдістеріндегі, дисконт деңгейлері мен инфляция мөлшерлемесіндегі және осы міндеттеме күшіне енетін кезеңдегі әлеуетті өзгерістерді қамтиды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелердің маңызды болжамдарының өзгерісіне сезімталдықты талдау келесідей берілген:

Мың теңгемен	**Мөлшерлеменің (төмендеуі)/өсуі**	**Міндетемелердің (төмендеуі)/өсуі**
Дисконттау мөлшерлемесі	–0,5%	2.270.872
	+0,5%	(2.116.743)
Инфляция мөлшерлемесі	–0,5%	(2.149.147)
	+0,5%	2.285.660

Жеткізушілерге берілген алғытөлемдердің құнсыздануы бойынша резервтері

Топ жеткізушілерге берілген ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді алғытөлемдердің құнсыздануына қатысты резервтерді мойындады. Резервті бағалау кезінде мердігерлердің қызметіндегі бұрынғы және күтілетін нәтижелер есепке алынды. Экономикадағы, саладағы және нақты сипаттамалардың өзгерістері шоғырландырылған қаржы есептілігінде ескерілген резервтерге әсер етуі мүмкін.

2020 және 2019 жылдардағы 31 желтоқсанда осы резервтер сәйкесінше, 811.543 мың теңге және 742.567 мың теңге сомасында қалыптасты *(10 және 13-ескертпелер)*.

Қаржылық активтер бойынша резервтер

Топ дебиторлық берешек және кредиттік мекемелердегі қаражаттар (ақша қаражаттары және олардың баламалары, банк салымдары) бойынша күтілетін несиелік залалдарға резервтер құрайды.

